

Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбекова

САУАТ АШУ

Оқыту әдістемесі

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі ұсынған



Алматы «Атамұра» 2016

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.268.1 Қаз
Ж 81

Жұмабаева Ә.Е.

Ж 81 Сауат ашу. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған/Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016. – 192 бет.

ISBN 978-601-306-613-4

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.268.1 Қаз

ISBN 978-601-306-613-4

© Жұмабаева Ә.Е.,
Оспанбекова М.Н., 2016
© «Атамұра», 2016

ТҮСІНІКТЕМЕ

Құрметті мұғалім! Қолыңыздағы кітапша – жаңартылған білім мазмұнына сай үлгіленген «Сауат ашу. 1-бөлім» оқулығының әдістемелік құралы.

6 жасар баланың сауатын ашу – олардың физиологиялық-психологиялық ерекшеліктеріне негізделе отырып жүзеге асырылатын, баланың ойын әрекетінен оқу әрекетіне өтуін қамтамасыз ететін үдеріс. «Сауат ашу. 1-бөлім» оқулығы бойынша балалардың алты жастан бастап сауатын ашу жүйесі:

- 1-сыныптың тұтасымен сауат ашуға берілуімен;
- оқу мен жазу жұмыстарының кіріктірілуімен;
- сауат ашудың кезеңдерге бөлінуімен, т. б. ерекшеленеді.

«Сауат ашу. 1-бөлім» оқулығындағы бұл ерекшеліктер заманауи мектепте сауат ашу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелерімен үйлесімді сабақтасқан.

Сауат ашу үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелерін білім берудің классикалық негізі ретінде алынған *құндылықтық-бағдарлық, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағдарлық, коммуникативтік және белсенді іс-әрекеттік тәсілдемелер* құрайды. Бұл тәсілдемелер «Сауат ашу» пәнінің түбегейлі жана құрылымын құрудың және оқу мақсаттары жүйесі мен білім беру үдерісі нәтижелерінің басымдылығын арттырудың негізгі бағдарлары болып табылады.

Сауат ашу үдерісін ұйымдастырудың барлық инновациялық тәсілдемелері оқытуды білім, идеялар және іс-әрекет тәсілдерімен белсенді түрде алмасуды көздейтін оқушының шынайы шығармашылық үдерісіндегі қарым-қатынас моделіне айналдырады.

Белсенді іс-әрекеттік тәсілдеме – нәтижеге жеткізетін ең тиімді тәсілдеме, өйткені адамның жадында бірінші кезекте тек өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасағаны ғана қалады. Бұл айтылғандарды қытай ғұламасы Конфуцийдің «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін» деген тұжырымы нақтылай түседі. Демек бұл тәсілдемедегі «не білу» емес, «*не жасай білу*» «Сауат ашу» пәні тапсырмалар жүйесін түзудің негізгі қағидасы болып табылады.

Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді.

«Сауат ашу» оқулығын құрастыруда іргелі білімге емес, осы білімді іздену дағдыларына (*ойлау, оқу, сөйлеу, талқылау, жазу, пікірлесу, пікір таластыру*) үйрету ұстанымын басшылыққа алу ескерілді. Сонымен бірге оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастыруда күтілетін нәтижеге бағдарланған оқу мақсаттарының жүйесі негізге алынды.

Оқулық негізіне төмендегідей авторлық қағидалар басшылыққа алынды:

- лексикалық тақырыптар аясында қазақ тілі фонетикасы, лексикасы, грамматикасы мен пунктуациясы туралы бастапқы түсініктерін және дұрыс жазу дағдыларын қалыптастыру;
- айтылым, тыңдалым, жазылым және оқылым дағдыларын қалыптастыру;
- сөйлеу және қарым-қатынас жасау мәдениеті нормаларын сақтауға дағдыландыру;
- оқушылардың тілін, ойлау, талдау, талқылау, салыстыру қабілеттерін дамыту;
- сөздік қорын байыту және белсендіру, байланыстыра сөйлеу тілін дамыту;
- туған тіліне, тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру;
- оқушылардың қимыл, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық белсенділіктерін дамыту;
- алған тілдік білімі мен дағдыларын жеке қарым-қатынас тәжірибесінде, күнделікті өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету.

Оқулық тапсырмалары мен материалдары «Сауат ашу» оқу бағдарламасында көрсетілген *оқу мақсаттарына сәйкес түзілді*: тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну; мәтіннің тақырыбы мен

негізгі ойын анықтау; тыңдалған материалды мазмұндау; оқиғаны болжау; түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану; тыңдаушының назарын аудару; тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту; берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту; сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту; оқу түрлерін қолдану; оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну; мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну; мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу; мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау; дыбыс пен әріпті тану және ажырату; мәтінді түрлі формада құрастыру; түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу; жоспар құру; оқыған/тыңдаған материалдың мазмұнын жазу; каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау; орфографиялық нормаларды сақтау; грамматикалық нормаларды сақтау; пунктуациялық нормаларды сақтау.

Өтілгелі отырған жаңа ұғым, түсінік мұғалім тарапынан жариялана салмай, оқулық кейіпкерлері Әли мен Мерейдің диалогтік сөйлесуі арқылы төмендегідей жүйеде берілді:

- проблеманың қойылуы және оны оқушылардың мұғаліммен бірге талдауы;
- оқушылардың өздіктерінен тілдік құбылыс туралы қорытынды жасауға немесе ереже шығаруға ұмтылуы;

- оқушылардың қорытындысын оқулықтан нақтылауы;

- берілген білімді іс жүзінде бекіту (әртүрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындау).

«Сауат ашу. 1-бөлім» оқулығының мазмұны, яғни оқу мен жазу кіріктіріліп (интегративті) берілді. Оқушының әрекетіне басымдылық беріліп, оқулық әдістемелік аппаратынан іздену, шығармашылық мазмұндағы тапсырмалар орын алды.

«Сауат ашу. 1-бөлім» оқулығында әліппеге дейінгі, әліппе кезеңдерінің материалдары берілген. Бұл кезеңдер I тоқсанда басталып, III тоқсанмен аяқталады. Мұғалім сағат санын екі кезең бойынша сыныптағы оқушылардың оқу мақсаттарын меңгеруіне, әр кезеңнің міндеттерін жүзеге асыруына орай еркін жоспарлай алады.

Оқулықтың әліппеге дейінгі кезең материалдары 30 сағатқа (5 аптаға) жоспарланып, оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру; фонематикалық есту-тыңдауын дамыту; дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру; сызба-модельдерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (баяу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу); ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін дамыту; ауызша, жазбаша тілін дамыту мазмұнында қарастырылды.

Әліппе кезеңінің материалдары арқылы оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту; фонематикалық есту-тыңдауын дамыту; дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру; әліпби әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп және кіші әріпті ажыратуға үйрету; тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту; біртіндеп сөзді тұтас, дұрыс, түсініп оқуға дағдыландыру; әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру мүмкін болады.

Оқулықта оқушыға берілетін жаңа ұғым, түсінікті бағдарламалық *лексикалық тақырыптар* («Өзім туралы», «Менің мектебім», «Менің отбасым және достарым», «Бізді қоршаған әлем», «Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті») аясында таныту көзделген. Мәселен, А дыбысы мен әрпі берілген бетте «Менің мектебім» лексикалық тақырыбы бойынша материалдар сұрыпталған. Оқулық кейіпкерлері Әли мен Мерейдің мектепке саяхат жасауы диалогтік сөйлесу (сұхбаттасу) арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге «тыңдалым», «айтылым», «оқылым», «жазылым» шартты белгілерімен берілген тапсырма-материалдар бағдарламадағы білім мазмұнына сәйкес оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру мақсатын көздеп берілгенін байқауға болады.

Оқулықты құрастыруда оқу мақсаттарының жүйесін жүзеге асыру басты нысан ретінде алынып, тапсырмалар мен тыңдау, оқу, жазу материалдары «Сауат ашу» оқу бағдарламасындағы ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген *оқу мақсаттарына сәйкес түзілген*. Мәселен, А дыбысы мен әрпі берілген бетте Әли мен Мерейдің диалогтік сөйлеу материалы «1.6 Тыңдаушының назарын аудару» дағдысын қалыптастырудың ерекше құралы бола алады. Әлидің диалогтік сөйлеуінде берілген «– Мерей, мектеп алдындағы ағаш жаққа қарашы! Біздің сыныптағы Марғұлан «А-а-а!» деп қашып келеді. Не болды екен?» деген сөздер оқушыларда «не болды?» деген таңғалысты тудыруы мүмкін. Бұндай тапсырма түрі, сөзсіз, оқушылардың назарын аударып, сабаққа деген қызығушылықтарын тудырады.

Сонымен қатар өтілгелі отырған жаңа ұғым, түсінік мұғалім тарапынан жариялана салмай, балалардың *өзіне байқататын, одан қорытынды шығартатын, жаңа тақырыпқа «көпір» жасайтын* тапсырма-материалдар арқылы берілген. Мерейдің «Не болғанын төмендегі суреттерден көре аламыз» деген сөздерінің және екі сюжеттік суретке сәйкес сөйлемнің суретті сызба моделінің берілуі бұған дәлел бола алады. Әліппе кезеңінің алғашқы сабағында-ақ (А дыбысы мен әрпін таныту) оқушылар суретті сызба моделдің көмегімен «Ара шақты. Марғұлан «А-а-а!» деп қашты» мәтінін «оқитын» болады. Бұндай тапсырма-материалдар оқушының оқу дағдысын қалыптастырады. Дыбыстық талдау-жинақтау әдісін қолдануды қажет етеді: талдау тәсілі бойынша сөйлеуден (Ара шақты. Марғұлан «А-а-а!» деп қашты) – сөйлемді, сөйлемнен – сөзді, сөзден – буынды, буыннан – дыбысты бөліп алуға, жеке дыбыстарды әріптермен таңбалауға мүмкіндік жасалып, оқуға негіз қаланып, берілген сөздердегі жеке дыбыс бөліп қарастырылады. Демек, авторлар соңғы суреттегі Марғұланның «А-а-а!» деген дыбысына оқушылардың назарын аударту арқылы оның созылып, әндетіп айтылатындығын байқата алады.

«Тыңдалым» материалында берілген *«табиғи дыбыстарға»*, яғни баланың дыбыстауына (А-а-а!), желдің үілдеуіне (у-у-у...), шар ауасының шығуына (ш-ш-ш...) , жыланның ысылдауына (с-с-с...), күшіктің ырылдауына (р-р-р... т.б.) оқушының назарын аудартып, соларды айтқызу арқылы өтілетін жаңа дыбысты меңгерту өте тиімді жол екені байқалады.

Оқулықта оқушы әрекетінің басымдылығына, *зерттеу әрекетіне, шығармашылық әрекетіне* мән берілген. Мысалы, Р дыбысы мен әрпін өту барысында «Күшік қандай дыбыс шығарды? Сен осы дыбысты айтып көр»; Л дыбысы мен әрпінде «Мен қанша доп кіргіздім? Ізденуді ұйымдастыр. Төмендегі оқитын сөздерінің саны сұрақтың жауабы болады», «Сұрақтардың жауабын дереккөздерден ізде», «Бірің – көжек, екіншің кірпі болып ойнауға дайындал», «Мультфильмді қалай аяқтар едің?», т.б. тапсырмалар оқулықта жиі кездеседі.

«Тыңдалым» материалы ретінде берілген мәтінде жаңа өтілетін дыбыс не сөздер қарамен берілген. Бұл оқушының жаңа сөздерді тез аңғарып меңгеруіне, сол сөздерді өздігінен оқуына мүмкіндік береді.

Оқулықта оқушылардың *оқу дағдысын қалыптастыруға ерекше орын берілген*. Әліппеге дейінгі кезеңде сөйлеу, сөйлем, сөз, буын, дыбыс сызбаларын «оқу» материалдары берілсе, әліппе кезеңінде өтіліп отырған әріп сөздері буындап, тұтастай оқу және жаңа сөздер перспективті қатармен (су асу сау асау сан сана су суат) беру әдістемелік ерекшелігі сақталады. «Оқылым» шартты белгісімен сөз, сөйлем, мәтіндер оқуға берілді.

Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында түзілген «Сауат ашу» оқу бағдарламасында: «Жалпы білім беру ұйымдарына (мектеп, гимназия, лицей, т.б.) арналған оқу бағдарламасы мақсаттарының бірі және бірегейі – түрлі әлеуметтік топтармен тіл табысуға қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелеу. Осы мақсатқа жету үшін ынталандырушы және белсенді тілдік орта құра отырып, қажетті қатысымдық дағдыларды дамыту керек» делінген. Демек, 1-сынып оқушысының бойында қатысымдық дағдыларды қалыптастыруда тыңдалым әрекетінің алатын орны зор. Бала тілді алдымен тыңдап, құлағын үйретеді, қайталап айтады, сөз мағынасын түсіне бастайды, уақыт өте келе тілдік қоры байып, сөйлей бастайды, оқиды және жазады.

Бастауыш мектептің «Сауат ашу.1-бөлім» оқулығы бойынша дайындалған ұнтаспа материалдары 1-сынып оқушыларының тыңдалым дағдысын қалыптастыру мақсатын көздейді.

Аталмыш ұнтаспада сауат ашудың әліппеге дейінгі және әліппе кезеңдеріндегі 39 сабақтың тыңдалым мәтіндері лексикалық тақырыптар («Өзім туралы», «Менің мектебім», «Менің отбасым және достарым», «Бізді қоршаған әлем», «Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті») аясында беріледі.

Оқулық тапсырмаларымен сәйкес берілген ұнтаспа материалдары оқушылардың тыңдағанын түсінуіне, тыңдаған мәтіні бойынша сөйлеуіне және парталас досымен сұхбатқа түсуіне мүмкіндік береді. Мәселен, 3-сабақта «Кел, танысайық!» тақырыбы бойынша берілген мәтін тыңдатылып, мұғалімнің көмегімен оқулықта берілген сұрақ-тапсырмалар орындалады. Бір ескеретін жай, №4, 8, 33, 36, 43, 47, 49, 50, 72, 74, 88, 89-сабақтардың оқулықтағы және ұнтаспадағы тыңдалым нұсқаларының арасында сәл алшақтық бар. Мысалы, №33 сабақ бойынша оқулықта берілген «Сондықтан оны Негеш дейді» сөйлемі ұнтаспада «Сондықтан ол Негеш деп аталып кеткен» боп оқылады. «Ол сендерден төмендегі сұрақтардың жауабын табу үшін көмек сұрайды» сөйлеміндегі «төмендегі» сөзі оқулықта «мына» сөзімен берілген. №72 сабақ бойынша ұнтаспадан тыңдатылатын өлең – «Менің отбасым». Оқулықта берілгені де – «Менің отбасым» өлеңі. Бір ескеретіні, оқулықта берілген тыңдау материалын мұғалім өзі мәнерлеп оқып беруі қажет.

Сонымен қатар ұнтаспадағы тыңдалым мәтіндері мұғалім тарапынан оқушының өз пікірін білдіру біліктілігін бағалауды ұйымдастыруына мүмкіндік береді. «Маған ұнайтын өлеңдер» тақырыбы бойынша тыңдалған материалдардың мазмұны туралы оқушылар өз пікірін білдіреді, яғни оның қызықты, қызықты емес екенін айтады. Мәселен, 10-сабақта Ы. Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!» өлеңі тыңдатылып, оқулық кейіпкері Әлидің «Бұл – Ыбырай Алтынсариннің балаларды оқуға шақырған өлеңі. Осы өлең маған ұнайды» деп айтқан пікірі оқып беріледі. «Ал саған қандай өлең ұнайды?» сұрағын барлық оқушыларға қойып, әр оқушының пікірін тыңдау ұйымдастырылады. 9-сабақта екі өлең қатар тыңдатылып, олардың қайсысы неліктен ұнағанын сұрау баланың сөйлеуіне, ішкі сезімін жеткізуіне түрткі болады.

Ұнтаспадағы тыңдалым материалдары оқушыларды ізденуге ұмтылдырады. Мәселен, 33-сабақта ұнтаспадан Негештің кім екені, не үшін сыныпқа келгені туралы мәтін тыңдатылады. Негеш төмендегі сұрақтардың жауабын табуға оқушыларды көмекке шақырады: «Дүниедегі ең жақын адам кім?», «Ең қажетті ас қалай аталады?» Мұғалім оқушылардың ізденуін ұйымдастырып, бұл қандай сөздер екенін таптырады (ана, нан).

Әліппе кезеңіне берілген кейбір тыңдалым материалдары арқылы жаңадан өтілетін дыбыстар, сөздер аңғартылады. Мәселен, 39, 47, 50, 52-сабақтардың тыңдалым мәтіндеріндегі желдің үілдеген «у-у-у», жыланның ысылдаған «ыс», желі шыққан шардың «ыш» дыбыстарына назар аудартылып, жаңа «у», «с», «ш» дыбыстарымен таныстырылады.

Оқушының тыңдаған мәтінінің мазмұнын дұрыс түсінуінде мәнерлеп оқудың алатын орны зор. Алайда бастауыш сынып мұғалімдерінің бәрі дерлік өз деңгейінде мәтінді мәнерлеп оқи алмайды. Дауыс қарқыны, күші, ырғағы сақталмайды, фразалық, логикалық екпіндер дұрыс қойылмайды, логикалық, психологиялық, грамматикалық кідірістер дұрыс жасалмайды. Сол себепті сауатын енді ашып жатқан 1-сынып оқушысы мұғалім тарапынан оқылған мәтінді бірден түсінбейді. Демек, диктор арқылы ұнтаспаға жазылған тыңдау мәтіндерінің оқушының тыңдалым дағдысын қалыптастырып, дамытудағы рөлі зор.

Оқулық материалдарын оқу/оқыту төмендегі жұмыс түрлері арқылы жүзеге асырылады (практикалық түрде):

- 1) бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, бүкіл сыныппен);
- 2) жеке және бірлескен ізденіс пен зерттеу жұмыстары;
- 3) жағдаяттық және рөлдік ойындар;
- 4) дереккөздермен жұмыс жасау (кітап, интернет, құжаттар, мұражай);

5) шығармашылық жұмыстар.

Сауат ашу сабақтарында интербелсенді әдістерді қолдану бастауыш сынып оқушыларының мүмкіндіктерін ашып, қызығушылықтарын арттырады, белсенділіктерін дамытады.

Интербелсенді әдістер арқылы оқушылар сабақ үстінде еркіндікте болып, бір-бірімен тығыз танымдық, қатысымдық байланысқа түседі және осы арқылы бір-бірін үйретеді. Интербелсенді сөзінің өзі (латынша interaction – интеракция, яғни өзара әсер ету) өзара әсер ету дегенді білдіреді. Бастауыш оқыту үдерісінде қолданылатын интерактивті әдістер оқушылардың сабақта белсенді іс-әрекеттер жасап, оқу материалын өзара бірлесіп шешуіне мүмкіндік жасайды.

Интербелсенді әдістер арқылы өтілетін сауат ашу сабақтарында оқушылардың белсенділігін қимыл, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық тұрғыдан арттыру көзделеді. Бастауыш сынып оқушыларының қимыл, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық белсенділіктерін арттыру жолдарын төмендегіше жүйелеп көрсетуге болады:

1) оқушылардың *қимыл* белсенділігін арттыру жолдары: оқушының түсінбеген жерінен орнынан тұрып, екінші оқушыдан еркін сұрауы; жақсы оқитын оқушының өз тобындағы нашар оқитын оқушыға үйретуі; оқушылардың өз топтарында тапсырма бойынша бір-бірімен сөйлесіп, ақылдасып отыруы; олардың тапсырманы орындап болғаннан кейін өзара тексерісуі;

2) оқушылардың *әлеуметтік* белсенділігін арттыру жолдары: олардың өзара оқушы-оқушы не мұғалім-оқушы, оқушы-мұғалім түрінде бір-біріне сұрақтар беруі; сабақта өзара пікірлесіп отыруы; қарсы топ оқушыларының қиын сұрақтарға жауап беру еркіндігінің болуы;

3) оқушылардың *танымдық* белсенділігін арттыру жолдары: олардың қарсы топтың пікіріне өзіндік көзқарасын білдіруі; келіспеген жағдайда өзінің көзқарасын дәлелдеуі; өз тобындағы жолдастарының сөзіне қосылатындығы жөнінде өз пікірін білдіруі;

4) оқушылардың *қатысымдық* белсенділігін арттыру жолдары: сабақ барысында оқушылардың бір-бірімен еркін тілдік қатынаста болуы; жауаптарын бірге жоспарлауы; сөйлейтін сөздерін нақты әрі қысқа жеткізуі; айтар ойларын әсерлі бере білуі; сөйлеушінің жаргон, диалект сөздерден таза болуы.

Интербелсенді әдістер қолданылған сабақтарда сыныпты екі немесе үш, төрт ұялы топтарға бөліп, барлығына бірдей бір тапсырма не әр ұялы топқа бөлек-бөлек тапсырма беруге болады.

Оқыту тәжірибесінің барысы пікірталасқа негізделген және оқыту үдерісінде қолданылатын дидактикалық ойындар сияқты интербелсенді әдістерді пайдалану тиімді екенін көрсетеді. Соның ішінде дидактикалық ойындар оқушылардың білім алуға деген ынтасын, белсенділігін арттырып, алған білімдерін тәжірибеде дұрыс қолдануына көмектеседі. Ойын барысында оқушылардың бойында жағдаятты (ситуацияны) бағдарлау, яғни жағдайға талдау жасай білу, жағдаят (ситуация) кезінде өзінің атқаратын рөлін сезіну, әңгімеге қатысушы әріптестері арасында байланыс орнату, қарым-қатынас жасауда тілдік ұғымдарды дұрыс пайдалана білу сияқты қабілеттері жетілетіндігі байқалады.

«Маршрут» ойыны. Бұл ойын чайнворд ұстанымы бойынша жүреді. Чайнворд (ағыл. chain – шынжыр және word – сөз) бас қатыру есебі – ойланып табылған сөздің әріптерін, алдыңғы сөздің соңғы әрпі, кейінгі сөздің алдыңғы әрпі болып табылатындай етіп, бірінің соңына бірі тізбектеле орналасқан торкөздерге сөздер толтырады. Мысалы, Алматы – ыдыс – сабын – нар – рақмет – тарақ – қарбыз, т.б.

«Екі әріп» ойыны. Бірінші қатысушы бір сөз – зат есімді айтады. Келесі қатысушы сол сөздің соңғы екі әрпінен келетін сөзді ойлап табады, бірақ дауыстап айтпайды, тек өз сөзімен түсіндіреді, үшінші қатысушы мұның не туралы айтып жатқанын түсінеді де, сол сөздің соңғы екі әрпіне сөз ойлап табады. Бір қызығы, балалар сөзді жасырушының не туралы айтып жатқанын біледі, бірақ ешкім оны дауыстап айтуына болмайды.

«Екі ассоциация» ойыны. Екі баған сызады да, оған төрт сөзден жазады. Бағанға кез келген адам, жануар, заттардың атын жазады. Осы екі жақтағы сөзді байланыстырып, ерекше бір ассо-

циация ойлап табуы керек. Мысалы, егер бірінші бағанға мысық, екіншісіне жарық деп жазылса, екі сөзді қосып «жарыққа жылынған мысық», «лампочка спиралы мысық мұртына ұқсайды», «лампочка сияқты» мысық томпақ және жылы», «мысықтың басы лампочка сияқты», т.б. ерекше ұқсастықтар табады. Орындауға 5 минут уақыт беріледі. Жазғандардың ішінен ең қызықты ассоциация таңдалады.

«Қара жәшік» ойыны. Оқушылар екі топқа бөлінеді. Үстел үстіне екі жәшік қойып, ішіне көзілдірік, түйме, гүл, желпуіш, айна, т.б. заттарды салады. Ойыншының міндеті жәшік ішіндегі затты өмірде қай кезде, қалай қолданатынын сипаттап айтуы керек. Қарсы топ олардың жасырып отырған затын айтқан сөздеріне қарап табуы керек.

«Дұрыс-дұрыс емес» ойыны. Ойынға қатысушыларды екі топқа бөледі. Оларды бір-біріне қарама-қарсы отырғызған дұрыс. Ортаға бос екі орындық қояды. Бір орындық «дұрыс» дегенді білдірсе, екінші орындық «дұрыс емес» дегенді білдіреді. Мұғалім немесе бір оқушы қағазда жазылған ой-тұжырымды оқиды: **Ы.** Алтынсарин – алғаш мектеп ашушылардың бірі». Бұл тұжырымды дұрыс деп санаса, олар тез барып «дұрыс» орындығына отыруы тиіс. «Дұрыс емес» деп санаса, соған сәйкес белгіленген орындыққа отырады. Қайсысы бірінші барып отырса және жауапты дұрыс тапса, сол жеңімпаз болады.

«Жолға шығу» ойыны. Ойын айналадағы заттарға талдау жасауға мүмкіндік береді. «Жолға шыққан жолаушы қандай заттарды алады?» деген сұрақ қойылады. Бір топ керекті заттар тізімін айтады, екінші топ ол заттар не үшін қажет екенін айтып беруі керек.

«Кемпіркосақ» ойыны. Бір минут ішінде түстері әртүрлі бес түсті затты ретімен тез айтып шығуға тапсырма береді. Мысалы: қарбыз (қызыл), лимон (сары), аспан (көк), жапырақ (жасыл), топырақ (қоңыр). Кімде-кім түске сәйкес заттың атын таппай қалса, ойыннан шығады.

«Еске түсіру» ойыны. Қатар отырған оқушылар бір-біріне теріс қарап отырады да, парталасының аты кім, көзінің түсі қандай, киімі қандай, аяқ киімі қандай, егер қыз бала болса, белдемшесінің түсі қандай, құлағында сырғасы бар ма, осы сияқты белгілерді айтып шығады. Бұл ойын балалардың бір-бірін жақсы тануға, қарым-қатынасын реттеуге көмектеседі. Балалардың есте сақтау қабілеті, бақылағыштығы жақсарады.

«Сауат ашу» пәнінің мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді.

«Сұрақтар жанбыры»

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сұрақ қою және сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушылар топтарға өз еркімен, қалауымен бөлінеді. Әр топ параққа сұрақтар жазып, бір-біріне лақтырады. Алған сұрақтарына жауап жазып, кері лақтырады. Жауап жазылған парақты қағып алған ойыншы, сол жауаптан сұрақ тудырып, ары қарай лақтырады. Ойын осылай жалғаса береді.

«Суретті әңгімеле»

Ұйымдастыру: барлық сыныппен, жұппен жұмыс.

Мақсаты: бір бөлігі берілген сурет бойынша әңгімелету, суреттегі оқиғаның басын және соңын болжату арқылы тапқызу.

Қажетті материалдар: сериялы суреттер.

Сипаттамасы: оқушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады. Оқушылардың өз әңгімелері тыңдалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі.

Оқушылар өздері құраған әңгіме мен әңгіменің шынайы сюжетін салыстырады. Оқушыларға әңгімедегі негізгі ойды табу тапсырылады.

«Әңгімеге негізделген жазу»

Ұйымдастыру: топпен/жұппен жұмыс.

Мақсаты: әңгіме желісі бойынша орындалған жұмысты топтарда немесе жұптарда талқылай отырып жазу; әңгіме туралы өз ойларын ортаға салу және пікір алмасу.

Қажетті материалдар: ақ парақтар, қалам.

Сипаттамасы: берілген әңгіме бойынша шақыру қағазын, хат, ашық хат, электрондық хат, күнделік жаздыру үшін оқушылар шағын топтарға немесе жұптарға бөлінеді. Оқушылар берілген жұмыс түрлерінің бірін таңдайды немесе жеребе арқылы анықталады. Жазу уақыты белгіленіп, оқушыларға ескертіледі. Әр топта немесе жұпта бір хатшы сайланады. Оқушылар не жазатындырын талқылап, бір-бірімен пікір алмасады. Жазып біткеннен кейін олар өз жұмыстары төңірегінде ой бөліседі.

1. Шақыру қағазы

Оқушылар мазмұны кеш, туған күн немесе басқа да мерекелер туралы айтылған әңгімені тыңдағаннан кейін шақыру қағазын жазады.

2. Хат

Оқушылар әңгіме кейіпкерінің атынан хат жазады.

3. Ашық хат

Оқушылар әңгіме кейіпкерінің атынан кейіпкердің ата-анасына хат жазады.

4. e-mail

Оқушылар әңгіменің бір кейіпкеріне электрондық хат жазады.

«Детектив»

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау, көшбасшылық дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: Оқушылар екі топқа біріктіріледі. Екі топқа да шытырман оқиғалы мәтін шағын бөліктерге бөлініп, қима қағаздарға жазылып беріледі. Олар 15 минут ішінде осы мәтіндегі шытырман оқиғаның шешімін табуы тиіс. Әр топ өз шешімдерін айтады. Қандай тәсілмен анықтағандары талқыланып, ақпараттармен жұмыс істеу туралы ой бөліседі.

«Коллаж әңгіме»

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдыларын дамыту.

Сипаттамасы: оқушыларға түрлі түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады.

«Менің сөзім»

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сабақта алған білім, білігін бағалау.

Сипаттамасы: сыныптан бір оқушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады.

«Жағымды, жағымсыз, даулы»

Ұйымдастыру: топпен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың сыни ойлау, талдау дағдыларын дамыту, сабаққа қызығушылықтарын арттыру.

Сипаттамасы: оқушылар шағын топтарға біріктіріледі. Әр топ оқылған әңгімені немесе мәтінді «жағымды, жағымсыз, даулы» мәселелерге бөліп, талқылап, өз ойларын (идеяларын) айтады. Содан кейін әр топқа тек бір мәселені бөліп беріп, олар үлкен топқа өз ойларын (идеяларын) ұсынады, ал басқа топтар толықтырып немесе қарсы пікірлер айтуына болады.

«Here? Here? Here?»

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: орындалған тапсырмалардың түйінді тұстарымен ой бөлісу және оқушылардың рефлексиялық ойлауын дамыту.

Сипаттамасы: Оқушылар шеңбер бойымен тұрады. Жүргізуші осы сабақта не үйренгенін айтады және соңғы сөйлемін «неге?» деген сұрақпен аяқтайды. Келесі оқушы сол сұраққа жауап беріп, қасындағы әріптесіне «неге?» деген сөзі бар сұраулы сөйлем айтады. Келесі ойыншылар да осы әрекеттерді тізбек бойынша жалғастырады. Ойынның соңында оқушылар орындалған тапсырмаларды еске түсіріп, олардың түйінді тұстарымен ой бөліседі.

«Қол белгісі»

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту.

Сипаттамасы: Мұғалім оқушылардан тақырыпты түсінгендігін немесе түсінбегендігін қол белгілері арқылы көрсетуді сұрайды. «*Мен түсініп отырмын және түсіндіре аламын*» дегендер қолдың бас бармағын жоғары бағыттайды. «*Мен әлі түсінбей отырмын*» дегендер қолдың бас бармағын жанына қарай жантайтады. «*Мен түсінгеніме сенімді емеспін*» дегендер қолды бұлғайды.

Осы белгілерге сүйеніп, мұғалім сабақтың қай деңгейде өткенін біле алады.

«Бағдаршам»

Ұйымдастыру: ұжыммен жұмыс.

Мақсаты: оқушылардың рефлексиялық қабілетін дамыту.

Сипаттамасы: Әрбір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратылады. Мұғалім олардан сабақты түсінген-түсінбегеніне сәйкес карточкаларды көтеруін сұрайды. Жасыл карточка көтерген оқушылар барлығын түсінген болып есептеледі. «Не түсіндің?» сұрағы қосымша қойылады. Сары және қызыл карточка көтергендерден не түсініксіз болғаны айқындалып, тақырып төңірегінде қосымша жұмыстар жүргізіледі.

Бұл жүйе арқылы тақырыпты пысықтауға немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.

Пән мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. Әр бөлім өз кезегінде әрі қарай бөлімшелерге бөлінген. Бөлімшелерде **оқу мақсаттары** белгіленген, олар білім немесе түсінік, дағды немесе білік бойынша күтілетін нәтижелер түрінде берілген. Әрбір кіші бөлімшенің ішінде бірізділікпен орналастырылған және сол арқылы мұғалімге өз жұмысын жоспарлауға, оқушылардың еңбегін бағалауға оқытудың келесі кезеңі туралы ақпараттандыруға мүмкіндік беретін оқу мақсаттары бірізділікпен орналастырылған.

ОҚУЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ КҮНТІЗБЕЛІК ҮЛГІ-ЖОСПАРЫ

(Барлығы – 150 сағат, аптасына – 6 сағат)

№	Тақырыптар	Сағат саны
1	Өзім туралы	
2	Сәлем саған, мектебім! Сөйлеу	1
3	Оқушымын мен енді! Сөйлеу	1
4	Кел, танысайық. Осы менің туған елім! Сөйлем	1
5	Сыныптағы танысу. Сөйлем	2
6	Оқу құралдарымен таныс болайық. Сөз	1
7	Әдептілікке үйренейік. Сөз	1
8	Маған ұнайтын өлеңдер. Сөз.	3
9	Маған не ұнайды? Буын	2
10	Мен жақсы көретін жан-жануарлар. Буын	2
11	Мен ұнататын жыл мезгілі. Дыбыс	1
12	Мен ұнататын ертегілер. Дыбыс	1
13	Дыбыстар әлемі несімен ұнайды? Дыбыс	3
14	Мен ақынмын. Дыбыс	2
15	Баспана түрлері. Дыбыс. Сөйлеу	2
16	Өз үйімді сипаттаймын. Дыбыс. Сөйлем. Сөйлеу	3
17	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	4
18	Менің мектебім	
19	Мектебіме саяхат. А дыбысы мен әрпі	2
20	Мектебіме саяхат. Н дыбысы мен әрпі	3
21	Мектеп ауласына саяхат. Л дыбысы мен әрпі	3
22	Мектеп шеберханасына саяхат. Р дыбысы мен әрпі	3
23	Менің мектепке баратын жолым. О дыбысы мен әрпі	2
24	Менің мектепке баратын жолым. Т дыбысы мен әрпі	3
25	Сыныптан тыс уақытта. У дыбысы мен әрпі	3
26	Сыныптан тыс уақытта. Ш дыбысы мен әрпі	2

27	Сыныптан тыс уақытта. С дыбысы мен әрпі	2
28	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	1
29	Менің отбасым және достарым	
30	Менің достарым. Д дыбысы мен әрпі	3
31	Менің сыныптас достарым. Ы дыбысы мен әрпі	3
32	Менің отбасым. М дыбысы мен әрпі	3
33	Менің отбасым. Қ дыбысы мен әрпі	4
34	Менің отбасым. Ұ дыбысы мен әрпі	4
35	Менің отбасым. І дыбысы мен әрпі	4
36	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	1
37	Бізді қоршаған әлем	
38	Мен және табиғат. Е дыбысы мен әрпі	2
39	Мен және табиғат. К дыбысы мен әрпі	3
40	Мен және табиғат. Ү дыбысы мен әрпі	4
41	Мен және табиғат. И дыбысы мен әрпі	3
42	Мен және табиғат. Й дыбысы мен әрпі	2
43	Мен және табиғат. Ғ дыбысы мен әрпі	3
44	Мен және табиғат. Г дыбысы мен әрпі	2
45	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	1
46	Саяхат	
47	Орманға саяхат. ң дыбысы мен әрпі	3
48	Табиғатқа саяхат. Ө дыбысы мен әрпі	4
49	Табиғатқа саяхат. З дыбысы мен әрпі	3
50	Табиғатқа саяхат. Ә дыбысы мен әрпі	3
51	Табиғатқа саяхат. Ж дыбысы мен әрпі	3
52	Табиғатқа саяхат. П дыбысы мен әрпі	3
53	Табиғатқа саяхат. Б дыбысы мен әрпі	3
54	«Х» еліне саяхат. Х дыбысы мен әрпі	2
55	Қаһарлы не, қаһарман кім? һ дыбысы мен әрпі	2
56	Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	1

57	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	
58	Ұлттық кейіпкерлер туралы не білемін? Я әрпі	2
59	Ұлттық кейіпкерлер туралы не білемін? Ф дыбысы мен әрпі	2
60	Кейіпкерлерді сипаттаймын. Ю әрпі	2
61	Кейіпкерлерді сипаттаймын. Ё әрпі	2
62	Ұлттық ойын туралы не білемін? В дыбысы мен әрпі	2
63	Ұлттық ойын туралы не білемін? Э дыбысы мен әрпі	3
64	Ойын ережесі деген не? Ц дыбысы мен әрпі	2
65	Ойын ережесін құра аламын. Щ дыбысы мен әрпі	2
66	Ойын ережесін құра аламын. Ч дыбысы мен әрпі	1
67	Ойын ережесін құра аламын. Ь таңбасы	1
68	Ойын ережесін құра аламын. Ъ таңбасы	1
69	Нәтиже сабақтар	7

Әдістемедегі ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері бойынша әріптік белгілердің мәні төмендегідей:

Ұ = ұжымдық жұмыс (сыныппен)

ОТ = оқушының тәжірибесі

Т = топтық жұмыс

МК = мұғалімнің көрсетуі

Ж = жұптық жұмыс

Қ = қалыптастырушы (формативті) бағалау

Ө = өзіндік жұмыс

Ескерту: «Мұғалімнің сыйы» бағытында ұсынылған тапсырмаларды өз қалауыңыз бойынша қосымша ақпараттар ретінде қолдануыңызға болады.

«Сауат ашу» пәні. 1-сынып

1-бөлім. Өзім туралы

Осыған дейін меңгерілген білім

1-бөлім үйде/мектепке дейінгі ұйымда алынған білім мен дағдыларға негізделеді. Оқушылар әңгімелер мен өлеңдерді, өздерін сипаттайтын кейбір сөздерді біледі деп жоспарланады.

Контекст (мәнмәтін)

Бірінші бөлім оқушылардың өзін жан-жақты таныстыруына және бірін-бірі танып білулеріне мүмкіндік береді. Бұл бөлім материалдары «Дүниетану», «Жаратылыстану» пәндерімен сабақтастық байланыста жүргізіледі. Мұғалім «Өзім туралы» лексикалық тақырыбы негізінде оқушыларды оқу мен жазуға үйрете отырып, олардың тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын қалыптастырады. Бұл, сөз жоқ, белсенді тілдік ортаның құрылуына мүмкіндік береді. Сабақ арасында бастауыш сынып оқушыларын шаршатып алмау үшін сергіту сәтін өткізген дұрыс.

Қысқаша шолу

Бұл кезең материалдарын оқытуға 5 апта (30 сағат) бөлінеді. Бөлімде оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын қалыптастыру; фонематикалық есту-тыңдауын дамыту; дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктерін қалыптастыру; сызба-үлгілерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасау, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату, сөздерді буынға бөлу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу); ойлау, есте сақтау, елестету, қабылдау қабілеттерін және тұрақты зейінін дамыту; ауызша, жазбаша тілін дамыту қарастырылады. «Өзім туралы» атты тақырыптан бастап, өзі, елі, үйі және ұнататын заттары туралы ойларын ортаға салады. Оқушылар ұжымда, топта, жұппен жұмыс жасау барысында бір-біріне сұрақтар қояды және жауап береді, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауды үйренеді, бірігіп өлең шумақтары мен бейкөркем мәтіндер құрастыра бастайды.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер (оқыту әдістемесі бойынша)	Оқыту ресурстары
Өзім туралы				
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну.	1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.	(МК; Ұ; Қ) Тыңдаған немесе көрген материалының мазмұнын зейін қойып тыңдау, түсіну білігін бағалау.	1-сабақ. Сәлем саған, мектебім! Сөйлеу. Оқушылармен сабақ мазмұнын ашатын қосымша материалдармен және оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасаңыз. Оқушының тыңдаған немесе көрген материалының мазмұнын түсіну дәрежесін айқындау үшін сұрақ қою тәсілін қолданыңыз. Сұрақ қысқа да түсінікті, қызғылықты және әдістемелік жағынан дұрыс құрылған болу керек. Балалардың сөйлеу деңгейі сұрақтарға жауап беру кезінде байқалады. Анықталған кемшіліктерді мұғалім әр оқушымен жеке (дифференциалды) жұмыс ұйымдастыруда басшылыққа алуы тиіс екенін есіңізде ұстаңыз.	Оқулық https://www.google.ru/detskie-syuzetnye-kartinki http://www.balalaralemi.kz Әңгімелер
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Ө; Қ) Сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беру, әңгіме құрай алу білігін бағалау.	Алғашқы сабақта <i>Білім күніне</i> арналған сюжетті суретпен жұмыс ұйымдастырыңыз. Мұғалім тарапынан қойылатын сұрақ пен оқушылар жауабынан диалог құрылатынына мән беріңіз. Сұрақтарға толық жауап алыңыз. Мысалы: – Бүгін қандай күн? – Бүгін – білім күні. – Балалар қайда келді? – Балалар мектепке келді. – Оларды кім қарсы алды? – Оларды мұғалім қарсы алды. – Бұл күн сенің өміріңе қандай өзгеріс әкелді? – Мен енді оқушымын.	Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; К) Тақтамен жұмыс жасату. Сызба арқылы сөйлемдер жаздыру. Сызба-үлгілермен жұмыс жасай алу білігін бағалау.	Оқулықта берілген сызба-үлгілермен жұмыс ұйымдастыруда сөйлемнің жеке сөздерден тұратындығы, сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылып, сөйлемнен кейін тыныс белгісі қойылатынын практикалық тұрғыда танытыңыз. Бірнеше оқушыға тақтамен жұмыс жасатып, сөйлемдерді сызбамен жаздырыңыз. Сюжетті суреттерді қолданыңыз.	Оқулықпен жұмыс Тақтамен жұмыс https://www.google.kz/detskie-syuzetnye-kartinki
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.	(МК; Ө; К) Оқулықта берілген сұрақтар бойынша оқиғаны ретімен баяндату, түрлі жағдаяттарда этикет сөздерді қолдану білігін бағалау.	Оқушылардың түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдануын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың сызба арқылы құрастырған мәтін мазмұнын оқулықта берілген сюжетті суретке сүйеніп баяндауына ықпал етіңіз. Тақтаға мәтін құрастыруға негізделген сызбаның үлгісін сызып қойыңыз. Оқушыларға сұрақтар қойып, толық жауап алыңыз. Олардың өзі туралы айтуына ықпал етіңіз. Мысалы: ____—____ ____ . ____ ____ ____ . ____—____ ____ ____ . <i>Бүгін — 1 қыркүйек. Мен мектепке келдім. (Мен енді оқушымын.)</i>	Оқулықпен жұмыс
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаныңыз дұрыс: — дәптер бетіндегі суреттерді бояу; — әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; — заттарды сызықтар арқылы қосу; — үзік сызықтарды бастырып жүргізу;	Тақтамен жұмыс Дәптермен жұмыс

			<p>– әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу;</p> <p>– дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау;</p> <p>– жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру;</p> <p>– әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.</p>	
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну.	1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.	(МК; Ө; Қ) Сөз бен сөйлемді ажырату, сөздің мағынасын, сөйлемнің мазмұнын түсіну білігін бағалау.	2-сабақ. Оқушымын мен енді! Сөйлеу. Оқушылармен сабақ мазмұнын ашатын қосымша материалдармен жұмыс жасаңыз. Өткен сабақтан игерген білімдеріне сүйене отырып, тыңдау және сөйлеу барысында сөз бен сөйлемді ажыратқызып, сөздің мағынасын, сөйлемнің мазмұнын түсінулеріне ықпал етіп, талдау жасатыңыз. Жаңа сабаққа дайындық мақсатында күз мезгіліне байланысты сюжетті суреттермен жұмыс жасаңыз. Сөздерден сөйлем құратыңыз. Оны сызбалар арқылы бейнелетіңіз.	https://www.google.kz детские сюжетные картинки http://www.balalaralemi.kz Әңгімелер
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.	(Ұ; Қ) Тыңдау арқылы және сюжетті суреттің көмегімен мәтінді баяндау, этикет сөздерді қолдана алу білігін бағалау.	1. Тыңдау арқылы және сюжетті суреттің көмегімен мәтінді баяндау, этикет сөздерді қолдана алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Берілген сюжетті суреттерге оқушылардың назарын аудартыңыз. <i>Бұлар қандай бөлмелер? Олар қайда орналасқан? Бұл бөлмелерде балалар не істейді?</i> сұрақтарын қою арқылы баланың мектептегі негізгі әрекетінің оқу екендігін танытыңыз.	Оқулықпен жұмыс
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; Қ) Сызбаның көмегімен берілген сұрақтарға жауап беру білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сызбаның көмегімен сұрақтарға жауап алыңыз. <i>Сынып бөлмесінде отырғандар кімдер? Олар не істейді?</i> сұрақтарына жауап ала отырып, <i>сөз, сөйлем</i> туралы игерген білімдерін пысықтаңыз.	Оқулық

1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(Ұ; МК) Мәліметті мұқият тыңдау, негізгі ойды анықтай алу білігін қалыптастыру.	«Есіңе сақта!» мәліметін оқулықтан оқып беріп, талдау жасатыңыз. Мысалдар арқылы тақтада дәлелдеу жұмыстарын жасап көрсетіңіз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ө; К) Өлең мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалау.	3. Ж. Әбдірашевтің «Күзгі қуаныш» өлеңін аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе оқулықтан мәнерлеп оқып беріңіз. Авторды таныстырыңыз. Өлең мазмұны бойынша оқушыларға сұрақтар қойып, толық жауап алыңыз. Оқушыларға өлең мазмұнынан не түсінгенін өздігінен баяндатыңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулықпен жұмыс
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Сөйлем сызбасын оқу, пунктуациялық нормаларды сақтау, тапсырма бойынша ой қорытып, рефлексия жасай алу білігін бағалау.	Өлеңнің соңғы <i>«Оқушымын мен енді!»</i> сөйлеміне сәйкес сызбаны белгілетіңіз. Дәлелдеу жұмысын жасатыңыз. Сөйлемнің бас әріптен бастап жазылып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісі қойылғанына назар аудартыңыз. Тапсырма бойынша ой қорытып, өз іс-әрекеттеріне көңіл күйді білдіретін «смайликтер» әдісі негізінде рефлексия жасатыңыз.	Оқулықпен жұмыс Смайликтер
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаныңыз дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу;	Тақтамен жұмыс Дәптермен жұмыс

			<p>– дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау;</p> <p>– жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру;</p> <p>– әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.</p>	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ;Қ) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	3-сабақ. Кел, танысайық! Осы менің туған елім! Сөйлем. Оқушыларға балабақшадан игерген білімдеріне сүйеніп, оқулықта берілген сюжетті суреттің көмегімен өз елі туралы білетін ақпараттарын диалог құрау арқылы айтқызып, талдау жасатыңыз. Қосымша материалдарды пайдалану арқылы жаңа мағлұматтар беріңіз. Оқушылардың өздері білетін Отан, туған жер туралы мақал-мәтелдерін, өлеңдерін, тақпақтарын айтуына мүмкіндік беріңіз.	https://www.google.kz детские сюжетные карточки http://www.balalaralemi.kz Әңгімелер Суреттер Мақал-мәтелдер
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ұ; Қ) Мәтін мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалау.	1. Аудио ұнтаспадан немесе оқулықтан мәтінді мәнерлеп, нақышына келтіріп оқып, оқушыларға Әлидің өз елі туралы айтқан әңгімесін тыңдатыңыз. Оқушыларға мәтін мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндатыңыз. Оқушыларға өзінің елді мекені туралы көркемсөз тіркестерін қолдана отырып айтуына мүмкіндік жасаңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулықпен жұмыс
3.4 Оқыған/ тыңдалған материалдың мазмұнын жазу.	1.3.4.1 Мұғалімнің көмегімен оқыған/ тыңдалған мәтіндердегі ақпаратты сурет, сызба белгілер қолданып жеткізу.	(МК; Т; Қ) Сөйлем сызбасын оқу, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасай алу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сызба-үлгілермен жұмыс ұйымдастыруда сөйлемнің жеке сөздерден тұратындығы, сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылып, сөйлемнен кейін тыныс белгісі қойылатынын практикалық тұрғыда танытыңыз. Оқушыларға берілген сызба-үлгінің көмегімен мәтіндегі сөйлемдерді толықтыртып, шағын топта өзінің тұратын мекені жай-	Оқулықпен жұмыс

			лы әңгімелеуіне ықпал етіңіз. Сабақтан алған әсерлерімен ой бөлісіп, өз іс-әрекеттеріне «Қол белгісі» әдісі негізінде рефлексия жасатыңыз.	
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; Қ) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаныңыз дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.	Тақтамен жұмыс Дәптермен жұмыс
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(Ө; Қ) Сюжетті суреттегі негізгі ойды түсінгендігін сұраққа жауап беру білігі арқылы бағалау.	4-сабақ. Сыныптағы танысу. Сөйлем. Оқулығындағы сюжетті суретпен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушыларға сюжетті сурет мазмұны бойынша сұрақтар қойып, оларға жауап алыңыз. Сюжетті суреттегі негізгі ойды түсінгендігін сұраққа жауап беру білігі арқылы бағалаңыз.	Оқулықпен жұмыс
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ұ; Ж, Қ) Мәтін мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалау.	1. Оқушыларға мәтінді аудио үнтаспадан тыңдатыңыз немесе оқулықтан нақышына келтіріп, мәнерлеп оқып беріңіз. Оқушылардың мәтін мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып ретімен баяндауына ықпал етіңіз. Оқушылардың мәтіндегі негізгі ойды анықтауына ықпал	Аудио үнтаспа Оқулықпен жұмыс

			етіп, танысу кезінде не айтқанына талдау жасатыңыз. Оқулықтағы сұхбаттасуға берілген тапсырманың реті сақталынып, оқушылардың бір-бірімен танысуы жұптық тапсырма тұрғысында жүзеге асуына мүмкіндік жасаңыз.	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Ө; Ж; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрациясы бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Оқушылардың ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Көңілді танысу тапсырмасын ұйымдастыру үшін оқушылардың назарын сюжетті суретке аударыңыз. Оқушылар әр шардағы суреттің көмегімен балалардың атын табуы керек. Мысалы: <i>Қарақат, Алматы, Анар</i> . Оқушыларға жұптық тапсырма ретінде өздерінің нұсқасын жасауды ұсынуға болады. Мысалы: <i>Алмагүл, т.с.с.</i>	Оқулықпен жұмыс
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ж; К) Тапсырма бойынша ой қорытып, кері байланыс жасай алу білігін бағалау.	«Сыныптас дос» ұғымының мәнін ашып, сыйластық, достық туралы әңгіме ұйымдастырыңыз. Оқушылардың сыныптас досына өзін таныстыруына ықпал етіңіз. Өзі туралы толық ақпарат берудің қаншалықты маңыздылығына көз жеткіздіріңіз. <i>Адасып кеткен бала, жолда жүру, т.с.с.</i> сюжетті суреттерді қолдану арқылы ой қорытып, кері байланыс жасатыңыз.	https://www.google.kz/detskie-syuzhetnye-kartinki
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық	(Ө; К) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс,	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаныңыз дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу;	Тақтамен жұмыс Дәптермен жұмыс

	талаптарға сай жазу.	көркем жазу білігін бағалау.	<ul style="list-style-type: none"> – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, танбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету. 	
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну.	1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.	(МК; Ө; Қ) Сөз бен сөйлемді ажырату, сөздің мағынасын, сөйлемнің мазмұнын түсіну білігін бағалау.	5-сабақ. Сыныптағы танысу. Сөйлем. Оқушылармен сабақ мазмұнын ашатын қосымша материалдармен жұмыс жасаңыз. Өткен сабақтан игерген білімдеріне сүйене отырып, тыңдау және сөйлеу барысында сөз бен сөйлемді ажыратқызып, сөздің мағынасын, сөйлемнің мазмұнын түсінулеріне ықпал етіп, талдау жасатыңыз. Жаңа сабаққа дайындық мақсатында сыныптас досымен жұмыс жасауға байланысты берілген сюжетті суреттермен жұмыс жасаңыз. Сөздерден сөйлем құратыңыз. Оны сызбалар арқылы бейнелетіңіз. Мұғалімнің сыйы ретінде достық туралы өлеңдер, әңгімелер оқып беріңіз немесе өздеріне айтқызыңыз.	https://www.google.kz детские сюжетные картинки http://www.balalaralemi.kz Әңгімелер Энциклопедия Тақпақтар Суреттер
<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану.</p>	<p>1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.</p>	<p>(МК; Ұ; К) Сөз сызбасын оқып, сөйлем құрастыру білігін бағалау.</p>	<p>22-сабақ. Баспана түрлері. Дыбыс. Сөйлеу. 1. «Не қайда мекендейді?» ойынын ойнату арқылы оқушылардың сөз сызбасын оқып, сөйлем құрастыру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Ойынның шарты бойынша мұғалім сол жақтағы суреттерді буын сызбасы арқылы «оқытады»: <i>еш-кі</i>, т.с.с. Осыдан кейін оның мекен ететін «үйін» оң жақтағы суреттен тапқызып, буын сызбасы арқылы оқытады: <i>қо-ра</i>. Осы сөздермен ауызша сөйлем құратады: <i>Ешкі қорада тұрады</i>. Оқушылардың тақтада ауызша құраған сөйлемдерінің (<i>Ешкі қорада тұрады. Тышқан інде тұрады. Құс ұяда мекендейді.</i>) сызбасын көрсетуіне мүмкіндік беріңіз. Талдау жұмыстарын жүргізіңіз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.4 Оқиғаны болжау.</p>	<p>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның</p>	<p>(МК; Ө; К) Суреттердің көмегімен өзінің қайда тұратынын</p>	<p>2. «Сен қайда тұрасың?» сұрағын қойып, оқулықта берілген суреттерді қалауы бойынша таңдап әңгімелеуіне басшылық жасаңыз. Оқушыларға</p>	<p>Оқулық Киіз үй – YouTube видео Сен білесің бе?</p>

	иллюстрациясы бойынша болжау.	әңгімелеу білігін бағалау.	өздері тұратын үйлері жайлы әңгімелетіңіз. Үш баспананың екеуі (жер үй мен көп қабатты) туралы балалар әңгімелей алады. Мысалы, <i>«Мен көп қабатты үйде тұрамын. Пәтеріміз 5-қабатта орналасқан. Бөлмелеріміз кең әрі әдемі. Менің бөлмеде кереует, үстел, орындық, киім ілетін шкаф, компьютер бар. Мен бөлмедегі таза ұстаймын»</i> . Екінші сурет – киіз үй туралы оқушылар еш нәрсе айтпауы мүмкін. Сондықтан да <i>«Бұл үй қалай аталады?»</i> , <i>«Көргендерің бар ма?»</i> , <i>«Ол неден жасалады?»</i> т.б. сұрақтар қойып, оқушыларды әңгімеге араластырыңыз. Киіз үй туралы ақпаратты балапан бағдарламасының (Киіз үй – YouTube видео Сен білесің бе?) сайтынан көрсетіңіз.	
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін мұғалім төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаны дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.	Дәптермен жұмыс

<p>1.2 Мәтін- нің тақы- рыбы мен негізгі ойын анықтау.</p>	<p>1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.</p>	<p>(МК; Ұ; Ө; К) Мәтінді түсініп, мазмұнын айтып, негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау.</p>	<p>23-сабақ. Баспана түрлері. Дыбыс. Сөйлеу. 1. Мәтінмен жұмысты ұйымдастырыңыз. «Құстың ұясы» әңгімесін аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп, нақышына келтіріп оқып беріңіз. Мәтін тыңдатылғаннан кейін «Әңгіме не туралы?» деген сұрақ қойып, мәтіндегі негізгі ойды анықтатыңыз.</p>	<p>Аудио ұнтаспа Оқулық</p>
<p>1.7 Тыңдал- ған ма- териал бойынша өз пікірін айту.</p>	<p>1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөй- леммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).</p>	<p>(МК; Ө; К) Сұхбаттасу кезінде өзгенің пікірін тыңдау, сый- лау және өз ойын жеткізу білігін бағалау.</p>	<p>2. Мәтін мазмұнын оқушылардың қаншалықты түсінгендігін байқау үшін жетекші сұрақтар қою арқылы пысықтаңыз. «Әңгіме не туралы?», «Балалар не істеді?», «Әкесі балаларға не деді?» сұрақтарына жауап алыңыз. Оқушыларға баланың ісінің дұрыс еместігін дәлелдетіңіз. Дұрыс емес деуінің себеін анықтатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.3 Жоспар күру.</p>	<p>1.3.3.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінге суреттер, сызбалар арқылы жос- пар құрып, оған ат (тақырып) қою.</p>	<p>(М; Т; К) Сюжетті суреттердің көмегімен жоспар құрып, әңгіме құрасты- ру білігін бағалау.</p>	<p>3. Сюжетті суреттердің көмегімен «Құстың ұясы» тақырыбы бойынша әңгіме құрастыру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Әр сюжетті суреттің мазмұнына сәйкес сұрақтар қойыңыз. 1-сурет бойынша: 1) Балалар нені көрді? 2) Олар ұяға қалай шықты? 3) Ұядан не алды? 2-сурет бойынша: 1) Балапанды қайда әкелді? 2) Олардың көңіл күйлері қандай? 3) Әкесі не деді? 4) Балалар әкелерінің айтқанын қалай қабылдады? 3-сурет бойынша: 1) Балалар қандай шешім қабылдады? 2) Олар бұл істеріне ұялды ма? Әр топтың өзіне бөлінген сурет және қойылған сұрақтар арқылы әңгіме құрастыруына ықпал етіңіз.</p>	<p>Оқулық</p>

<p>1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.</p>	<p>1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жасай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).</p>	<p>(МК; Ө; Қ) Өз көзқарасын білдіріп, ойын дәлелдей алу, рефлексия жасай алу білігін бағалау.</p>	<p>Сюжетті сурет арқылы негізгі оқиғаның мәнін түсіну және ретін анықтау білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Әңгіме авторы біздерге не айтқысы келеді?» сұрағына жауап алу арқылы мәтіндегі негізгі ой анықтатылады. «Құстың мекені не?» сұрағының жауабы тапқызылып, оның суретін салдырыңыз. «Менің сөзім» әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз. Оқушының өз ойын дәлелдеуіне мүмкіндік жасаңыз. «Бала не істеді?», «Оның бұл қылығы дұрыс па?» деген сұрақтарды қою арқылы өз ойларын айтып, дәлелдеулер жасай алуына ықпал етіңіз.</p>	
<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p>(МК; Ө; Қ) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Дәптердің 24-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. «Құстың ұясы» әңгімесін оқыған кезде қандай сезімде болдың сұрағына жауап алып, өз сезімдерін тиісті суреттерді бояу арқылы білдіртіңіз. Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін мұғалім төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаны дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, танбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>

1.6 Тыңдау-шының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	(МК; Ө; К) Әңгімеден алған әсерлерімен ой бөлісу білігін бағалау.	24-сабақ. Өз үйімді сипаттаймын. Дыбыс. Сөйлем. Сөйлеу Қосымша тапсырма. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға тақырып мазмұнын ашатын мәтінді мәнерлеп, көркем сөз тіркестерін қолдана отырып, сөйлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті және вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл) қолданып айтып беріңіз. Оқушылардың әңгімеден алған әсерлерімен ой бөлісіңіз.	http://www.balalaralemi.kz Ертегілер Әңгімелер Тақпақтар Мақал-мәтелдер Жұмбақтар
1.4 Оқиганы болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Ө; Т; К) Өз үйі туралы әңгімелеу, диалогке қатыса отырып, ұқсас үйлерді тауып, салыстыра алу білігін бағалау.	1. Суреттердің ішінен өз үйіне ұқсас үйді табуын және оның басқа үйлерден айырмашылығын, ұқсастығын айтуын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың назарын оқулықтағы үш үйдің суретіне аудартып, қай үй әр оқушының өзі тұратын үйіне ұқсайтынын сұраныңыз. Содан соң оқушыларға үш үйді салыстыртып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын тапқызыңыз.	Оқулықпен жұмыс https://www.google.kz детские сюжетные картинки
1.6 Тыңдау-шының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	(МК; Ж; К) Көркемсөз тіркестерін орынды қолдана отырып сұхбаттаса алу білігін бағалау.	2. Оқушылардың бір-бірімен өз үйлері туралы көркемсөз тіркестерін орынды қолдана отырып сұхбаттасуын ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген сұхбатты аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе оқулықтағы мәтінді нақышына келтіріп оқып беріңіз. Сыныптасымен осы үлгіні басшылыққа ала отырып сұхбатқа түсуін жүзеге асырыңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки

3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; Қ) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін мұғалім төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаны дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.	Дәптермен жұмыс
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Ө; Қ) Диалогке қатыса отырып, өз бөлмелерін сипаттай алу білігін бағалау.	25-сабақ. Өз үйімді сипаттаймын. Дыбыс. Сөйлем. Сөйлеу 1. Оқушылардың өз бөлмелерін сипаттау білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Суреттегі жатын, демалыс, балалар, ас бөлмелерінің атын ататып, әрқайсысының қажеттілігін айтқызыңыз. Оқушылардан өз бөлмелерінде не болғанын қалайтынын сұрап, әңгіме ұйымдастырыңыз.	Оқулық https://www.google.kz/detskie-syuzetnye-kartinki
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, кимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, т.б.) қолдану.	(МК; Ө; Қ) Көркемсөз тіркестерін орынды қолдана отырып, тыңдаушының назарын өзіне аудару білігін бағалау.	2. Көркемсөз тіркестерін орынды қолдана отырып, сұхбаттаса алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дыбыстық сызба бойынша суреттің көмегімен «оқу» жүзеге асады: <i>кереует, үстел, орындық, сөре, шам. Әдемі сөре, жаңа шам, үлкен үстел, жаңа орындық</i> сөз тіркестерімен өз бөлмелерін сипаттайды. Буын, сөз, дыбыс пен әріп, дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін пысықтаңыз.	Оқулық

<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p>(МК; Ө; Қ) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін мұғалім төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаны дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>
<p>1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.</p>	<p>1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.</p>	<p>(МК; Ұ; Қ) Өлеңдегі негізгі ойды түсініп, не туралы айтылғанын анықтау білігін бағалау.</p>	<p>26-сабақ. Өз үйімді сипаттаймын. 1. Жаңа сабаққа кіріспе әңгіме ұйымдастырыңыз. Оқулықтағы С. Сауытбековтың өлеңін аудио үнтаспадан тыңдатыңыз немесе оқулықтан нақышына келтіріп мәнерлеп оқып беріңіз. Өлеңдегі негізгі ойды түсініп, не туралы айтылғанын анықтау білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Аудио үнтаспа Оқулық</p>
<p>1.4 Оқиғаны болжау.</p>	<p>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.</p>	<p>(МК; Ө; Т; Қ) Суреттердің көмегімен болжай алу, балаға мінездеме беру білігін бағалау.</p>	<p>2. Оқушылардың тыңдалған мәтін мазмұнын суреттер көмегімен болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Әр шумақтың мазмұнына сәйкес келетін сюжетті суреттермен өлеңнің мазмұнын қалай түсінгендігін тексеріңіз. Өлең мазмұны бойынша түсінгендерін өз сөздерімен баяндатыңыз. 3. Балаға мінездеме бергізіңіз. Тағы қандай жағымсыз әрекеттер жасауы мүмкін екенін болжатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>

3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; Қ) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (баяу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін мұғалім төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаны дұрыс: – «Сен қайда тұрасың?» сұрағына жауап беру үшін, өз үйінің суретін салдырып, боятыңыз; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.	Дәптермен жұмыс
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(Ө) Оқушылардың суреттерді «оқуын» жүзеге асырыңыз. Сөздерді буынға бөліп, сөйлем құрай алу білігін бағалау.	27-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 1. Оқушыларға суреттерді дыбыс сызбасымен толықтыру жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оларды буынға бөлгізіп, буын санын анықтатыңыз. Сызбаларды бояту арқылы дыбыстық талдау жасатыңыз. 2. Сөздің сызбасы қай аңның атына сәйкес келетінін анықтатыңыз. Оқушылар сызбаға сәйкес келетін сөздерді өздері ойлап табуы керек.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Сөйлем сызбасын оқу, пунктуациялық нормаларды сақтау, тапсырма бойынша ой қорытып,	3. Оқулықта берілген сызба-үлгілермен жұмыс ұйымдастыруда сөйлемнің жеке сөздерден тұратындығын, сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылып, сөйлемнен кейін тыныс белгісі қойылатынын практикалық тұрғыда танытыңыз. Берілген сызба-үлгіге сай келетін сөйлемдер құратыңыз.	Оқулықпен жұмыс Тақтамен жұмыс

		рефлек- сия жасай алу білігін бағалау.	Оқушыларға сөйлемдерді толықтыртып, сызба арқылы тақтада белгілетіп, талдау жасатыңыз. «Қол белгісі» әдісі арқылы сабақтан игерген білімдеріне реф- лексия жасатыңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыс- тарды орфо- эпиялық норма- ларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.2 Дыбыстар- дың мағына ажыратушы- лық қызметін түсіну.	(МК; Ө; К) Дыбыс түрлерін ажы- рату, буынға бөлу білігін бағалау.	4. Суреттегілердің қандай зат екенін анықтатып, берілген сөздердің алғашқы әріптерінен қандай жаңа сөз шығатынын таптырыңыз. Жаңа сөзге сызба-үлгінің көмегімен дыбыстық, буындық талдау жасатыңыз.	Оқулықпен жұмыс
3.8 Калли- графия- лық, графика- лық нор- маларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллигра- фиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдасты- рыңыз.	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін мұғалім төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаны дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.	Дәптермен жұмыс
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жа-	1.2.5.1 Мәтін иллю- страциясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе	(МК; Ж; К) Тапсырма бойынша оқулықтағы берілген сөйлемдерге	28-сабақ. Мен не үйрендім? 1. Толық ақпарат берудің қаншалықты маңыздылығына көз жеткіздіріңіз. Диалог құрау мақсатында ұсынылған оқулықтағы тапсырмаларды	Оқулықпен жұмыс

уап бере білу.	қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	сұрақтарды дұрыс қойып, диалог құра алу білігін бағалау.	орындата отырып, оқушылардың сыныптас досымен жұмыс жасауына ықпал етіңіз. Оқушылардың сұрақты дұрыс қойып, сұрақтарға толық жауап берулерін қадағалаңыз.	
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну.	1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.	(МК; Ө; Қ) Өлеңдегі негізгі ойды түсінгендігін сұраққа жауап беру білігін бағалау.	2. Оқулықтағы өлеңді нақышына келтіріп мәнерлеп оқып беріңіз. Оқушылардан алдын ала дайындалған сұрақтарға толық жауап алып, өлеңдегі негізгі ойды анықтауына ықпал етіңіз. Өлеңдегі негізгі ойды түсінгендігін сұраққа жауап беру білігі арқылы бағалауды жүзеге асырыңыз.	Оқулықпен жұмыс
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ө; Қ) Диалогке қатыса отырып, өз пікірін жеткізе алу білігін бағалау.	3. Оқушылардан оқулықтағы « <i>Кітабыңды күтіп ұстайсың ба?</i> » сұрағына толық жауап алыңыз. Диалог құрау арқылы оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңыздылығына көз жеткізіңіз. Қосымша материалдарды пайдалану арқылы жаңа мағлұматтар беріңіз. Оқушылардың өздері білетін кітап туралы мақал-мәтел, өлең, тақпақтарын айтуына мүмкіндік беріңіз.	https://www.google.kz/detskie-syuzhetnye-kartinki
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Ө; Қ) Буын санын анықтап, иллюстрациясы бойынша болжау білігін бағалау.	4. Оқушылардың назарын оқулықтағы суретке аударыңыз. « <i>Кіман</i> » сөзі қай вагондағы буын санына сәйкес келетінін анықтатыңыз. Ол үшін « <i>кіман</i> » сөзін буынға бөлдіріп, буын санын анықтатыңыз.	Оқулықпен жұмыс
3.8 Каллиграфиялық, графикалық	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі	(МК; Ө; Қ) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін мұғалім төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаны дұрыс:	Дәптермен жұмыс

нормаларды сақтау.	сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	– дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.	
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну.	1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.	(МК; Ө; К) Өлеңдегі негізгі ойды түсінгендігін сұраққа жауап беру білігін бағалау.	29-сабақ. Мен не үйрендім? 1. Аудио ұнтаспадан өлең тыңдатыңыз немесе өлеңді нақышына келтіріп мәнерлеп оқып беріңіз. Оқушылардан алдын ала дайындалған сұрақтарға толық жауап алып, өлеңдегі негізгі ойды анықтауына ықпал етіңіз. Оқушыларға торғай туралы қосымша қызықты ақпараттар беріңіз.	Аудио ұнтаспа Оқулықпен жұмыс
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(Ө; К) Сөздерді буынға бөліп, сөйлем құрай алу білігін бағалау.	2 Тыныс белгісіне назар аудартыңыз. Өлеңнен сызбаға сәйкес сөйлемді тапқызыңыз. 3. Оқушылар сызбаға сәйкес сөзді өлеңнен табуы керек: көбелек. Оқушылардың сөзді буынға бөліп, сөйлем құрай алу білігін бағалау жұмыстарын ұйымдастырыңыз.	Оқулық
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(М; Ұ; Т; К) Өлеңнің ұйқасын таба алу білігін бағалау.	4. Өлеңнің ұйқасын таба алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушыларға көп нүктенің орнына өлең мазмұнына сәйкес келетін ұйқасты тауып қоюы үшін мұқият тыңдауы керектігін ескертіңіз. Оқулықтағы Мұзафар Әлімбаевтың алдымен бірінші өлеңін, содан кейін екінші өлеңін нақышына келтіріп мәнерлеп оқып беріп, көп нүктенің орнына тиісті сөзді тапқызыңыз.	Оқулық

3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін мұғалім төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаны дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.	Дәптермен жұмыс
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ө; К) Әңгіменің мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалау.	30-сабақ. Мен не үйрендім? Қосымша тапсырма. Оқушыларға мұғалімнің сыйы ретінде әңгіме оқып беріңіз немесе тыңдатыңыз. Әңгіме желісі бойынша сұрақтар қойып, мазмұнын айтқызыңыз. Оқушылардың әңгімені тыңдау барысында алған әсерлерімен ой бөлісіңіз.	http://www.balalaralemi.kz Әңгімелер
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	1. Ребусты шешудің жолын түсіндіріңіз. Суреттегі заттардың бірінші әріптерінен теңдіктен кейін берілген текшедегі жасырынған сөз шығатынын айтып, іздену жұмысын ұйымдастырыңыз. «Ойлан, тап» ойынын ойнатыңыз. Ойынның шарты бойынша оқушылар суреттегі заттардың атауларындағы алғашқы дыбыстарды қосып, «бұлт» сөзін шығаруы керек.	Оқулық
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша	(МК; Ө; К) Сурет бойынша сұрақтарға толық жауап	2. Оқушылардан «Бұл кімдер?», «Ол не істеп отыр?» т.с.с. сұрақтарға жауап алып, сюжетті сурет бойынша әңгіме құратыңыз.	Оқулық

құрап айту.	шағын әңгіме құрап айту.	беру, әңгіме құрау, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасау білігін бағалау.	Әңгімеге ат қойдырыңыз. «Автор орындығы» стратегиясын қолданып, құраған әңгімесін топта жариялатыңыз. Сынып оқушыларына бір-бірінің жұмыстарын «Қол белгісі» әдісі арқылы рефлексия жасатып, бағалатыңыз.	
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	(МК; Ө; К) Көркемсөз тіркестерін орынды қолдана отырып, тыңдаушының назарын өзіне аудара алу білігін бағалау.	3. Көркемсөз тіркестерін орынды қолдана отырып, сұхбаттаса алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушылар суреттегі іс-әрекетті сипаттайды. Тыңдаушының назарын өзіне аудару үшін қолданылатын көркемсөз тіркестерін, әдепті сөздерді қолдана алуларына ықпал етіңіз. Мысалы: рақмет, сау болыңыз, т.с.с. Буын, сөз, дыбыс пен әріп, дауысты және дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін пысықтаңыз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Бала қолының ұсақ бұлшық еттерін дамыту (бояу, сурет салу, түрлі бағытта сызықтар жүргізу, сұлбасын салу, элементтерді жазу) үшін мұғалім төменде берілген жазуға даярлау жұмыстарын басшылыққа алғаны дұрыс: – дәптер бетіндегі суреттерді бояу; – әртүрлі (түзу, қисық, сынық) сызықтар сызу; – заттарды сызықтар арқылы қосу; – үзік сызықтарды бастырып жүргізу; – әртүрлі сызықтар, ою-өрнек, таңбалар салу; – дәптер бетіндегі кеңістікті бағдарлау; – жазу жолдарымен (үлкен, кіші) таныстыру; – әріп элементтерімен таныстыру, оларды жазуға үйрету.	Дәптермен жұмыс

«Сауат ашу» пәні. 1-сынып
2-бөлім. Менің мектебім
Осыған дейін меңгерілген білім
2-бөлім 1-бөлімде алынған білім мен дағдыларға негізделеді. Оқушылардың дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктері бар; сызба-үлгілерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасай алады; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады; сөздерді буынға бөлу дағдылары қалыптасқан; оқу және жазуға даярлықтары бар.
Контекст (мәнмәтін)
Екінші бөлім оқушылардың өзі оқып жатқан мектебі туралы танып білулеріне мүмкіндік береді. Мектеп ішіне саяхат жасап, мектеп туралы шығармалар тыңдайды. Мектеп туралы әңгімелейді. Бұл бөлім материалдары да «Дүниетану», «Жаратылыстану» пәндерімен сабақтастық байланыста жүргізіледі. Мұғалім белсенді тілдік ортаның құрылуын мүмкін ететін тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым тапсырма үлгілерін қолдана алады.
Қысқаша шолу
Бұл бөлімде оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту; фонематикалық есту-тыңдауын дамыту; тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту; дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру; <i>a, н, л, р, о, т, у, ш, с</i> әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп пен кіші әріпті ажыратуға үйрету; әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру қарастырылады. Оқушы өз мектебіне топсеруен жасайды, экскурсия жетекшісі болады, мектептегі жол бағытын құрастырады, мектеп туралы шығармаларды оқып, олар туралы өз ойын ортаға салады. Оқушылар ұжымда, топта, жұппен жұмыс жасауда жаңа сабаққа қатысты қойылған проблемалық сұрақтарға жауап іздейді, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауды үйренеді. Мектеп туралы әңгімелердің мазмұнын айтады және ол туралы әңгіме жазады.

Оқу бағдарламасына сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер (оқыту әдістемесі бойынша)	Оқыту ресурстары
Менің мектебім				
			<p>Әріппен жазуды үйрету мынадай тәртіппен орындалады:</p> <p>1. Сөзге дыбыстық талдау жасау арқылы керекті дыбыс бөліп алынады да, жеке және хормен дыбысталады; дыбыстың баспа және жазба әріптері көрсетіледі; ол әріптер бір-бірімен салыстырылады.</p>	

			<p>2. Әріптің жазылу үлгісімен таныстырылады (тақтадан, кестеден, жазу үлгісінен таптыру).</p> <p>3. Әріпті мұғалім өзі тақтаға жазып көрсетеді және оны әріп элементтері арқылы қалай жазуды түсіндіреді.</p> <p>4. Әріпті сөз ішінде басқа әріптермен қалай қосып жазу керектігі үйретіледі.</p> <p>5. Көркем және таза жазу талабы қойылады.</p> <p>6. Әрбір оқушының жазуын мұғалім бақылап, кемістігін түзетуге көмектесіп отырады.</p> <p>7. Жазу оқылған материалдар бойынша жүргізіледі (яғни оқу мен жазу бір материал бойынша жүргізіледі).</p>	
1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну.	1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.	(МК; Ө; К) Тыңдаған сұхбаттың мазмұнын түсіну, сұраққа жауап беру білігін бағалау.	<p>31-сабақ. Мектебіме саяхат. Аа дыбысы мен әрпі</p> <p>1. Оқушыларға оқулық кейіпкерлері Әли мен Мерейдің сұхбатын аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп оқып беріңіз. Оқушылардан:</p> <ul style="list-style-type: none"> – Әли мен Мерей не жайында сөйлесті? – Мерей не деді? – Әли не деп жауап берді?, т.с.с. <p>сұрақтарға жауап алу арқылы Әли мен Мерейдің сұхбатынан не түсінгенін пысықтаңыз.</p>	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Ө; К) Иллюстрациясы арқылы болжау, салыстыру жасау білігін бағалау.	<p>2. Оқушыларға өз мектептерін суреттегі мектеппен салыстыртыңыз. Өз мектептерін оқулықтағы мектеппен салыстыруда сипаттау сөздерін пайдалануына ықпал етіңіз. Иллюстрациясы арқылы болжап, салыстыруда қандай ұқсастық пен айырмашылық бар екенін айтқызып, сөйлеулерінде «үлкен», «кішкентай», «биік», «әдемі», «биік», «кең», «аласа» сөздерін пайдалануын ескеріңіз және қимылмен қоса көрсетуін</p>	Аудио ұнтаспа Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки

			түсіндіріңіз. Мысалы: <i>«Суреттегі мектеп ауласынан біздің мектептің ауласы кең. Мектеп ғимараты үлкен әрі әдемі. Мектеп ауласындағы ағаштар аласа», т.с.с.</i>	
1.2 Мәтін- нің тақыры- бы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(МК; Ұ; К) Мәтіннің кім (не) туралы айтылғанын анықтай алу білігін бағалау.	3. Оқулықтағы Әли мен Мерейдің сұхбатын нақышына келтіріп, мәнерлеп оқып беріңіз. Сіздің Әлидің сөзін баланың кейпіне еніп оқып беруіңіз оқушыларда «Не болды?!» деген таңғалысты тудыруы мүмкін. Бұл, біріншіден, сабаққа деген қызығушылықты туғызса, екіншіден, өткелі отырған жаңа тақырыпқа «көпір» жасайды. Оған Мерейдің «Не болғанын төмендегі суреттерден көре аламыз» деуі дәлел бола алады. Әрі қарай мәтіннің кім туралы айтылғанын сұрақ-жауап әдісі арқылы анықтатыңыз.	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(МК; Ө; К) Мәтіннің мазмұнын оның иллюстра- циясы арқылы болжай алу білігін бағалау.	Оқушылар мәтіннің мазмұнын оның иллюстрациясы арқылы болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Марғұланға не болғанын екі сюжетті суретпен жұмыс жасау арқылы болжатыңыз. Әр оқушы өз топшылауы бойынша ойын ортаға салады. Оқушылардың сөйлем сызбасын «оқуын» жүзеге асырыңыз. Оқушылар сызбаларды дұрыс оқыса, «Марғұланды ара шақты. Марғұлан «А-а-а!» деп қашты» сөйлемдері шығады. Оқушыларға бұл екі сөйлем мәтінді құрайтынын түсіндіріңіз.	Оқулық
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестенді- ру.	(МК; Ө; К) «А» дыбысы мен әріпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру	«А» дыбысы мен әріпін бір-бірінен ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Соңғы суреттегі Марғұланның «А-а-а!» деген дыбысына оқушылардың назары аудартылуы	

		білігін бағалау.	керек. Оның созылып, әндетіліп айтылатындығы, дауысты дыбыс екендігі, әріппен таңбаланатындығы, баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп, сөздің дыбыстық-буындық құрылымын үлгілегені көрсетілуі қажет.	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отырыңыз. Оқушылардың <i>Аа</i> әрпін көркем жазуы қадағаланады. Бастырып жазу, генетикалық, ритмикалық әдістер қолданылады. <i>Генетикалық әдіс</i> – жеңілден ауырға қарай біртіндеп күрделендіріп үйрету.	Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиганы болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Ұ; Қ) Иллюстрациясы арқылы болжай алу білігін бағалау.	32-сабақ. Мектебіме саяхат. <i>Аа</i> дыбысы мен әрпі 1. Оқушылардың мектеп ішінен «А»-ны табуына және дыбыс сызбасымен жұмыс істеуіне басшылық етіңіз. 32-сабақ материалымен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқулық бетіндегі материалдар арқылы «А» әрпімен мектеп ішіне саяхат ұйымдастырыңыз. «Әли мен Мерей «А» әрпімен мектеп ішіне саяхатқа шықты. Олар асханаға барды. Оған «А» әрпі <i>нан, айран, банан</i> әперді. Олар саяхатты ары қарай жалғастырды. Мынау – кітапхана. Кітапханашы оларға мектеп туралы өлеңдер жазылған кітапты ұсынды. Олар	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки

			кітапханадан шығып, спортзалға барды. Онда не бар? Суретке қарап, өздерің айтып көріңдер» деген мазмұнда іздену жұмысын ұйымдастырыңыз. Сөз сызбасымен берілген сөздерді (<i>асхана, кітапхана, спортзал</i>) оқытыңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(МК; Ұ; К) Дыбыс түрлерін ажырату, сәйкестендіру білігін бағалау.	2. Суретпен жұмыс ұйымдастырыңыз. Сөз құрамындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың түсіне назар аудартып, <i>а</i> дыбысы мен әрпінің сөздегі орнын анықтатыңыз. Суреттегі сөздерді қатыстыртып сөйлемдер құратыңыз. 3. Суреттегі заттардың қайсысын асханадан кездестіргенін сұрап, дәлелдеулер жасатыңыз. Ол заттардың адам үшін пайдасы туралы әңгімелетіңіз.	Оқулық https://www.google.kz/detskie_sujetnyie_kartinki
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бірібірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан мұғалім оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отыруы тиіс.	
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(МК; Ө; К) Мәтіндегі негізгі ойды түсінуін, сұрақтарға жауап бере отырып, іздену жұмыс-	33–34-сабақтар. Мектебіме саяхат. Ни дыбысы мен әрпі 1. Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша оқушының іздену жұмысын ұйымдастырыңыз. Негештің кім екені, не үшін сыныпқа келгені туралы мәтінді оқып беріп, Негешке төмендегі сұрақтардың жауабын табуға	Аудио үнтаспа Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар

		тарында белсенділік таныту білігін бағалау.	оқушыларды көмекке шақырыңыз. Оқушылардың ізденуін ұйымдастырып, «Дүниедегі ең жақын адам кім?» «Ең қажетті ас қалай аталады?» сұрақтарына жауап болатын қандай сөздер екенін таптырыңыз (ана, нан).	https://www.google.kz/детские/сюжетные/картинки
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) «Н» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	«Н» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Сендер іздеп тапқан «ана, нан» сөздерінде бізге таныс емес қандай дыбыс бар? Қане, бәріміз қосылып «н» дыбысын айтып көрейікші. «Н» дыбысы дауысты ма, әлде дауыссыз ба?» – деп, «н» дыбысын танытыңыз. Оның таңбасымен (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) таныстырыңыз. <i>Күн</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www.google.kz/детские/сюжетные/картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; Қ) Берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген «на», «ана», «нан» хормен, тізбектеп оқытыңыз. Дыбыстық талдау-жинақтау әдісін қолданыңыз: талдау тәсілі бойынша сөйлемнен сөзді, сөзден буынды, буыннан дыбысты бөліп алуға, жеке дыбыстарды әріптермен таңбалауға мүмкіндік жасалып, оқуға негіз қаланып, берілген сөздердегі жеке дыбыс бөліп қарастырылады.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Ө; Қ) Сурет бойынша әңгіме құрай алу білігін бағалау.	3. « <i>Нан дастарқанға қалай келеді?</i> » сұрағы қойылып, оқулықта берілген үш тірек суретке оқушылардың назарын аударыңыз. 1-суретке: «Мынау ненің суреті? Оны кім өсіреді? Егін піскен кезде немен орады?»;	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар

			2-суретке «Мынау не? Бидайдан ұнды қалай жасайды?»; 3-суретке: «Мынау не? Ұннан нанды кім пісіреді?» сұрақтары қойылып, оқушылардан толық жауап алыңыз. Соңында «Мынау – бидай. Одан ұн жасайды. Ұннан нан пісіреді» әңгімесі түзіледі.	https://www.google.kz/detskie_sjuetnye_kartinki
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отырыңыз. Оқушылардың <i>Нн</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуы қадағаланады. Бастырып жазу, генетикалық, ритмикалық әдістер қолданылады. <i>Генетикалық әдіс</i> – жеңілден ауырға қарай біртіндеп күрделендіріп үйрету.	Дәптермен жұмыс
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(МК; Ұ) Тыңдаған сұхбатта не туралы айтылғанын түсіну.	35-сабақ. Мектебіме саяхат. Нн дыбысы мен әрпі 1. Әли мен Мерей арасындағы сұхбатты балаларға тыңдатыңыз (аудио үнтаспадан немесе мұғалімнің оқып беруі арқылы). Тыңдаған сұхбатта не туралы айтылғанын қаншалықты түсінгендігін сұрақ-жауап әдісі арқылы анықтаңыз.	Аудио үнтаспа Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы	(МК; Ө; Ж; К) Диалогке қатыса отырып, көркемсөз тіркестерін орынды	2. Оқушылардың асхана ішіндегі сұхбаттасуға қатысуын ұйымдастырыңыз. Суреттің көмегімен балалар мен аспазшы, балалар мен балалар арасындағы сұхбатты жүзеге асырыңыз.	Оқулық

	бойынша болжау.	қолдану, болжау жасай алу білігін бағалау.	Сұхбат барысында оқушылардың «Ас болсын!» «Рақмет», «Астарың дәмді болсын!» т.б. сөздерін қолдануын қадағалаңыз.	
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	(МК; Ө; К) Сипаттау сөздерін орынды қолдана алу білігін бағалау.	3. Сипаттау сөздерін орынды қолдана алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Нан қандай болады?» суретімен жұмыс жүргізіңіз. «Нан қандай болады?» сұрағына жауап беретін нанның қасиеттерін тапқызыңыз: <i>тәтті, жұмсақ, дәмді, ыстық, т.с.с.</i>	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	(Ө; К) Оқушылардың вербалды емес құралдарды қолдану білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	4. Оқушылардың вербалды емес құралдарды қолдану білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Анаңды қалай жақсы көретіңді ым-ишара және қимылмен көрсет» тапсырмасын орындауда әр оқушы өз анасын қалай жақсы көретіні туралы әңгімелеп, бір-біріне вербалды емес қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып көрсетуіне ықпал етіңіз. «Ым-ишара және қимыл да – сөз сияқты түсінісу құралы» деген тұжырым жасатыңыз.	Оқулық

<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p>(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бірібірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан мұғалім оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отыруы тиіс.</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>
<p>2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.</p>	<p>1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.</p>	<p>(МК; Ө; К) «Л» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.</p>	<p>36–37-сабақтар. Мектеп ауласына саяхат. Лл дыбысы мен әрпі «Л» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Л» дауыссыз дыбыс екенін, оның әріппен танбаланатындығын (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) практикалық іс-әрекет тұрғысынан танытыңыз. <i>Лақ</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.</p>	<p>1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.</p>	<p>(Ұ; МК) Мәтінді мұқият тыңдау, негізгі ойды анықтай алу білігін қалыптастыру.</p>	<p>1. Мәтінді аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп оқу арқылы (грамматикалық, логикалық кідірістерді сақтай отырып) оқушылардың назарын «Алан», «ал», «ала» сөздеріне аудартыңыз. Сол сөздерге логикалық екпін түсіріліп (көтеріңкі дауыспен) оқу керек. Оқушылардың мәтінде не туралы айтылғанын қаншалықты түсінгенін сұрақ-жауап әдісі арқылы тексеріңіз. Оқушыларға мәтіннің соңғы екі сөйлемін қайта оқып беріп, балалардың ізденіске түсуін ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Аудио ұнтаспа Оқулық</p>

<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану.</p>	<p>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p>	<p>(МК; Ө; Қ) Берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалау.</p>	<p>2. Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Ал», «ала», «Алан» сөздерімен жұмыста дыбыстық талдау-жинақтау әдісі қолданылады. «Төмендегі оқитын сөздерінің саны сұрақтың жауабы болады» тапсырмасы оқушының жана дыбыс/әрпі бар сөздерді оқуына түрткі болады: <i>ал, ала, Алан</i>. Қақпаға кірген доптың саны – 3. Оқушылардың назары «л» дыбысының сөз басында, ортасында, соңында келу жағдайларына аудартылады. Сөздерде неше дыбыс, неше әріп бар екені талданады. <i>Ал, ала, Алан</i> сөздері мен <i>Алан, ала допты</i> (бұл сөз суретпен берілген) <i>ал</i> сөйлемі хормен және жеке оқыту арқылы жүзеге асырады.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.6 Тыңдаушының назарын аудару.</p>	<p>1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.</p>	<p>(МК; Ж; Қ) Вербалды емес құралдарды қолдану білігін бағалау.</p>	<p>Қосымша тапсырма. Оқушылардың ым-ишара, қимылдың көмегімен сыныптасының қақпаға доп соққанын, оған қуанышты екенін көрсетуін ұйымдастырыңыз. «Сен қақпаға үш доп соқтың. Мен қатты қуанып отырдым!» сөзін сыныпта отырған жұп бір-біріне ым-ишара, қимылмен көрсетуі қажет.</p>	<p>Оқулық http://www.balalaralemi.kz https://www.google.kz детские сюжетные картинки</p>

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; К) Сөз сызбасын оқу, «л»-ның сөздің қай жерінде келгенін айта алу білігін бағалау.	3. Сөз сызбасын оқытыңыз. Оқулықтағы «Суреттердің көмегімен «л» әрпін табайық» көңілді ойын тапсырмасы бойынша суреттегі заттардың атын тапқызып, әр суреттің астында тұрған сөз сызбасымен жұмыс ұйымдастырыңыз. «Л» дыбысының сөздің басында, ортасында, аяғында келгенін анықтатыңыз.	https://www.google.kz/detskie_sujetnye_kartinki
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отырыңыз. Оқушылардың <i>Лл</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуы қадағаланады. Бастырып жазу, генетикалық, ритмикалық әдістер қолданылады.	Дәптермен жұмыс
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	(Ө; К) Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолданып жаңылтпашты айта алу білігін бағалау.	38-сабақ. Мектеп ауласына саяхат. Лл дыбысы мен әрпі 1. Әли мен Мерейдің сұхбатын тыңдату арқылы топсеруен жетекшісін сайлап алу іс-әрекетін жүзеге асырыңыз. Аудио үнтаспадан Әли мен Мерейдің сұхбатын тыңдатыңыз немесе нақышына келтіріп, мәнерлеп оқып беріңіз. Мерейдің «Мен бір жаңылтпаш айтайын. Кім жаңылмай, тез-тез айтса, сол оқушы топсеруен жетекшісі болсын» деп айтқанын жүзеге асыру мақсатында «Лаула, алау, лаула, Алауласын аула» жаңылтпашын балаларға жаттатыңыз. Мүдірмей тез-тез айтқан бала топсеруен жетекшісі болатынын ескертіңіз.	Аудио үнтаспа Оқулық http://www.balalaralemi.kz Жаңылтпаштар

1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Ө; Қ) Диалогке қатыса отырып, берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрай алу білігін бағалау.	2. Оқушыларға жаңылтпашты жатқа айтқызыңыз. Жаңылтпаш айтудан озып шыққан оқушыға «Сен – топсеруен жетекшісі болдың. Мына суреттердің көмегімен өз сыныбыңды мектеп ауласымен таныстырып шық» деп тапсырма беріңіз. Оқушы мектеп алдындағы әдемі гүлдермен, жол жиегіндегі түп-түзу ағаштармен, ойын алаңымен таныстырады. Оқушының «Мынау не? Ол қандай?» сұрақтары төңірегінде әңгімелеуін қадағалап отырыңыз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Жаңылтпаштар
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және оларды қолдана білу.	(МК; Ө; Қ) Доптың сындық, сапалық белгілерін айта алу білігін бағалау.	3. Доптың сындық, сапалық белгілерін таптырыңыз. « <i>Қандай доп?</i> » ойынын ойнатыңыз. Ойынның шарты бойынша оқушылар <i>қандай?</i> деген сұраққа жауап беретін доптың белгілерін табуы керек.	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; Қ) Сөйлем сызбасын оқу білігін бағалау.	4. Сөйлем сызбасын оқуды ұйымдастырып, оқушыларға заттардың жеке және жалпы ұғымы болатынын аңғартыңыз. Сызбадан «Құлын, лақ – мал» деген сөйлем шығады. «Құлын не?», «Лақ не?», «Малға не жатады?» сұрақтарын қойып, жауап алу арқылы жеке және жалпы ұғымдар түсіндіріледі.	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін	Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан мұғалім оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отыруы тиіс.	Дәптермен жұмыс

	талаптарға сай жазу.	бағалауды ұйымдастырыңыз.		
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(МК; Ұ) Мәтінде не туралы айтылғанын түсіну, өз іс-әрекетіне рефлексия жасау.	39–40-сабақтар. Мектеп шеберханасына саяхат. Рр дыбысы мен әрпі 1. Мәтінді аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп оқуда «Анар», «мектеп шеберханасына», «үлкен емен ағашының», «күшігін», «мысыққа», «ыр...», «ырылдап» сөздері мен сөз тіркестерін логикалық екпін түсіріп, басқалардан басым дауыспен оқыңыз. Мәтіндегі сөздерге логикалық екпін дұрыс түссе, тыңдап отырған балалар оқиғаның не туралы екенін тез түсінеді. Мәтінде не туралы айтылғанын қаншалықты түсінгенін тексеру мақсатында «бағдаршам» әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулық https://www.google.kz/detskie_sujetnye_kartinki
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) «Р» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жүргізіңіз. Оқушыларға «Күшік қандай дыбыс шығарды?» «Сен осы дыбысты айтып көр» тапсырмалары арқылы күшіктің шығарған дыбысын айтқызып, оның қандай дыбыс екенін балалардың өзіне іздетіңіз. <i>Р</i> дыбысы мен әрпін (баспа және жазба түрін, бас әріп және кіші әріп) танытыңыз. «Бұл қандай дыбыс?» сұрағына «дауыссыз дыбыс» деп жауап берген жағдайда, «Қандай белгілеріне сүйеніп дауыссыз дедің?» деген сұрақты қою керек. <i>Ара</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www.google.kz/detskie_sujetnye_kartinki
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап	(МК; Ө; К) Сөздердің мағынасын ажырату,	2. Оқулықтағы «Оқы» белгісі тұрған сөздер мен сөйлемдерді өз бетінше буындап оқуға, жиі кездесетін сөзді тұтас оқуға,	Оқулық

	оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	түсініп оқуға жаттықтырыңыз. «Ар, ара, арал, арала, нар, анар, Анар» сөздерін хормен, тізбектей, жекелей оқытыңыз. «Ара, ара, аралар!» және «Алан, ара арала» сөйлемдерін оқытып, олардағы «ара» сөздерінің мағынасын ажыратқызыңыз. Бірінші сөйлемде «ара» – жәндік, екінші сөйлемде «құрал» екенін суреттердің көмегімен анықтатыңыз.	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Т; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	3. Ребусты шешудің жолын түсіндіріңіз. «Ойлан, тап» ойынын ойнатыңыз. Суреттердің көмегімен «анар» сөзінің қалай шыққандығын оқушылардың табуына мүмкіндік жасаңыз. Суреттегі заттардың бірінші әріптерінен теңдіктен кейін берілген текшедегі жасырынған сөз шығады. Шыққан сөзге буындық-дыбыстық талдау жасатыңыз және сөз мағынасымен жұмыс ұйымдастырыңыз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отырыңыз. Оқушылардың <i>Pp</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуы қадағаланады. Бастырып жазу, генетикалық, ритмикалық әдістер қолданылады.	Дәптермен жұмыс

2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ұ; Т; Қ) Сюжетті сурет бойынша сөйлем құрау, сөз мағынасын түсіну білігін бағалау.	41-сабақ. Мектеп шеберханасына саяхат. Рr дыбысы мен әрпі 1. Оқулық кейіпкерлері Әли мен Мерейдің мектеп шеберханасына баруға шақырған сұхбатын аудио үнтаспадан тындатыңыз немесе оқып беріңіз. Оқушылардың сұхбатты сюжетті суреттің көмегімен жалғастыруын ұйымдастырыңыз. 2. «Балалар не істеп жүр?» «Тағы нелердің суретін көріп тұрсындар?» сұрақтары қойылып, оларға жауап алу жүзеге асырылады. Суреттен дыбысталуы ұқсас сөздерді тапқызып, бұл сөздердің әртүрлі мағына білдіріп тұрғанын дәлелдетіңіз.	Аудио үнтаспа Оқулық http://www.balalaralemi.kz
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс-түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(МК; Ж; Қ) Практикалық іс-әрекеттер жасай отырып, дыбыс түрлерін ажырату білігін бағалау.	3. Кестедегі суреттердің атын ататып, «р» дыбысы сөздің қай жерінде келетінін анықтатыңыз. «Шеберханаға саяхат жасау барысында «р» дыбысы бар қандай сөз кездестірдіңдер? Соны бос торкөзге орналастырыңдар» деген тапсырма орындатуға болады.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Ө; Қ) Иллюстрациясы бойынша болжау, сөйлем құрау білігін бағалау.	4. Сұрақ белгілерінің орнында қандай сөздер болу керек екенін таптырыңыз. Әр сурет бойынша сөйлем құрастырыңыз. Мысалы: ит – сүйек , ара – гүл, тышқан – дән немесе т.б. Сөйлем құрастыру барысында этикет сөздерді қолдана алуына ықпал жасаңыз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық	Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу	Дәптермен жұмыс

	элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отырыңыз.	
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) «О» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	42-сабақ. Менің мектепке баратын жолым. Оо дыбысы мен әрпі «О» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «О» дауысты дыбыс екенін, оның әріппен таңбаланатындығын (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) практикалық іс-әрекет тұрғысынан танытыңыз. <i>Он</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Ө; Т; К) Қойылған сұрақтарға өз көзқарастарын білдіріп, рефлексия жасау білігін бағалау.	1. Мәтінді аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе нақышына келтіріп, мәнерлеп оқып беріңіз. Автордың айтқысы келген негізгі ойын анықтату үшін төмендегідей сұрақтарды қойыңыз: 1. Балалар қандай кешірім сұрау сөздерін қолданды? 2. Арал мен Оралдың мұндай қылықтарына қалай қарайсың? Оқушылардың сұрақтарды шағын топтарда талқылап, ортақ шешімге келуіне ықпал етіңіз. Жауаптарын топта жариялатыңыз. Оқушыларға әр топтың жауабын тыңдап болғаннан кейін, «Қол белгісі» әдісі арқылы топтық жұмыстарына рефлексия жасатып, бағалатыңыз. Әрі қарай біреуі көлік жүргізуші, екіншісі баланың рөлінде сұхбатқа түсуін ұйымдастырыңыз. Мысалы: – Жолда ойнамаңдар! Жолда ойнау адам өміріне қауіпті. – Кешіріңіз! Бұдан кейін жолда ойнамаймын.	Аудио ұнтаспа Оқулық https://www.google.kz/detskie_sjuetnye_kartinki http://www.balalaralemi.kz

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; Қ) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дыбыстық талдау-жинақтау әдісі арқылы «о» дыбысы мен әрпін танытыңыз. «Ор», Орал», «ол», «олар», «он», «ора» сөздері мен «Орал, доп (суреті берілген) ал. Арал, домбыра (суреті берілген) тартты (сөз сызбасы берілген). Анар, он орамал (суреті берілген) ора» сөйлемдерін хормен, тізбектей, жеке оқытыңыз. Дыбыстық талдау-жинақтау әдісі арқылы жаңа сөздерге талдау жүргізіп, сол сөздермен сөйлем құратыңыз.	Оқулық
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және оларды қолдана білу.	(МК; Ө; Қ) Заттың атын білдіретін сөздерді ажырату, сұрақ қою білігін бағалау.	3. Оқушылардың жұптарымен сызбаға сәйкес сөйлем құрастыруларына басшылық жасаңыз. Бастауышы есімдіктен (олар), баяндауышы зат есімнен болатын (әншілер, бишілер) сөздерден сөйлемдер құрауға үйретіледі. Олар кімдер? сұрағына жауап беруге үйретіледі: Олар – әншілер. Олар – бишілер.	Оқулық https://www.google.kz/detskie_sujetnye_kartinki
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отырыңыз. Оқушылардың <i>Оо</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуы қадағаланады. Бастырып жазу, генетикалық, ритмикалық әдістер қолданылады.	Дәптермен жұмыс

<p>1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.</p>	<p>1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.</p>	<p>(МК; Ж; Ө) Сюжетті суреттермен сұхбатты жалғастыра алу білігін бағалау.</p>	<p>43-сабақ. Менің мектепке баратын жолым. Оо дыбысы мен әрпі 1. Оқушыларға Әли мен Мерейдің «Менің мектепке баратын жолым» тақырыбындағы сұхбатын аудио үнтаспадан тындатыңыз немесе мәнерлеп оқып беріңіз. Олардың сюжетті суреттердің көмегімен сұхбатты жалғастыруларына мүмкіндік жасаңыз. Оқушылар жұптасып, өз аттарынан сұхбатқа түсулеріне болады. «1-сурет бойынша: Мен жаяу жүремін, 2-сурет бойынша: Аялдамадан автобусқа мінімін. 3-сурет бойынша: Сонан соң метроға түсемін. 4-сурет бойынша: Уақытында мектебіме де жетемін» мазмұнындағы сөйлемдерден мәтін құрайды. 2. Сюжетті сурет бойынша әңгімесін аяқтаған оқушы келесі оқушыға «Сен мектепке қалай барасың?» деген сұрақты қояды. Әр оқушы күнделікті мектепке баратын жолын әңгімелеп шығады.</p>	<p>Аудио үнтаспа Оқулықпен жұмыс http://www.balalaralemi.kz Өлендер Жұмбақтар https://www.google.kz детские сюжетные картинки</p>
<p>2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.</p>	<p>1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.</p>	<p>(МК; Ө; К) Берілген сөздерді тауып, буынға бөліп, сөйлем құрай алу білігін бағалау.</p>	<p>3. Мектепке барар жолда кездесетін «о» әрпі бар сөздерді, суреттерді тапқызыңыз және бос торкөздерде тағы да қандай сөздер болуы мүмкін екенін анықтатыңыз. Сөздерді буынға бөлдіріп, буын санын анықтатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p>(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.</p>	<p>Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. <i>О</i> дыбысы мен әрпі кездесетін сөздерді сызбаға жазғызыңыз.</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>

2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) «Т» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	44-сабақ. Менің мектепке баратын жолым. <i>Т</i> дыбысы мен әрпі «Т» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Т» дауыссыз дыбыс екенін, оның әріппен таңаланатындығын (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) практикалық іс-әрекет тұрғысынан танытыңыз. Оқулықтағы сюжетті суретке назар аудартып, жұмыс жүргізіңіз. Бұлтта жасырынған <i>т</i> дыбысы мен әрпін тапқызып, оның неге дауыссыз дыбыс екенін айтқызып, таңалануын көрсетіңіз. <i>Тай</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(МК;Ұ) Сұхбаттың мазмұнын түсіну.	1. Аудио үнтаспадан Әли мен Мерейдің сұхбатын тыңдатыңыз. Оқулықта берілген сұхбат оқушыларға оқып беріледі. Келесі тапсырманы орындауға оқушыларды дайындау мақсатында мәтін мазмұнымен жұмыс жасаңыз. Ол үшін сұрақ-жауап әдісін қолданыңыз.	Аудио үнтаспа Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Суреттердің көмегімен жасырынған сөздерді тауып оқытыңыз. Ол үшін жоғарыда берілген суретке оқушылардың назарын қайта аудартып, заттарға жасырынған әріптерді атағыңыз. Мысалы, бұлтқа «т», күнге «а», үйге «о», ағашқа «л», шарбаққа «н», гүлге «р» жасырынған. Әрі қарай Мерейдің мектепке барар жолда тапқан жасырынған сөздерін кестедегі суреттерден оқитынын айтыңыз. Суреттерге сәйкес тиісті әріптерді қойып сөздерді оқытыңыз. Мысалы: күн мен бұлт суретінен «ат»; күн, бұлт, күн суреттерінен «ата», т.б. сөздерді оқиды.	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки http://www.balalaralemi.kz

<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p>(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.</p>	<p>Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазуға сауатты жазу талабы ғана емес, көркем жазу талабы да қойылады. Көркем жазу арнайы сабақ болып өткізілмейді, сауат ашу сабақтарында жазу жұмысымен бірге жүргізіледі. Сондықтан оқушылардың көркем жазуына да көмек беріп отырыңыз. Оқушылардың <i>Тт</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуы қадағаланады. Бастырып жазу, генетикалық, ритмикалық әдістер қолданылады.</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>
<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану.</p>	<p>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p>	<p>(МК; Ө; К) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.</p>	<p>45–46-сабақтар. Менің мектепке баратын жолым. Тт дыбысы мен әрпі 1. Оқулықтағы «Оқы» белгісі тұрған сөздер мен сөйлемдерді өз бетінше буындап оқуға, жиі кездесетін сөзді тұтас оқуға, түсініп оқуға жаттықтырыңыз. Сөздің бір дыбысы өзгерсе, мағынасы да өзгереді оқушыларға аңғарту қажет. Оқушыларға сөздерді хормен, тізбектей, жекелей оқытыңыз. Сөздерді буынға бөлгізіп, дыбыстық талдаулар жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.</p>	<p>1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.</p>	<p>(МК; Ұ; Ө; К) Мәтінді түсініп, тиісті сөздерді орнына қою ретін білу білігін бағалау.</p>	<p>2. «Менің мектепке баратын жолым» тақырыбына берілген сөйлем сызбаларымен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушыларға Мерей мен Әлидің сұхбатын оқып беріп, бос торкөздерге тиісті сөздерді өздеріне тапқызып қойғызыңыз. 3. Сұхбатты оқып болған соң, оқушылардың әрқайсысына «Сенің мектепке баратын жолыңда не бар?» сұрағын қойып, жауап алыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>

1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(МК; Ө; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	4. Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алуын ұйымдастырыңыз. Мектептен қайтар жолда үйлерде, көлік аялдамаларында кездесетін шартты белгілерге оқушылардың назарын аудартыңыз. <i>Дәріхана, автобус аялдамасы, троллейбус аялдамасы, тоқта</i> белгілерін есте сақтаудың үйге қайтар жолды есте сақтауға көмектесетінін айтып, басқа да белгілерді оқушылардың есіне түсіріңіз.	Оқулық https://www.google.kz Жол белгілері
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестенді- ру.	(МК; Ө; К) Берілген сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	5. Оқушыларға «Тышқан ініне жету үшін нелерді кездестіреді?» ойынын ойнату арқылы тиісті сөздерді тапқызып, буынға бөлгізіп, дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық
3.8 Калли- графия- лық, графика- лық норма- ларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллигра- фиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестенді- ру.	(МК; Ө; К) «Т» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру	47–48-сабақтар. Сыныптан тыс уақытта. Уу дыбысы мен әрпі «У» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «У» бірде дауысты, бірде дауыссыз	Оқулық

		білігін бағалау.	дыбыс екенін, оның әріппен таңбаланатындығын (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) практикалық іс-әрекет тұрғысынан танытыңыз. Оқулықтағы сюжетті суретке назар аудартып, жұмыс жүргізіңіз. <i>Уық</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	1. Мәтінді аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп оқыған кезде желдің уілдеп шығарған дыбысын, ауға түскен сөздерді логикалық екпінмен оқуға мән беріңіз. Мұғалім мәтінді мәнерлеп оқу арқылы бүгінгі өтетін жаңа дыбысты, соған сәйкес жаңа сөздерді байқауына мүмкіндік жасайды. Желдің уілін оқушыларға айтқызып, қандай дыбыс естіп тұрғандарын сұраңыз. Сюжетті суретте берілген ауға ілінген сөздерді оқытыңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқытыңыз. Сөз мағынасымен жұмыс ұйымдастырады.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; К) Сөйлем сызбасымен шығармашылық жұмыс жасай алу білігін бағалау.	3. Тыңдалған мәтін бойынша берілген ақпаратты сурет, сызба арқылы оқушылардың өздігінен оқуына басшылық жасаңыз. Бұл тапсырманың сабақ басында тыңдалған мәтін бойынша құрастырылғанын естеріне түсіріңіз. Мәтіндегі сөздерді сұрақ қою арқылы оқушылардың есіне түсіреді: Орал мен Арал не істеді? (Ау салды.) Не у-у-у... деп уілдей бастады? (Жел.) Олар ауды қайда салды? (Өзенге.) Олар не істеді?	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар https://www.google.kz/detskie сюжетные картинки

			(Салды.) «Ау», «ауа» сөздері қайда ілініп қалды? (Ауға.) Сызба, суретпен берілген сөздерді оқушылардың ізденіп табуына және оларды өздіктерінен оқуына мүмкіндік жасаңыз.	
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) У-дың дауысты және дауыссыз болуын ажырата алу білігін бағалау.	4. У-дың дауысты және дауыссыз болып келуін танытыңыз. Оқулықтағы «ойлан» тапсырмасымен берілген сөйлемдер оқытылып, «ту», ау», «науа» сөздеріндегі «у» дауысты, дауыссызға талданады.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Уу</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ө; Т; К) Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау, ертегіні өз ойымен аяқтап, рефлексия жасай алу білігін бағалау.	49-сабақ. Сыныптан тыс уақытта. Уу дыбысы мен әрпі Әли мен Мерейдің диалогі мен «Үш жалқау» ертегісін аудио үнтаспадан тыңдатыңыз. Ертегі жанрымен таныстырыңыз. Оқушылардың назарын ертегідегі «ертеде» сөзіне аудартыңыз. Мектеп оқулықтарында осындай шығарма түрлері берілетінін байқатыңыз. Ертегіні топ болып ары қалай жалғастыру тапсырмасын беріңіз. Топта өз ойларымен бөлісіп, ертегіні әрі қарай жалғастыра алуларына ықпал етіңіз. Жұмыстарын топта жариялатып, «қол белгісі» әдісі арқылы рефлексия жасатып, бағалатыңыз.	Аудио үнтаспа. Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер

1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Т; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер, рефлексия жасау білігін бағалау.	Оқушыларға «Жалқаулардың іс-әрекеті сендерге ұнай ма? Ұнамаса, неліктен ұнамайды? Біздің арамызда жалқау оқушы бар ма?» сияқты сұрақтарға жауап алып, көзқарастарын білдіртіңіз. Өз іс-әрекеттеріне « <i>менің сөзім</i> » әдісі арқылы рефлексия жасауына ықпал етіңіз.	Оқулық
1.4 Оқиганы болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	3. Ребуспен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушыларға берілген сөз сызбасының екі ребуска да тиесілі екенін түсіндіріңіз. 4 әріптен тұратын бұл сөздің бірінші, үшінші дыбыстары дауысты, екінші, төртінші дыбыстары дауыссыз болып келеді. Бірінші ребустан «алау», екінші ребустан «анау» сөздері шығады. Суреттердің көмегімен жай сөйлемдер құрастырып айтқызыңыз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазу дәптері бойынша жұмыс ұйымдастырыңыз. 48-беттегі 3-тапсырамада шыққан сөз: <i>алау, анау</i> . Осы сөздерден сөйлем құрастыртып, дәптерлеріне жазғызыңыз. Оқушылар «Анау – алау», «Алау, лаула, алаула» сөйлемдерін құрастырып жазады.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) Дыбысты ажырату, тыңдаған мәтін бойынша сурет, сөз	50-сабақ. Сыныптан тыс уақытта. Шш дыбысы мен әрпі 1. Мәтінді аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп оқу арқылы шардан шыққан дыбысқа назар аудартып, топпен іздену жұмысын ұйымдастырыңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулық

		сызбалары арқылы ақпаратты оқу білігін бағалау.	Мәтіндегі «Шара», «Шора», «шар» сөздері мен «ыш» дыбысына назар аудартыңыз. «Бұл қай дыбыс?» «Ол қандай дыбыс?» сияқты сұрауларды беру арқылы жаңа дыбыс «ш»-ны байқатыңыз. Оның дауысты, дауыссыз екенін ажыратқызыңыз. Жоғарыда тыңдаған мәтін бойынша сурет, сөз сызбаларын оқытыңыз. <i>Шар</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	2–4. Оқулықтағы «Оқы» белгісі тұрған сөздер мен сөйлемдерді өз бетінше буындап оқуға, жиі кездесетін сөзді тұтас оқуға, түсініп оқуға жаттықтырыңыз. Мәтінді сызбаның және сөздердің көмегімен оқытыңыз.	Оқулық
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.	(МК; Ұ; К) Түрлі тілдік жағдаяттарда этикет сөздерді қолданып, кері байланыс жасау білігін бағалау.	5. «Шора шарларға қандай құттықтау сөздерін жазды?» «Сен Шораның орнында болсаң, қандай сөздер жазар едің?» сұрақтарына жауап алуды ұйымдастырады. Жаңа сабақтан игерген білімдеріне көңіл күйді білдіретін «смайликтер» әдісі арқылы кері байланыс жасатыңыз. Ол үшін алдын ала дайындалған дөңгелектерді оқушыларға таратып беріңіз, олар сабақтан алған әсерлерін, көңіл күйлерін дөңгелекке бейнелеуі керек.	Оқулық Смайликтер
3.11 Пунктуацциялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды	Оқушылардың <i>Шш</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс

	белгілерін қою.	гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Генетикалық әдіс – жеңілден ауырға қарай біртіндеп күрделендіріп үйрету.	
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Ұ; Т; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	51-сабақ. Сыныптан тыс уақытта. Шш дыбысы мен әрпі 1. «Сызғыш неге жылады?» мысалын оқып беріңіз. Соңғы азат жолда сызғыштың жылау себебі сызбалармен (сөзсіз) толықтырылып берілген. Әр оқушы: «Мен қалай жыламайын, Самат мені қаламмен шимайлады, – деп сызғыш қайтадан жылай бастады» деген сөйлемдерді сызбаның көмегімен «оқиды». Оқушылардың сөздерді тауып, құраған сөйлемдері әртүрлі болып шығуы мүмкін. Бұл жердегі негізі нәрсе – әр оқушының өзіндік пікірімен санасып, Саматтың қылығына баға беруге үйрету. Оқушыларға Саматтың қылығына баға бергізіңіз.	Аудио ұнтаспа Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер https://www.google.kz/detskie_sjuetnye_kartinki
1.4 Оқиганы болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; Ө; К) Ой ұшқырлығын, болжай алу білігін бағалау.	2. «Артығын тап» ойынын ойнатыңыз. Ойынның шартын түсіндіріңіз. Суреттерге назар аудартып, бұл заттарды бір сөзбен не деуге болатынын айтқызыңыз. Одан кейін олардың ішінен артық затты (дәптер, өйткені сөз құрамында «ш» жоқ) табуына ықпал етіңіз. Себебін анықтатып, дәлелдеулер жасатыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; К) Сөйлем сызбасымен шығармашылық жұмыс жасай алу білігін бағалау.	3. Оқушыларға суреттегілерді сөз сызбасына қойғызып, «Анау – шортан», «Анау – шыбын», «Анау – қайшы», «Анау – шағала», «Ол – ұшқыш», «Ол – қойшы» сөйлемдерін оқытыңыз. Бұл сөздерге ауызша буындық-дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық

3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. <i>III</i> дыбысы мен әрпі кездесетін сөздерді сызбаға жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ө; Қ) Мәтінді түсіну білігін бағалау.	52-сабақ. Сыныптан тыс уақытта. Сс дыбысы мен әрпі 1. Мәтінді аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп оқу элементтерін дұрыс қолдану арқылы оқып беріңіз. Оқушылардың назарын жыланнан шыққан дыбысқа, жаңа сөздерге («Санат», «сол», «ыс») аудартыңыз. «Жылан қандай дыбыс шығарды?» «Ол қандай дыбыс?» сұрақтарын қою арқылы оқушылардың өздігінен ізденуіне мүмкіндік жасаңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулық
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) «С» дыбысы мен әріпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	«С» дыбысы мен әріпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «С» дауыссыз дыбыс екенін, оның әріппен таңбаланатындығын (баспа және жазба түрі, бас әріп және кіші әріп) практикалық іс-әрекет тұрғысынан танытыңыз. Оқулықтағы сюжетті суретке назар аудартып, жұмыс жүргізіңіз. <i>Сағат</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі	(МК; Ө; Қ) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен,	2–3. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқытыңыз. Сөйлемді сызба-үлгілерге сүйеніп, толықтыртып оқытыңыз. Сөздің бір дыбысы өзгерсе де, сөз	Оқулық

	кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	мағынасы өзгеретінін оқушыларға байқату жұмысын жүргізіңіз. су сау сан су асу асау сана суат Тындаған мәтіні бойынша сурет, сөз сызбаларының көмегімен мәтінді «оқиды»: Санат көлге келе жатты. Сол жақтан жылан шыға келді. Ол тоқтай қалды. Жылан «Ыс» деді.	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	4. Оқушыларға сөзжұмбақтың шешілу жолын түсіндіріңіз. Суреттегі заттардың атын ататып, буынға бөлдіріп, дыбыстық талдау жасатыңыз. <i>Сс</i> әрпінен басталатын сөздерді дөңгелектерге сәйкес, әріп санын ескеріп, орнына дәл тауып қойғызыңыз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер https://www.google.kz
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бірібірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Сс</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ұ; Т; К) Мәтіннің мазмұнын оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау білігін, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасай алуын бағалау.	53-сабақ. Сыныптан тыс уақытта. Сс дыбысы мен әрпі 1. Оқулықта берілген әңгімені тыңдатыңыз немесе оқып беріңіз. «Әңгіме кім туралы?» «Самат кім?» «Ол не істеді?» сұрақтарына жауап алу арқылы мәтіннің мазмұнын оқиғаның ретін сақтай отырып баяндатыңыз. «Тындаған мәтіндерің ертегі емес, әңгіме екенін қайдан білдіңдер?» «Мұндай оқиға өмірде кездесе ме?» сұрақтарын қою арқылы әңгіме жанрының басқа	Аудио үнтаспа Оқулық

			жанрлардан айырмашылығын айқындап, қарапайым түсінік беріңіз. Оқушылардың тақырыпты түсінгендігі немесе түсінбегендігіне «қол белгілері» әдісі арқылы рефлексия жасатыңыз.	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Ребус шештіріліп, шыққан сөздердің сызбасы жазу дәптеріне жаздырылады: <i>сабақ, сабын</i> . Оқушылардың дәптерлеріне шыққан сөздің сызбасын салдырыңыз. Сөздерді қатыстырып сөйлем құратыңыз. Жұмбақ шештіруге, өлең оқып беруге болады.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ж; Ө; К) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	54-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 1. Бөлім бойынша нәтиже сабақта «Мен не үйрендім?» тақырыбында берілген тапсырмаларды орындатыңыз. Осы бөлімде өтілген 9 дыбысты дауысты, дауыссызға ажырату, сөздердің буындық санын анықтау, сөз, сөйлем сызбаларын ажырату дағдысын тексеріңіз. Өтілген сөздерді дұрыс әрі тез оқуды жұппен жұмыс арқылы тексеру, түрлі жағдаяттарда әдепті, әдемі сөздерді тауып айту сияқты тапсырмаларды орындатыңыз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер https://www.google.kz детские сюжетные картинки

<p>1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.</p>	<p>1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.</p>	<p>(МК;Ө; Ұ; К) Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау білігін бағалау.</p>	<p>2. Оқушының нәтиже сабақта бөлім бойынша алған білім, білік, оқу және қатысымдық дағдыларын өзі тексеріп, өзін-өзі түзетіп, өзін-өзі бағалауын жүзеге асырыңыз. Әр вагондағы сан буынның санын білдіреді. Суреттегі сөздерді буын санына қарай вагондарға орналастыру керек. Оқушыларға сөздерді буынға бөлгізіп, буын санын анықтап, сөйлем құрату жұмыстарын жүргізуге болады.</p>	<p>Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер https://www.google.kz/detskie_sюжетные_картинки</p>
<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану.</p>	<p>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p>	<p>(МК; Ө; К) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.</p>	<p>3. Оқушыларға сөздердің мағынасын ажыраттыру, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Ойын. Кім тез оқиды? Бір-бірінді тексер.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.</p>	<p>(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.</p>	<p>Оқушылардың әріптер мен сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. №2 жазу дәптерінің 25-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Оқушылар өздері танысқан әріптерді ұяшықтардан тауып, дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін анықтап, тиісті қарындаштармен бояуы керек.</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>

«Сауат ашу» пәні. 1-сынып

3-бөлім. Менің отбасым және достарым

Осыған дейін меңгерілген білім

3-бөлім алдыңғы бөлімдерден алынған білім мен дағдыларға негізделеді. Оқушылардың дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктері бар; сызба-үлгілерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасай алады; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады; сөздерді буынға бөлу дағдылары қалыптасқан; өтілген дыбыстар мен әріптерді оқу және жазу машықтары бар.

Контекст (мәнмәтін)

Үшінші бөлім оқушының өз отбасы мен достары туралы әңгімелеуіне мүмкіндік береді. Отбасы және күнделікті өмір туралы әңгімелейді. Менің отбасым және достарым туралы фильм көру, шығармалармен танысу арқылы достық туралы әңгімені жоспарлайды және жазады. Мұғалім белсенді тілдік ортаның құрылуын мүмкін ететін тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым тапсырма үлгілерін қолдана алады.

Қысқаша шолу

Бұл бөлімде оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту; фонематикалық есту-тыңдауын дамыту; тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту; дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру; *д, ы, м, қ, ұ, і* әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп пен кіші әріпті ажыратуға үйрету; әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру қарастырылады. Оқушылар ұжымда, топта, жұппен жұмыс жасауда жаңа сабаққа қатысты қойылған проблемалық сұрақтарға жауап іздейді, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауды үйренеді, іздену жұмыстарын жүргізеді. Отбасы, күнделікті өмір, достық туралы әңгімелердің мазмұнын айтады, жоспарлайды және олар туралы әңгіме жазады.

Оқу бағдарлама-сына сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер (оқыту әдістемесі бойынша)	Оқыту ресурстары
			<p>Әріппен жазуды үйрету мынадай тәртіппен орындалады:</p> <p>1. Сөзге дыбыстық талдау жасау арқылы керекті дыбыс бөліп алынады да, жеке және хормен дыбысталады; дыбыстың баспа және жазба әріптері көрсетіледі; ол әріптер бір-бірімен салыстырылады.</p> <p>2. Әріптің жазылу үлгісімен таныстырылады (тақтадан, кестеден, жазу үлгісінен таптыру).</p>	

			<p>3. Әріпті мұғалім өзі тақтаға жазып көрсетеді және оны әріп элементтері арқылы қалай жазуды түсіндіреді.</p> <p>4. Әріпті сөз ішінде басқа әріптермен қалай қосып жазу керектігі үйретіледі.</p> <p>5. Көркем және таза жазу талабы қойылады.</p> <p>6. Әрбір оқушының жазуын мұғалім бақылап, кемістігін түзетуге көмектесіп отырады.</p> <p>7. Жазу оқылған материалдар бойынша жүргізіледі (яғни оқу мен жазу бір материал бойынша жүргізіледі).</p>	
Менің отбасым және достарым				
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) «Д» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	55–56-сабақтар. Менің достарым. Дд дыбысы мен әрпі 1. «Д» дыбысы мен әрпін бір-бірінен ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Д» дыбысының дауысты не дауыссыз екендігін ажыраттырыңыз. Оның таңбасын көрсетіңіз. Сөздерде кездесу ретін танытыңыз. <i>Доп</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www.google.kz/detskie-syuzetnye-kartinki
2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау.	1.2.6.1 Мұғалімнің көмегімен ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату.	(МК; Ө; Қ) Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау, ертегіні өз ойымен аяқтау білігін бағалау.	Өлеңді аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп оқып беріңіз. Тыңдауға берілген өлеңді мәнерлеп оқып болғаннан кейін Эли мен Мерейдің сұхбатына назар аудартыңыз. «Балалар, Эли бізден не сұрайды?» деп, мәтіннің өлең не әңгіме екенін анықтатыңыз. Өлеңнің ұйқасқа құрылатынын естеріне түсіріңіз.	Аудио ұнтаспа Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі	(МК; Ө; Қ) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен,	2. Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Мұғалім сөздерді буындап, тұтастай	Оқулық

	кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	оқытады. Оқушылардың мәтінді сөз сызбаларымен толықтырып оқуына мүмкіндік жасаңыз. Мәтіннің соңғы сөйлеміне оқушылардың сұрақ қоюын және қойылған сұрақтарға жауап беруін ұйымдастырыңыз. Оқушылар мәтіннің соңғы сөйлеміне (Дана, Дулат – достар.) сұрақ қойып үйренеді: «Дана, Дулат кімдер?» немесе «Кімдер достар?».	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; Қ) Ой ұшқырлығын, сұрақтарға жауап беріп, сұхбаттаса алу білігін бағалау.	Оқулықтағы келесі тапсырмада берілген сұрақтарға жауап алу арқылы оқушылардың сыныптасымен сұхбаттасуын жүзеге асырыңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бірібірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Дд</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	(МК; Т; Қ) Дыбысты ажырату, буын санын анықтау білігін бағалау.	57-сабақ. Менің достарым. Дд дыбысы мен әрпі 1. Суреттегі сөздерді атаып, буынға бөлдіріп, дыбыстық талдау жасатып, <i>д</i> әрпінің орнын анықтатыңыз. Суреттегі сөздерді қатыстырып сөйлем құратыңыз. Оқушыларға шешуі суреттегі сөздер болатын жұмбақтар жасырып көріңіз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Жұмбақтар

1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлы- ғын, иллюстра-ция бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Әріптер мен сандарды қолданып сөз құрату жұмысын жүзеге асырыңыз. Оқулықта өтілген әріптер жүйесі беріліп, олар сандармен белгіленген. Сөздер сандармен берілген. Оқушылар сол сандарға сәйкес әріптерді пайдаланып, сөз құрайды: 10 5 9 – дос, т.с.с.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(Ө; К) Ой ұшқырлы- ғын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	3. «Ойлан, тап» ойынын ойнатыңыз. Ребусты шешудің жолын түсіндіріңіз. Ойынның шарты бойынша суреттегі заттардың бірінші әріптерінен жасырынған сөз шығады. Оқушылардың суреттегі заттардың атауларындағы алғашқы әріптерді қосып, «далада» сөзінің қалай шыққанын табуына мүмкіндік жасаңыз. Бұл сөзге буындық-дыбыстық талдау жасатыңыз және сөз мағынасымен жұмыс ұйымдастырыңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың әріптер мен сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
3.5 Мәтінді түрлі формада қарас- тыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана	(МК; Ө; Т; К) Суретпен жұмыс жасай білу білігін бағалау.	58-сабақ. Менің сыныптас достарым. Ы дыбысы мен әрпі 1. Сюжетті суреттермен жұмыс ұйымдастырыңыз. Мұғалім оқушылардың назарын оқулықта берілген суреттерге аударады. Ы әрпі мен дыбысының туған күніне келген қонақтардың	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал- мәтелдер https://www.google.kz

	отырып, жай сөйлемдер/ мәтін құрастыру және жазу.		аттарын тапқызып, дыбыстық талдау жасатыңыз.	детские сюжетные картинки
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) «Ы» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	«Ы» дыбысы мен әрпін бірінен ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Ы» дыбысының дауысты не дауыссыз екендігін ажыраттырыңыз. Оның танбасын көрсетіңіз. Сөздерде кездесу ретін танытыңыз. <i>Ыдыс</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Ө; Қ) Сюжетті сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беру, әңгіме құрай алу білігін бағалау.	2. Сюжетті сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беру, әңгіме құрай алу білігін бағалауды жүзеге асырыңыз. Оқушыларды топқа бөліп, «Оқушылар қандай сабақтарда болды?» «Олар әр сабақта немен айналысты?» «Сауат ашу сабағында қай әріппен танысты?» сұрақтары бойынша іздену жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Соңғы сұрақтың жауабы бүгінгі жаңа сабақ екенін айтуына ықпал етіңіз.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бірібірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Ыы</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс

1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(МК; Ұ; Ө; К) Мәтінді түсініп, тиісті сөздерді оқи білу білігін бағалау.	59–60-сабақтар. Менің сыныптас достарым. <i>Блы</i> дыбысы мен әрпі 1. «Бдыс» туралы мәтінді аудио ұнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп оқып беріңіз. Мәтінді түсініп, тиісті сөздерді оқи білу білігін бағалауды жүзеге асырыңыз. Мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтатыңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген сөздер мен мәтінді оқу түрлерін қолданып оқытыңыз. Сөз мағыналарымен жұмыс жасатыңыз.	Оқулық
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Т; К) Берілген сұрақтарға өз көзқарастарын білдіру, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасау білігін бағалау.	3. Суреттер арқылы оқушылардың түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдануын ұйымдастырыңыз. Суреттердегі оқушылардың тәртібіне, өздерін ұстауларына назар аудартыңыз. «Қай оқушы үзілісте өзін жақсы ұстады?», «Қай оқушы тәртібін жөндеу керек?», «Кінәлі болған жағдайда қандай әдепті сөздерді пайдаланар едің?» сұрақтары төңірегінде жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушылар сюжетті суретке сүйене отырып, берілген сұрақтарды топта талқылап, ортақ шешімге келіп, жауаптарын топта жариялайды. « <i>Менің сөзім</i> » әдісі бойынша өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасатыңыз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер https://www.google.kz детские сюжетные картинки

1.6 Тыңдау-шының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	(МК; Ұ; Ө; К) Өлең мазмұны бойынша түсінгендерін өз сөздерімен баяндау, балаға мінездеме беру білігін бағалау.	«Қай суреттегі оқушылар әдепті?», «Сен өзінді әдепті оқушы қатарына жатқызасың ба?» сұрақтары төңірегінде оқушылармен әңгімелесіңіз. « <i>Венн диаграммасы</i> » арқылы оқушының әдепті және әдепсіз қылықтарын топтастыртыңыз. «Әдепті оқушы» тақырыбында әңгіме құрастыруларына басшылық етіңіз. Әдептіге жазылған сөздер әңгіме құрастыруда басшылыққа алынады.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер https://www.google.kz/detskie_sujetnye_kartinki
3.11 Пунктуа-циялық норма-ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыс-тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың әріптер мен сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Дәптердің 30-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөздерді тауып, жазу керек. Мысалы: <i>Ыдыс, ырыс, отын, орын, сусын, басы.</i>	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) «М» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	61-сабақ. Менің отбасым. Мм дыбысы мен әрпі «М» дыбысы мен әрпін бір-бірінен ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «М» дыбысының дауысты не дауыссыз екендігін ажыраттырыңыз. Оның таңбасын көрсетіңіз. Сөздерде кездесу ретін танытыңыз. <i>Мысық</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер https://www.google.kz/detskie_sujetnye_kartinki

1.2 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ұ; Ө; К) Сұрақтарға жауап беріп, көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып айта білу білігін бағалау.	1. Оқушыларға оқулық кейіпкерлері Әли мен Мерейдің сұхбатын мәнерлеп оқып беріп, олардың да сұхбатқа қатысуын ұйымдастырыңыз. Диалог әдісін қолдану арқылы оқушылардың өз отбасы туралы айтуына ықпал етіңіз. Келесі тапсырмада көп нүктенің орнына «әкем», «шешем», «мен» сөздерін қойып айтқызыңыз. <i>«Ал менің отбасымда әке-шешемнен басқа ағам, қарындасым, інім бар».</i>	Оқулық
2.4 Мәтін-дегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мән-дес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ө; Т; К) Отбасы туралы әңгімелеуде мағынасы қарама-қарсы, мән-дес, көп мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	2. Оқушылардың өз отбасы туралы әңгімелеуде мағынасы қарама-қарсы, мән-дес, көп мағыналы сөздерді пайдалануын ескеріңіз. «Ең үлкен ата, Атын ата» өлеңін оқып беріп, оқушылардың назарын «үлкен» сөзіне аударыңыз. Топтық жұмыс ұйымдастырыңыз. «Үлкен» сөзіне мағынасы қарама-қарсы сөз (кіші) тапқызыңыз. Қарамен берілген «ата» сөзінің мағынасын оқушылардың әрқайсысына сұрақ қою арқылы ажыратқызыңыз: – Ең үлкен кім? – Ата. – Атын не істе? – Ата.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Мм</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; Қ) Сөйлем сызбасымен шығармашылық жұмыс жасай алу білігін бағалау.	62–63-сабақтар. Менің отбасым. Мм дыбыс мен әрпі 1. Сызба және сөздердің көмегімен оқушылардың мәтінді оқуын жүзеге асырыңыз. Оқушылардың берілген сөздер мен сызбалар арқылы «Мынау – менің атам. Оның аты – Марат. Ол – ұста. Мен атамды жақсы көремін» мәтінін оқуын ұйымдастырыңыз. Мәтіндегі атасының аты, оның қызметі әр баланың қалауы бойынша айтылады.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; Қ) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Мұғалімнің көмегімен сөздер, мәтін оқытылады. Сөздік жұмысы жүргізіледі: «томар», «малтатас», «малтыды».	Оқулық
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ұ; Қ) Сұрақтар қоя білу, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	3. Сурет және сызба арқылы сөйлем/мәтін құратыңыз. Алмас, Алмат, Мараттардың малтатас туралы кімге айтқанын сызықпен дұрыс жүру арқылы тапқызыңыз: <i>Алмас әкесіне малтатас туралы айтты. Алмат малтатас туралы ағасына айтты. Марат малтатас туралы атасына айтты, т.б.</i>	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. <i>М</i> дыбысы мен әрпі бар сөздерді буын санына қарай сызбаға сәйкестендіріп жазу.	Дәптермен жұмыс

2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ж; Ө; К) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	64–65-сабақтар. Менің отбасым. Ққ дыбысы мен әрпі «Қ» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Қ»-ның дауыссыз екені, оның сөз басында, ортасында, соңында келу үлгілерін көрсетіңіз. Таңбасын үйретіңіз. <i>Қарақат</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз. Оқулықта берілген сюжетті суретті басшылыққа алып әңгіме құратыңыз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	1. Сөздер буындап, тұтастай оқытылып, бір дыбыстың өзгеруінен жаңа сөздің пайда болу құбылысын байқатыңыз. Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалауды жүзеге асырыңыз.	Оқулық
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Т; К) Сюжетті суреттер бойынша қойылған сұраққа жауап беру білігін бағалау.	2. Суреттегі заттардың кімге тиесілі екенін тапқызыңыз. Әкесінің заттары: <i>балға, ара, шеге, қалақ</i> . Шешесінің заттары: <i>қасық, табақ, қазан, шанышқы</i> . Қыздың заттары: <i>қуыршақ, ойыншық тышқан, ойыншық тауық</i> .	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер https://www.google.kz картинки
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	Отбасы мүшелеріне қатысты заттарды оқушылардың дұрыс табуына және бұл заттарды үш топқа бөліп көрсетуіне мүмкіндік жасаңыз. Осы заттар ыдыстар, ойыншықтар, жұмыс құралдары болып топтастырылады. Оқушылар әкесінің заттары – жұмыс құралдары, шешесінің заттары – ыдыстар, қыздың заттары ойыншықтар екенін табады.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер https://www.google.kz картинки

3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бірібірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Ққ</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; Қ) Сөйлем сызбасын оқи алу білігін бағалау.	66–67-сабақтар. Менің отбасым. Ққ дыбысы мен әрпі 1. Сызба және сөздердің көмегімен оқушылардың мәтінді оқуын жүзеге асырыңыз. Оқушылардың «Анам ас үйде. Ол қасық, шанышқы алды. Мен атамды тамаққа шақырдым. Қуырдақ жедік. Артынан ыстық шай іштік» мәтінін сөздер мен сызбалар арқылы оқуын ұйымдастырыңыз.	Оқулық
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәнделес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ө; Қ) Берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып, ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	2. Әр суретке назар аудартылып, оның не екені (тақан, кесе, үстел) таптырылады. Суреттердің астында жазылған сөздер (суық, астында) оқытылады. Ол сөздерге дыбыстық талдау жасатып, оған мағынасы қарама-қарсы сөзді табу жұмысын ұйымдастырыңыз. Мысалы: <i>суық – ыстық; астында – үстінде.</i>	Оқулық
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Т; Қ) Сурет бойынша сұрақтарға толық жауап беру, әңгіме құрау, өз	3. Оқушылардың суреттегі отбасы мүшелерін дастарқан басына дұрыс отырғызуына және не үшін олай отырғызғанын дәлелдеуіне мүмкіндік жасаңыз. Бұл тапсырма «Кім қайда отыруы тиіс?» ойыны арқылы орындалады. Ойынның	Оқулық Смайликтер

		іс-әрекет-теріне рефлексия жасау білігін бағалау.	шарты: отбасы мүшелерін тиісті орындарына отырғызып, не үшін олай отырғызғанын дәлелдеуі тиіс. Мысалы, <i>Атам мен әжем төрде отырады. Өйткені, олар – отбасының үлкендері, т.с.с.</i> Тапсырма топтық жұмыс түрінде ұйымдастырылады. Өтіліп жатқан тақырып төңірегінде өзіндік ой-тұжырым, қорытынды шығарады. Оқушылар топта ортақ шешімге келіп, жұмыстарын топта жариялайды. Қойылған проблемалық сұрақтың жауабын тауып, ой қорытып, көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» тәсілі арқылы өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасайды.	
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дәптердің 36-бетінде берілген сөздерді буынға бөліріп, кестелерге жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ж; Ө; К) «Ұ» дыбысы мен әрпін тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	68–69-сабақтар. Менің отбасым. Ұ дыбысы мен әрпі «Ұ» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ұ»-ның дауысты екенін, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіңіз. Таңбасын үйретіңіз. Ұлу сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер https://www.google.kz картинки

1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(МК; Ұ; Т; Қ) Ой ұшқыр- лығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	1. Сөйлем сызбасын оқи алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Суреттегі «ұршық», «ұшақ», «ұста», «мұғалім», «ұстаз» сөздеріне назар аудартып, бұл сөздерде қай дыбыс жаңа екенін анықтатыңыз. Әр отбасы мүшелеріне тиесілі заттарды сурет арқылы болжатыңыз. Оқушыларға атаға «ұста», әжеге «ұршық», әкеге «ұшақ» суреттері сәйкес екенін тапқызыңыз. Бұл сөздерде қай дыбыс жаңа екені аңғартылады. Суреттерді өзара байланыстырып сөйлем құрастыруына ықпал етіңіз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесе- тін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; Қ) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; Қ) Сызба және сөздермен мәтін оқу білігін бағалау.	3. Сызба және сөздермен мәтін оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Менің анам» мәтінін оқуда сөзден басқа сызба да басшылыққа алынады: Мынау – менің анам. Оның аты – Нұрша. Ол – ұстаз. Анам – ұстамды кісі <i>немесе</i> т.б.	Оқулық
3.8 Калли- графия- лық, графи- калық норма- ларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллигра- фиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың Ұ әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Сөйлем сызбасын оқи алу білігін бағалау.	70–71-сабақтар. Менің отбасым. Ұр дыбысы мен әрпі 1. Топпен әр баланың өз отбасы туралы әңгімелеуін ұйымдастырыңыз. Суретке сәйкес сызбаларды оқытыңыз. Мысалы: «Мынау – әжем. Оның аты – Ұлжан. Ол – сатушы. Әжем – дана кісі, т.с.с.	Оқулық
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ө; К) Сұраққа нақты жауап беру, этикет сөздерді қолдану, сөйлем құрау білігін бағалау.	2. Оқушылардың өз отбасының мүшелері туралы әңгімелеуіне мүмкіндік жасаңыз. Сөйлеу барысында көркемсөз тіркестерін қолдана алуларына назар аударыңыз.	Оқулық https://www.google.kz/detskie_sujetnye_kartinki
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ж; Ө; К) «І» дыбысы мен әрпін бір-бірінен ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	72–73-сабақтар. Менің отбасым. Іі дыбысы мен әрпі «І» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «І» дыбысының дауысты екенін танытып, әріппен таңбалану үлгісін көрсетіңіз. «І»-нің дауысты екенін, оның сөз басында, ортасында, аяғында келу үлгілері көрсетіңіз. <i>Ірімшік</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www.google.kz/kartinki

1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Ж; К) Мәтін бойынша қойылған сұраққа жауап беру білігін бағалау.	1. «Менің отбасым» өлеңін аудио ұнтаспадан тыңдатып, өлеңдегі «ғалым», «мұғалім», «инженер», «дәрігер», сөздеріне сұрақ қойдырыңыз және «Отбасы мүшелері күнделікті немен айналысады?» сұрағының төңірегінде әңгімелесіңіз. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап алыңыз: «Өлең не туралы?» «Атасы кім болып жұмыс істейді?» «Әжесі ше?» «Әкесі ше?» «Анасы ше?» «Ол не үшін мектепке барады?» т.с.с. Оқушыларға «Өзіңнің отбасыңның күнделікті тіршілігін немесе немен айналысатынын әңгімелеп бер» тапсырмасын беріп, жауап алыңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Сөздердің мағынасын ажырату, хормен, тізбектей, жекелей оқу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқулықтағы «ін», «іні», «ірі», «іс», «тіл», «шіл», «іш», «тіс», «іл» сөздерінің оқылу үлгісін көрсетіңіз. « <i>Ақылды іс тындырады, Ақымақ тіс сындырады</i> » мақалын оқушыларға оқытып, мағынасына талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер Мақал-мәтелдер https://www.google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; К) Сөз сызбасын оқи алу, сөйлем құрау білігін бағалау.	3. Қай сурет сызбаға сәйкес келетінін оқушыларға тапқызыңыз. Оқушылар суреттегі («кілт», «піл», «тіл», «шіл») сөздердің атауын тауып, қайсысы берілген сөз сызбасына сәйкес келетінін айтады. Дыбыстық талдау жасатыңыз. Сөздерді қатыстырып сөйлем құратыңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуа-циялық норма-ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыс-	Оқушылардың <i>Іі</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен	Дәптермен жұмыс

	соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	
3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/ мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Ө; Т; Қ) Сюжетті суреттердегі негізгі идеяны түсініп, сызбаларға сүйеніп сөйлем құрау білігін бағалау.	74–75-сабақтар. Менің отбасым. Іі дыбысы мен әрпі 1. Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыртыңыз. Мұғалім әр суреттің мазмұны бойынша сұрақтар қойып, жауап алады. Мысалы, 1-сурет бойынша: –Бала не істеді? – Бала киімдерін іздеді. 2-сурет бойынша: – Ол қайда асықты? – Ол мектепке асықты. 3-сурет бойынша: – Бала сабаққа үлгерді ме? – Бала сабаққа кешікті. «Ол қандай оқушы?» «Сабаққа кешігуінің себебі неде?» «Сендердің күн тәртіптерің қалай құрылған?» сұрақтары арқылы сюжетті суреттегі негізгі ойды анықтатыңыз. YouTube сайтынан (Балапан және оның достары. Күн тәртібі. Мультфильм. Балапан ТВ) мультфильмді көрсетіңіз. Күн тәртібін дұрыс құрудың маңызы туралы айтыңыз.	Оқулық YouTube сайты (Балапан және оның достары Күн тәртібі Мультфильм Балапан ТВ)
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ж; Қ) Мәтін бойынша қойылған сұраққа жауап беру білігін бағалау.	2. Мәтінді аудио ұнтаспадан тыңдатып немесе оқып беріп, сұрақ қойыңыз: «Әсет әжесіне қадалған түйме үшін не айтты?» «Әжесі айтқанын бұлжытпай орындаған немересіне не айтты?» Оқушылардың өз ойларын ашық айтуларына, жүйелі жеткізулеріне ықпал жасаңыз.	Аудио ұнтаспа Оқулық

2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ж; К) Сұраққа нақты жауап беріп, этикет сөздерді қолданып сөйлем құрай алу білігін бағалау.	3. Оқушылардың жұптасып бір-біріне әдепті сөздер айтуын және оларды пайдаланып көрініс көрсетуін ұйымдастырыңыз. Олардың көрініс ойлап тауып, оны көрсетуіне ықпал етіңіз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дәптердің 41-бетіндегі тапсырма бойынша әріптерден сөз құрап жазу керек. Жауабы: <i>тілім, ілім</i> .	Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ө; К) Жеке ұғымдардың жалпылама атауын табу, иллюстрациясы бойынша болжау білігін бағалау.	76-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 1. Бөлім бойынша түзілген «Мен не үйрендім?» нәтиже сабағында «Менің отбасым және достарым» лексикалық тақырыбы бойынша алған білімі мен қалыптасқан тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының деңгейі түрлі тапсырмалар арқылы тексеріледі. Жеке ұғымдардың (ата, әже, әке, шеше, қыз) жалпылама атауын (отбасы) табу.	Оқулық https://www.google.kz/detskie сюжетные картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(МК; Ө; К) Сөйлем сызбасын оқи алу білігін бағалау.	2. Сөз сызбаларына сәйкес келетін сөздерді суреттерден тауып айтқызыңыз.	Оқулық

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.	3. Оқушылар сұрақтарға жазбаша жауап береді. Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қоюын, әріптер мен олар кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз.	Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюст- рациясы бойынша болжау.	(Ұ; Қ) Ой ұшқырлы- ғын, иллюстра- ция бойынша болжай алу білігін бағалау.	4. Өтілген әріптермен сөз құрату жұмысын жүзеге асырыңыз. Оқулықта өтілген әріптер жүйесі беріліп, олар сандармен белгіленген. Тапсырма сандармен берілген. Оқушылар сол сандарға сәйкес әріптерді пайдаланып сөз құрайды. Мысалы: <i>Отан, достық, ынтымақ, татулық.</i>	Оқулық
3.8 Калли- графия- лық, графика- лық норма- ларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллигра- фиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың әріптер мен олар кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Оқулықтың 67-бетіндегі 3-тапсырманы орындатыңыз. Оқушылар сұрақтарға жазбаша жауап жазуы керек.	Дәптермен жұмыс

«Сауат ашу» пәні. 1-сынып
4-бөлім. Бізді қоршаған әлем
Осыған дейін меңгерілген білім
4-бөлім алдыңғы бөлімдерден алынған білім мен дағдыларға негізделеді. Оқушылардың дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктері бар; сызба-үлгілерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасай алады; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады; сөздерді буынға бөлу дағдылары қалыптасқан; өтілген дыбыстар мен әріптерді оқу және жазу машықтары бар.
Контекст (мәнмәтін)
Төртінші бөлім оқушының өз отбасы мен достары туралы әңгімелеуіне мүмкіндік береді. Отбасы және күнделікті өмір туралы әңгімелейді. Бізді қоршаған әлем туралы фильм көру, шығармалармен танысу арқылы достық туралы әңгімені жоспарлайды және жазады. Мұғалім белсенді тілдік ортаның құрылуын мүмкін ететін тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым тапсырма үлгілерін қолдана алады.
Қысқаша шолу
Бұл бөлімде оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту; фонематикалық есту-тыңдауын дамыту; тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту; дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру; <i>е, к, ү, и, й, ғ, з</i> әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп пен кіші әріпті ажыратуға үйрету; әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру қарастырылады. Оқушылар ұжымда, топта, жұппен жұмыс жасауда жаңа сабаққа қатысты қойылған проблемалық сұрақтарға жауап іздейді, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауды үйренеді, іздену жұмыстарын жүргізеді. Қоршаған орта туралы әңгімелердің мазмұнын айтады, жоспарлайды және олар туралы әңгіме жазады.

Бізді қоршаған әлем				
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) «Е» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	77-сабақ. Мен және табиғат. Ее дыбысы мен әрпі «Е» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Е»-нің дауысты екенін, оның сөз басында, ортасында, аяғында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. <i>Елік</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www.google.kz картинки
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	1. Оқулық кейіпкерлері Әли мен Мерейдің сұхбатын оқып беріп, Мерей сұрағының жауабын ребусты шештіру арқылы таптырыңыз. Оқушылардың ребусты дұрыс шешуіне басшылық етіңіз. Әр суреттің алғашқы әріптерінен «немере» сөзі шығады.	Оқулық

1.9 Сөздерді, дыбыс- тарды орфо- эпиялық норма- ларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	(МК; Ө; Қ) Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, сәйкестен- діру білігін бағалау.	2. Дыбыстардың өзгеруінен және буындардың қосылуынан жаңа сөз пайда болатындығын аңғартыңыз: ар ал мен сен не ер ер ел емен сенім немере ерте	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(МК; Т; Қ) Сұрақтың жауабын суреттің көмегімен болжай алу білігін бағалау.	3. Сұрақтың жауабын суреттің көмегімен болжатыңыз. Суреттегі не? сұрағына жауап беретін «күн», «ай» сөздерімен «Күн ысыды. Ай туды» сөйлемдерін құрастыртыңыз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер https://www.google.kz картинки
3.8 Калли- графия- лық, графика- лық норма- ларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллигра- фиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Т; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Ее</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесе- тін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Мақалды түсініп оқып, мағынасын талдай алу білігін бағалау.	78-сабақ. Мен және табиғат. Ее дыбысы мен әрпі 1. «Ер қанаты – ат» мақалымен жұмысты «Ойлан, тап» ойыны арқылы ұйымдастырыңыз. Ойынның шарты бойынша бір оқушы мақалды оқиды, екіншісі оның мағынасын қалай түсінетінін айтады. Қай жұп дұрыс оқып, мағынасын дұрыс түсіндерсе, сол жұп жеңімпаз атанады.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Мақал- мәтелдер Жұмбақтар https://www.google.kz картинки

3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Т; Қ) Сюжетті суреттердегі негізгі идеяны түсініп, сызбаларға сүйеніп сөйлем құрау білігін бағалау.	2. Суреттер мен сызбалардың көмегімен «Есен не істеді?» сұрағына оқушылардың жауап беруіне мүмкіндік жасаңыз. Есеннің сабақтан бос кезде не істегенін бейнелейтін суреттердің көмегімен әңгіме құратыңыз: «Есен мұражайға барды. Атасымен шахмат ойнады».	Оқулық
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ж; Қ) Тыңдау арқылы және сюжетті суреттің көмегімен диалог құра алу білігін бағалау.	3. Диалогті қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылар жұбымен диалогті қалпына келтіреді. Диалог жауаптары берілген. Олар осы жауаптардың сұрақтарын құрастырады. Мысалы: – Атың кім? – Ерлан. – Жасың нешеде? – Алтыда. – Сен қандай баласың? – Ақылды.	Оқулық
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Т; Қ) Сурет мазмұны бойынша ертегі құрай алу білігін бағалау.	4. Суреттердің көмегімен оқушылардың ертегі құрастыруына мүмкіндік туғызыңыз. Әрбір сюжетті сурет бойынша сұрақтар қойыңыз. Ертегіні «Ерте, ерте, ертеде» сөздерімен бастатып, құрастырып жазуына ықпал етіңіз.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Мақал-мәтелдер Жұмбақтар https://www.google.kz картинки
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың әріптер мен сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Дәптердің 44-бетіндегі сызбаға <i>Е</i> дыбысы мен әрпі кездесетін сөздерді жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс

2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) «К» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	79–80-сабақтар. Мен және табиғат. Кк дыбысы мен әрпі «К» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «К»-нің дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында, соңында келу үлгілерін көрсетіңіз. Таңбасын үйретіңіз. <i>Күшік</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. «К» әрпі бар сөздер оқытып, сөздік және сөз мағынасымен жұмыс жүргізіңіз. «Текемет», «кесіртке», «кесте», «елік», «терек» сөздерінің суреттерін көрсетіңіз. «Ерлік» сөзінің мағынасын өмірден мысалдар келтіру арқылы түсіндіріңіз.	Оқулық https://www.google.kz картинки
3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Ө; Т; Қ) Жаңылтпашты жатқа айтып, өз нұсқасын құрастыра алу білігін бағалау.	2. Оқушыларға жаңылтпашты оқытыңыз. Жаңылтпашты оқушыларға оқытып, жатқа айтқызыңыз. Оқушылар осы жаңылтпашқа ұқсас өз нұсқаларын құрастырады.	Оқулық http://www.balalaralemi.kz Жаңылтпаштар
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және оларды қолдана білу.	(МК; Ө; Қ) Сұрақ қоя білу білігін, іздену жұмысын жасай алу деңгейін бағалау.	3. Іздену жұмысын ұйымдастырыңыз. Алдымен сөздерді оқытып, буынға бөліріп, буын санын анықтатып, дыбыс түрлерін ажыраттырыңыз. Әрі қарай сөздерің мағынасына талдау жасатыңыз. <i>Кім?</i> сұрағына жауап беретін сөздерді таптырыңыз. Сөздерден сөйлем құратыңыз. <i>Кім? не? сұрақтарына жауап беретін сөздерді оқушылар топтайды:</i> <i>Кім? – Еркін, етікші, кісі.</i> <i>Не? – ірімшік, ешкі, кілт, кіші.</i>	Оқулық

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгі- лерін қою.	(МК; Ө; К) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.	Мұғалім оқушылардың <i>Кк</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалайды. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.2 Мәтіннің тақы- рыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(МК; Ө; К) Мәтіндегі негізгі ойды түсінуін, сұрақтарға жауап бере отырып, іздену жұ- мыстарында белсенділік таныту білігі арқылы бағалау.	81-сабақ. Мен және табиғат. Кк дыбысы мен әрпі 1. Өлең мазмұнымен жұмыс ұйымдастырыңыз. С. Мәуленовтің «Ата ақылы» өлеңін аудио үнтаспадан тыңдатыңыз немесе мәнерлеп оқып беріңіз. «Кім үлкен болған кезінде сыйлы болмақ?» сұрағына оқушылардан жауап алыңыз. Өлеңді оқушыларға жаттатыңыз.	Аудио Үнтаспа Оқулық http://www.balalaralemi.kz Тақпақтар Мақал- мәтелдер
2.4 Мәтін- дегі сөздердің мағына- сын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағынала- рын ажырату.	(МК; Ө; К) Мағынасы қарама-қарсы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	2. Мағынасы қарама-қарсы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Суреттердің көмегімен «кіші», «ескі» сөздеріне мағынасы қарама-қарсы сөздерді таптырып, олармен «Тышқанның денесі – кіші, ал пілдің денесі – үлкен», «ескі қап – жаңа қап» сөйлемдері мен сөз тіркестері құрастырылады.	Оқулық
3.5 Мәтінді түрлі формада қарас- тыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сыз- ба, сурет, белгілер қолдана оты- рып, жай сөйлемдер/ мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Т; К) Диалогке қатыса отырып, өз ойын жүйелеп жеткізе алу білігін бағалау.	3. Еркіннің хатын тыңдап, сұрағына жауап іздетіп жаздырыңыз. Еркіннің өзінің күн тәртібі бойынша аптаның жеті күнінде не істейтіндігін баяндаған хатын балаларға тыңдатып, оны сюжетті суреттермен салыстырғызыңыз. Хаттың соңында берілген «Сендер неше күн оқисындар? Демалыс күні не істейсіндер?» сұрақтарына жауап жазғызыңыз. Өтілмеген сөздерді сызбамен не суретпен береді.	Оқулық https://www.google.kz картинки

<p>2.4 Мәтін-дегі сөздердің мағынасын түсіну.</p>	<p>1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мән-дес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.</p>	<p>(МК; Ө; Қ) Көп мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.</p>	<p>4. Көп мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушылардың назарын суреттегі есіктің кілті, музыка кілті, машина кілтіне назар аудартып, олардағы ортақ нәрсені таптырыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p>(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.</p>	<p>Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дәптердің 46-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Әріптерден сөз құрап, жазу керек. Мысалы: <i>кілт, кіші.</i></p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>
<p>2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.</p>	<p>1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.</p>	<p>(МК; Ж; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.</p>	<p>82–83-сабақтар. Мен және табиғат. Ү дыбысы мен әрпі «Ү» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ү»-нің дауысты екенін, оның сөз басында, ортасында, аяғында келу үлгілерін көрсетіңіз. Таңбасын үйретіңіз. Сюжетті суретпен жұмыс жүргізіңіз. <i>Үш</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық http://www.balalaralemi.kz Өлеңдер https://www.google.kz картинки</p>

<p>1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.</p>	<p>1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).</p>	<p>(МК; Ұ; Т; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.</p>	<p>1. Ж. Бедештің «Қандай жақсы!» өлеңін тыңдатып, ондағы кейіпкердің іс-әрекетіне баға бергізіңіз. Өлең мазмұны бойынша сұрақтар қойыңыз: 1) Алма неше бөлікке бөлінді? 2) Неше бөлігі достарына берілді? 3) Достары неге таңдайларын қақты? Оқушының өлең кейіпкері туралы көзқарасын білу мақсатында «Өлең саған ұнады ма? Неліктен ұнады?» сұрақтары қойылып, жауап алынады.</p>	<p>Аудио ұнтаспа Оқулық</p>
<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану.</p>	<p>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p>	<p>(МК; Ө; К) Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалау.</p>	<p>2. Оқулықта берілген сөздер мен жаңылтпашты буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сөздер буындап, тұтастай оқытылып, сөздегі дыбыстың өзгеруіне байланысты жаңа сөз пайда болатындығына назар аудартыңыз: үн үш сүт түлкі күн күш күт күлкі</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.</p>	<p>1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.</p>	<p>(МК; Т) Сюжетті суреттердің көмегімен мультфильмнің не туралы екенін болжатып, аяқтату.</p>	<p>3. Достық туралы мультфильмнің желісімен салынған сюжетті суреттер арқылы оқушылардың шағын әңгіме құрауын ұйымдастырыңыз. Мультфильмнің не туралы екенін фильм кадрлары бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергізу арқылы байқатуға болады. 1-кадр бойынша: Қасқыр қайда және не істеп тұр? Түлкі, үкі, күшік ше? 2-кадр бойынша: Олардың әрқайсысы қасқырға қандай сыйлық ұсынды? 3-кадр бойынша: Оқушылар сюжетті өздері ойларынан құрастыру керек. Оқушыларға мультфильмді аяқтау тапсырмасын беріңіз.</p>	<p>Оқулық</p>

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.	Мұғалім оқушылардың <i>Ү</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалайды. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұ- нын түсіну.	1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.	(МК; Ө; Қ) Мәтіндегі негізгі ойды түсініп, автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалау.	84–85-сабақтар. Мен және табиғат. Ү дыбысы мен әрпі 1. Мәтіндегі негізгі ойды түсініп, автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген мәтінді оқу түрлерін қолданып оқытыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесе- тін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; Қ) Оқулықта берілген жаңылтпаш- ты жатқа айту білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген жаңылтпашты тұтастай оқу және жатқа айту білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(Т; Қ) Ой ұшқырлы- ғын, иллюст- рация бойынша болжай алу білігін бағалау.	3. «Ү-ні қайдан табамын?» ойынын ойнатыңыз. Ойын шарты бойынша берілген суреттердің атын айтып, «ү» сөздің қай жерінде кездесетінін анықтатыңыз.	Оқулық

1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(Ж; К) Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.	4. Ребусты шешудің жолын түсіндіріңіз. «Ойлан, тап» ойынын ойнатыңыз. Ойынның шарты бойынша оқушылар суреттегі заттардың атауларындағы алғашқы дыбыстарды қосып, «үтік» сөзін шығаруы керек. Сөзжұмбақтан <i>үтік</i> сөзі таптырылып, буындық-дыбыстық талдау жасалады.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дәптердің 48-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Әріптерден сөз құрап, жазу керек. Мысалы: <i>күшік, үміт, түлкі</i> .	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) «И» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	86–87-сабақтар. Мен және табиғат. Ии дыбысы мен әрпі «И» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «И»-дің дауысты екенін, оның сөз басында, ортасында, соңында келу үлгілерін көрсетіңіз. Таңбасын үйретіңіз. <i>Инелік</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз. Сюжетті суреттегі сөздерді оқытыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.	1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.	(МК; Ө; К) Өленді түсініп, автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді оқытыңыз. Сөздердің өзгеруіне не себеп болғанын анықтатыңыз. Қ. Баянбайдың «Керек» өлеңін сөздермен бірге сөз сызбаларының көмегімен оқытыңыз. «И» әрпі кездескен сөздерге буындық-дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық

<p>1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.</p>	<p>1.1.9.2 Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.</p>	<p>(МК; Ұ; К) Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну білігін бағалау.</p>	<p>2. Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну білігін бағалауды ұйымдастыру. «Тиін–тиын» сөздерінің айырмашылықтарын тапқызыңыз. Сөздерге дыбыстық талдау жасатып, буынға бөлгізіңіз. Сөз мағынасын талдау жұмысын жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық https://www. Google.kz детские сюжетные картинки</p>
<p>1.6 Тыңдаушының назарын аудару.</p>	<p>1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.</p>	<p>(МК; Т) Сөйлеу барысында сипаттау сөздерін қолданып, фильмнің не туралы екенін болжауды аяқтату.</p>	<p>3. Сюжетті суреттер арқылы берілген фильмнің тақырыбын анықтап, оған ат қойдыру жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Фильмнің әр кадры бойынша салынған суреттерге сұрақ қойып, жауап алыңыз. 1-кадр бойынша: Өрт шыққан үйде кім қалып қойды? Ит қайтті? 2-кадр бойынша: Ит өрт ішінен қызды қалай алып шықты? 3-кадр бойынша: Иесі итіне деген ризашылығын қалай білдірді? Фильмге ат қойғызыңыз. Осыдан кейін <i>«Ит – адамның досы»</i> дегенді қалай түсінесің? сұрағын қойып, талқылаулар жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.</p>	<p>(МК; Ө; К) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.</p>	<p>Оқушылардың Ии әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>

1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиганың ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ө; К) Мәтін мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалау.	88-сабақ. Мен және табиғат. Ии дыбысы мен әрпі 1. Мәтін мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушылар мәтінді кезекпен тізбектеп, жеке оқиды. «Ши» сөзінің мағынасын YouTube сайтынан (Ши тоқу – YouTube) видео көрсету арқылы түсіндіріңіз.	Аудио ұнтаспа Оқулық Ши тоқу – YouTube видео
1.4 Оқиганы болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Суретте берілген «қуыс» пен «ін» ненің мекені екенін болжатыңыз. Оқулықтағы «тышқан», «ит», «тиін», «қасқыр» суреттеріне оқушылардың назарын аударып, «қуыс», «ін» суреттері бұлардың қайсыларына тиесілі екенін анықтатыңыз. Сөздерді буынға бөлдіріп, буын санын анықтаңыз. Суреттермен байланыстыртып сөйлем құрастыртыңыз. Тақырып мазмұнын ашатын өлеңдер оқып, жұмбақ жасырыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ө; К) Көп мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	3. Оқушылардың «ине» сөзінің мағыналарын дереккөздерден анықтауына мүмкіндік жасаңыз. Суреттегі кәдімгі инені, шыршаның инесін, кірпінің инесін салыстырады. Бұлардың неге «ине» деп аталатындығын сөздіктен қарау арқылы анықтатыңыз.	Оқулық https://www.Google.kz детские сюжетные картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(Т; К) Ой ұшқырлығын, сөз, сөйлем сызбасын оқу білігін бағалау.	4. Оқушыларға сөзжұмбақты шешу жолын түсіндіріңіз. Суреттегі заттардың атын атап, буынға бөлдіріп, дыбыстық талдау жасатыңыз. Сөзжұмбақтан «ит», «ине», «инелік», «итмұрын» сөздерін тапқызып, буындық-	Оқулық

			дыбыстық талдау жасатыңыз. <i>И</i> әріпінен басталатын сөздерді дөңгелектерге сәйкес әріп санын ескеріп, орнына дәл тауып қойғызыңыз.	
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) «Й» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	89–90-сабақтар. Мен және табиғат. Йй дыбысы мен әрпі «Й» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Й» дыбысының дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында, соңында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. <i>Йогурт</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz картинки
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ж; Қ) Сұраққа жауап беру, дереккөздермен жұмыс жасау білігін бағалау.	1. Өлеңде берілген сұрақтардың жауабын дереккөздерден алуға мүмкіндік жасаңыз. Өлеңдегі қай сұрақтарға жауап беретіндерін анықтатыңыз. Жауап бере алмайтын сұрақтары бойынша дереккөздермен жұмыс ұйымдастырыңыз. «Кітаппен дос бол. Кез келген сұрағыңа жауапты кітаптан таба аласың» деген қорытынды пікірге талдау жасатыңыз.	Аудио үнтаспа Оқулық

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалау.	2. Сөздер буындап, тұтастай оқытылып, сөздегі дыбыстың өзгеруіне және буынның қосылуына байланысты жаңа сөз пайда болатындығына назар аудартылады: Ата ай ой май сай Атай сай қой шай сайман, т.б.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Сөз құрай алу білігін бағалау.	3. Кестедегі сөздерден адамның аттарын құрастыру жұмысын ұйымдастырыңыз. Дыбыстарды ажыратқызып, буын санын анықтатыңыз. Сөздерді қатыстырып сөйлемдер құратыңыз. Оқушылар «Ай» сөзіне түрлі қосымшаларды жалғау арқылы адам есімдерін шығарады: Айдос, Айдар, Айжан, Айнұр, т.б. Сөйлемде кездескен <i>й</i> әрпінің орнын анықтатыңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Йй</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ұ; Ө; К) «Ғ» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	91–92-сабақтар. Мен және табиғат. Ғғ дыбысы мен әрпі «Ғ» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ғ»-ның дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіңіз. Таңбасын үйретіңіз. <i>Ғарышкер</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www. Google.kz картинки

1.9 Сөздерді, дыбыс- тарды орфо- эпиялық норма- ларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	(МК; Ұ; К) Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, буын санын анықтау білігін бағалау	Сюжетті суреттегі «таға», «ғалам», «ғасыр», «ғарыш», «сағат» сөздерін тұтастай оқытып, бұл сөздермен сөздік және буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз. Қалауыңыз бойынша ұсынылған сайттардан сабақ мазмұнын ашатын материалдарды тандап алып, қолданыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар https://www.Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; К) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықтағы «Оқы» белгісі тұрған сөздер мен сөйлемдерді өз бетінше буындап оқуға, жиі кездесетін сөзді тұтас оқуға, түсініп оқуға жаттықтырыңыз. Оқу түрлерін қолдана отырып, сөздерді оқытыңыз.	Оқулық
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ө; К) Мәтін мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалау.	Мәтін мазмұнын сұрақтарға толық жауап бере отырып, ретімен баяндау білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Мәтін хормен, тізбектеп, жеке оқытылып болғаннан кейін мазмұны бойынша сұрақтар қойыңыз: Талғат аға қайда ұшты? Ол кім? т.с.с.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, иллюстрация бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Артығын тап тапсырмасы бойынша жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушылар артық заттың <i>сағат</i> екенін болжай алу керек. Дәлелдеу жұмыстарын жүргізіңіз. Мысалы: <i>Артық зат – сағат. Себебі, барлық заттардың атауында ғ дыбысы бар. Сонымен қатар құстар мен сағат берілген. Құстар көп. Сондықтан сағат артық деп ойлаймын.</i>	Оқулық

3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және оларды қолдана білу.	(МК; Ө; К) Жаңылтпашты жатқа айтып, сұрақтарға жауап беру біліктілігін бағалау.	3. Жаңылтпашпен жұмысты ұйымдастырыңыз. «Торғай тоғайды ұнатады, Тоғай торғайды ұнатады» жаңылтпашын оқушы дұрыс, қатесіз оқиды. «Жатқа айту» ескертпесін басшылыққа алып, жаттатыңыз және тез-тез айтуға жаттықтырып үйретіңіз. 4. «Қай құс нені ұнатады?» ойынын ойнатыңыз. Ойынның шарты бойынша: «Шағала нені ұнатады?», «Қарға ше?», «Қарлығаш ше?» сұрақтарына дұрыс жауап берген оқушы жеңімпаз атанады. Оқушылардың өздері білетін жаңылтпаштарын да айтқызыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Жаңылтпаштар
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау	Оқушылардың <i>ff</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.10.2 Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз).	(МК; Т; К) Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу білігін бағалау.	93-сабақ. Мен және табиғат. ff дыбысы мен әрпі 1. Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестелердегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. «Қ»-ға аяқталған сөздерге (моншақ, атақ, қармақ) «ы»-ны қосқанда болатын өзгеріс байқатылады: моншақ+ы = моншағы; атақ+ы = атағы; қармақ+ы = қармағы. Сөздердегі өзгерістерді байқатып, қорытынды жасатыңыз.	Оқулық

<p>1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.</p>	<p>1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.</p>	<p>(МК; Ө; Қ) Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу білігін бағалау.</p>	<p>2. Кестедегі суреттермен берілген сөздерден «ғ» әрпі бар сөздер таптырылып (таға, сырға, сағат, шалғы, тоғыз, сызғыш, қарлығаш), оларға буындық-дыбыстық талдау жасалады.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және оларды қолдана білу.</p>	<p>(МК; Т; Қ) Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алады және орынды қолдана біледі.</p>	<p>3. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алуға және орынды қолдануға үйрету жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқиғаны болжай отырып, диалогті қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асырыңыз. Оқулықта берілген диалог жауаптарына олардың сұрақтарын топтық жұмыс арқылы тапқызыңыз. Сұрақтарды тапқаннан кейін сұхбаттасуды жүзеге асырыңыз: – Мынау қай құс? – Қарлығаш. – Ол қандай құс? – Ол – адамға дос құс. – Қарлығаш адамды неден сақтайды? – Қарлығаш адамды қатерден сақтайды, т.с.с.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.</p>	<p>1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.</p>	<p>(МК; Т) Сюжетті суреттердің көмегімен мәтіннің не туралы екенін болжап, әңгімелеу</p>	<p>4. Сюжетті суреттер арқылы әңгіме құрастыртыңыз. Әңгімелеу барысында түлкінің қулығы, қарғаның аңқаулығы жайында оқушылардың айтуына ықпал етуді ұмытпаңыз. Сюжетті сурет бойынша әңгімелемес бұрын жетекші сұрақтар қойыңыз.</p>	<p>Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Ертегілер</p>

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.	Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою. Оқушылардың әріптер мен олар кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. №3 жазу дәптерінің 7-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемді жазу керек. Мысалы: <i>Сағат тоғыз болды. Ғарышкер аспанға ұшты.</i>	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) «Г» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	94–95-сабақтар. Мен және табиғат. Г дыбысы мен әрпі «Г» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Г» дауыссыз екені, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіңіз. Таңбасын үйретіңіз. Гүл сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз: «шеге», «егеу», «неге», «негеш», «ардагер», «кереге», «гүл», «Гүлнұр». Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Ө; Қ) Өлең мазмұнындағы сұрақтардың жауабын дереккөздер арқылы табу білігін бақылау.	Оқушылардың өлең мазмұнындағы сұрақтардың жауабын дереккөздер арқылы табуына мүмкіндік жасаңыз. Өлеңді оқушылардың өздеріне оқытып, «Қай сұраққа жауап бере аласыңдар?», «Қай сұрақтарға жауап беруге қиналып тұрсыңдар?» сұрақтарын қойыңыз. Қиналып тұрған сұрақтарына жауапты дереккөз материалдарынан іздету жұмыстарын жүзеге асырыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Кітаптар

1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Т) Оқыған мәтіннің тақырыбын анықтап, мазмұндау. Өз көзқарасын білдіру.	2. Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқып беріңіз. Оқыту түрлерін қолданыңыз. Сызба бойынша мәтінді жалғастыртыңыз. «Айнұр не деуі мүмкін? Гүлнұрдың іс-әрекетін талқылаңдар» сұрақтапсырмаларына өз көзқарасын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.	Оқулық
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау	1.3.10.2 Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу (терминсіз).	(МК; Т; К) Тәуелдік және жіктік жалғауларының қарапайым формаларын қолдана алу білігін бағалау.	3. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. «Терек», «шелек», «ілгек» сөздеріне «і» жалғанғанда болатын өзгеріс байқатылады: терегі, шелегі, ілгегі.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Г</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Сөздерді оқытып, дыбыстық талдау жасатып, берілген сызбаларды тиісті түстермен боятыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Ұ) Сюжетті суреттердің көмегімен ертегінің не туралы екенін болжап, сұрақтарға жауап беріп, ертегіні аяқтау.	96-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 1. Суреттер арқылы «Бұл қай ертегі?» сұрағын қойып, қай ертегі екенін таптырыңыз. Тапқаннан кейін «Мақта қыз бен мысық» екенін қалай білдіңдер? «Суретте не көмектесті?» деген сияқты сұрақтармен тірек сөздер таптырылады. «Мақта қыз шақырғанда мысық тез келе қойса, ол осыншама қиындық көрер ме еді?» сұрағы арқылы ертегідегі негізгі ой анықтатылады.	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки

			<p>Қалған ертегілердің аты мен негізгі ойын осылай анықтатыңыз.</p> <p>2. «Мен де салқындайын, су ішейін» сөйлемі қай ертегіге тиесілі екені таптырып, дәптерге жазғызыңыз.</p>	
2.4 Мәтін-дегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ө; К) Мағынасы қарама-қарсы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	<p>3. Суреттің көмегімен мағынасы қарама-қарсы сөздерді тапқызып, берілген сөйлемді жаздырыңыз. «Суреттен мағынасы қарама-қарсы сөздерді тап» тапсырмасы бойынша іздену жұмысын беріңіз. Суретте берілген «қант» және «бұрыш»-тың көмегімен «тәтті», «ащы» сөздерін таптырыңыз. Дәптерге «Қант тәтті, ал бұрыш ащы» сөйлемін жазғызыңыз.</p>	Оқулық https://www.Google.kz детские сюжетные картинки
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.	<p>Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою. Оқушылардың әріптер мен сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Сөздерді оқытып, дыбыстық талдау жасатып, берілген сызбаларды тиісті түстермен боятыңыз.</p>	Дәптермен жұмыс

«Сауат ашу» пәні. 1-сынып

5-бөлім. Саяхат

Осыған дейін меңгерілген білім

5-бөлім алдыңғы бөлімдерден алынған білім мен дағдыларға негізделеді. Оқушылардың дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктері бар; сызба-үлгілерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасай алады; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады; сөздерді буынға бөлу дағдылары қалыптасқан; өтілген дыбыстар мен әріптерді оқу және жазу машықтары бар.

Контекст (мәнмәтін)

Бесінші бөлім оқушының табиғат, саяхат туралы әңгімелеуіне мүмкіндік береді. Саяхат туралы фильм көру, шығармалармен танысу арқылы әртүрлі тақырыптағы әңгімені жоспарлайды және жазады. Мұғалім белсенді тілдік ортаның құрылуын мүмкін ететін тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым тапсырма үлгілерін қолдана алады.

Қысқаша шолу

Бұл бөлімде оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту; фонематикалық есту-тыңдауын дамыту; тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту; дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру; *ң, ө, з, ж, н, б, х, һ* әріптерін меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп пен кіші әріпті ажыратуға үйрету; әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру қарастырылады. Оқушылар ұжымда, топта, жұппен жұмыс жасауда жаңа сабаққа қатысты қойылған проблемалық сұрақтарға жауап іздейді, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауды үйренеді, іздену жұмыстарын жүргізеді. Саяхат туралы әңгімелердің мазмұнын айтады, жоспарлайды және олар туралы әңгіме жазады.

Саяхат

2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) «ң» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	97–98-сабақтар. Орманға саяхат. ң дыбысы мен әрпі «ң» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «ң» дауыссыз екенін, оның сөздің ортасында, соңында келу үлгілерін көрсетіңіз. «Аң» сөзінен «ң» дыбысын бөліп алып, балаларға хормен, жеке айтқызыңыз. «ң»-ның артикуляциясын көрсетіңіз. Әріптік таңбасын үйретіңіз. <i>Жаңғақ</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www. Google.kz картинки
--	--	--	---	--

2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау.	1.2.6.1 Мұғалімнің көмегімен ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату.	(МК; Ұ) Мазмұндау. Өз көзқарасын білдіру. Мәтіннің жанрын анықтай алу. Сөздерге буындық-дыбыстық талдау жасау.	1. Оқулықта берілген сөздер мен мәтінді буындап, тұтастай оқу, мәтіннің жанрын анықтай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. «Орманда» мәтіні бойынша сюжетті суреттің көмегімен мәтінді мазмұндату жұмысын жүзеге асырыңыз. «н» дыбысы кездесетін сөздерге буындық-дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.2 Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.	(МК; Ө; К) Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну, буынға бөлу білігін бағалау.	2. Кестемен жұмысты ұйымдастырыңыз. Кестеден тек «н» дыбысы бар сөздерді (саңырауқұлақ, жаңғақ, шаңғы, қоңырау, шаңсорғыш) тапқызып, дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін анықтатып, буын санын анықтауына ықпал етіңіз. «Н» мен «н»-ды дұрыс дыбыстап, айыра білуге үйретіңіз. Дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бірібірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>н</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; К) Оқу түрлерін қолдану білігін бағалау.	99-сабақ. Орманға саяхат. н дыбысы мен әрпі 1. Оқу түрлерін қолдану білігін бағалауды жүзеге асырыңыз. Оқулықта берілген «Қоңырау» өлеңін буындап, тұтастай оқытуды жүзеге асырыңыз.	Оқулық

2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау.	1.2.6.1 Мұғалімнің көмегімен ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату.	(МК; Ө; Т; К) Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау, ертегіні сурет бойынша айту білігін бағалау.	2 – 3. Оқулықта берілген құмырсқа туралы ертегіні оқып беріңіз. «Бұл қай жанрға жатады?», «Оның ертегі екенін қайдан білдіңдер?» сұрақтарын қою арқылы оқушылардың ертегіні басқа жанрлардан ажырата алу машықтарын тексеріңіз. Оқушыларға ертегіні сурет бойынша жалғастырып, «Құмырсқаның достары шын достар ма?», «Адал дос қандай болады?» деген сұрақтарға жауап іздетіңіз. Тыңдалған мәтін мазмұнын сурет бойынша айта алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Ертегілер
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.	Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою. Оқушылардың әріптер мен олар кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) «Ө» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	100–101-сабақтар. Табиғатқа саяхат. Өө дыбысы мен әрпі «Ө» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ө» дауысты дыбыс екенін, ол сөздің басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіңіз. Әріптік таңбасын үйретіңіз. «Өрмекші» сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www.Google.kz картинки
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа	(МК; Ө; К) Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу білігін бағалау.	1. Оқулықтағы Мерей мен Әлидің сұхбатын оқып беріңіз. «Табиғат дегеніміз не?» деген сұраққа балалардың не білетіндерін анықтап алыңыз. «Бізді қоршаған әлем» туралы балаларда бар білімді анықтау үшін «Өрмекші торы» немесе «Шырмауық» әдісін қолдансаңыз болады. Балалар	Оқулық

	жауап беру (мұғалімнің көмегімен).		шеңбер болып тұрады. Мұғалім қолына бір бума (дөңгелекше) тоқыма жібін алып, жіптің ұшын қолына ұстап, сұраққа жауап берген оқушының қолына жіпті бір рет орайды. Келесі жауап берген оқушы да жіптен ұстайды. Осылайша әр жауап берген оқушы қолына жіпті бір рет орайды. Шеңбер болып тұрған оқушылардың қолындағы жіп те өрмекші торы секілді шиеленісе береді. Белгіленген уақыттан кейін (5 минут) әр оқушының қолындағы жіп орауын санау арқылы табиғат туралы қаншалықты мәлімет білетіндігін анықтайды.	
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және оларды қолдана білу.	(МК; Ө; К) Заттың атын білдіретін сөздерді ажырату, сұрақ қою білігін бағалау.	Оқулықтағы суреттермен жұмыс жүргізіңіз. Сөздерді оқытып, буындық, дыбыстық талдаулар жасатыңыз. Ө әрпі кездесетін сөздердің (көл, шөл) сызбасын салуға тапсырма беріңіз. Орындаған жұмысын өзара тексеріп, бағалауды ұйымдастырады. Сөздерді қатыстырып сөйлем құрастыртыңыз. Оларға сұрақтар қойғызыңыз. Заттың атын білдіретін сөздерді ажырату, сұрақ қою білігін бағалауды жүзеге асырыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Т; К) Оқу түрлерін қолдана алу, кері байланыс жасау білігін бағалау.	2. Оқулықтағы «Оқы» белгісі тұрған сөздер мен сөйлемдерді өз бетінше буындап оқуға, жиі кездесетін сөзді тұтас оқуға, түсініп оқуға жаттықтырыңыз. Оқиға бойынша бір-бірін бағалап үйренуге басшылық жасаңыз. Топтағы қатар отырған төрт оқушы (немесе алдыңғы партадағы екі оқушы мен артқы партадағы екі бала) бір-біріне сөздерді оқып береді және оқығандарын өзара бағалайды.	Оқулық

			Өз еркімен оқығысы келетін оқушы сыныпқа бір-бір сөзден дауыстап оқып береді. Сыныптастарының қалай оқығанын оқушылардың өздеріне «Қол белгісі» әдісі арқылы бағалатып, кері байланыс жасатыңыз.	
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Ж; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың Өө әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. 84-беттегі қоңырау өлеңін көшіртіп жазғызыңыз. ң дыбысы кездесетін сөздерді буынға бөліріп жазғызыңыз. Қатені табу және түзету жұмыстарын жұппен жұмыс жүргізу әдісі арқылы ұйымдастырыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.6 Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау.	1.2.6.1 Мұғалімнің көмегімен ерекшелігіне қарай мәтін жанрын (өлең, әңгіме, ертегі) ажырату.	(МК; Ө; Ж; Қ) Мәтіннің түрлері мен жанрын, стилін анықтау, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	102–103-сабақтар. Табиғатқа саяхат. Өө дыбысы мен әрпі 1. Мәтін түрлері мен жанрларын, стилін ажырату тақырыбынан бұған дейін игерген білімдерін естеріне түсіріңіз. Оқулықтағы мәтінді оқу түрлерін қолдану арқылы өздеріне оқытыңыз. «Оқыған мәтін өлең бе, әлде әңгіме ме?» сұрағына жауап алып, дәлелдеулер жасатыңыз.	Оқулық
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ө; Қ) Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу білігін бағалау.	Мәтін желісі бойынша оқулықта берілген сұрақтарға оқушылардан жауап алуды ұйымдастырыңыз. Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу білігін бағалаңыз.	Оқулық

<p>2.4 Мәтін-дегі сөздердің мағынасын түсіну.</p>	<p>1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.</p>	<p>(МК; Ө; Т; Қ) Мағынасы қарама-қарсы, мәндес, көп мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.</p>	<p>2. Жаңылтпашты жатқа айту білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жаңылтпаштағы қарамен берілген «көрші» сөзінің екі түрлі мағына білдіретіндігін дәлелдету жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Дыбысталуы бірдей, бірақ мағынасы әртүрлі сөздерді суреттер арқылы немесе түсіндірме сөздіктер арқылы түсіндіріңіз. «Көрші» сөзінің мағынасын түсіндіруді алдымен балалардың өзіне жұптық жұмыс түрінде жүзеге асырыңыз. Балалар бірінің білмегенін екіншісі толықтыруы мүмкін. Сөздің мағынасын түсінбеген жағдайда суреттер немесе мысалдар келтіру арқылы түсіндіріңіз.</p>	<p>Оқулық https://www. Google.kz детские сюжетные картинки</p>
<p>1.4 Оқиғаны болжау.</p>	<p>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.</p>	<p>(МК; Ө; Қ) Сурет бойынша болжап, дәлелдеулер жасау білігін бағалау.</p>	<p>3. Тапсырма мұғалімнің көмегімен орындатылады. Бірінші қатардағы суреттерге сәйкес келетін суретті екінші қатардан табу керек. Мысалы: Жаңбыр жауса, қолшатыр керек; қар жауса, қолғап керек екенін оқушы өзі ізденіп табуы қажет. Суреттердің жылдың қай мезгіліне байланысты берілгенін оқушыларға анықтатып, дәлелдеулер жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.</p>	<p>(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.</p>	<p>Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Дәптермен жұмыс</p>

<p>2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.</p>	<p>1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.</p>	<p>(МК; Ж; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.</p>	<p>104–105-сабақтар. Табиғатқа саяхат. 3з дыбысы мен әрпі Суреттердің көмегімен табиғатқа нелер жататынын анықтауға және сол суреттердің ішінде оқылатын жаңа әріп кездесетін сөзді тауып, сызбасын салу тапсырмасын орындатыңыз. Дыбыстың айтылу ерекшелігіне қарай дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алуына мүмкіндік жасаңыз. Дыбыс артикуляциясын дұрыс қоюға үйрету үшін «Айна» ойынын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың бірі айна болады. Ал екіншісі сол айнаға қарап, әріпті айтады. Мысалы, айнаға (оқушыға) қарап отырып, «з» деп айтқанда тіліміз қайтеді? Дыбыс кедергіге ұшырап қысқа айтылып тұр. Ендеше «з қандай дыбыс?» деп дыбыстың артикуляциясын бақылай отырып, айтылу ерекшелігіне қарай дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алуына мүмкіндік жасаңыз. Әріптің таңбалануын көрсетіңіз. <i>Зымыран</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз. Тақырыпқа байланысты өлеңдер оқып, жұмбақтар жасырыңыз.</p>	<p>Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар https://www.Google.kz детские сюжетные картинки</p>
<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану.</p>	<p>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p>	<p>(МК; Ө; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу, кері байланыс жасау білігін бағалау.</p>	<p>1. Оқулықтағы «Оқу» белгісі тұрған сөздер мен сөйлемдерді өз бетінше буындап оқуға, жиі кездесетін сөзді тұтас оқуға, түсініп оқуға жаттықтырыңыз. Оқиға бойынша бір-бірін бағалап үйренуге басшылық жасаңыз. Сыныптастарының қалай оқығанын оқушылардың өздеріне көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» әдісі арқылы бағалатып, кері байланыс жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық Смайликтер</p>

<p>2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.</p>	<p>1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).</p>	<p>(МК; Ө; Ж; Қ) Мәтінді суреттерді қосып оқу және сұрақтарға жауап беру, рөлге бөліп оқу білігін бағалау.</p>	<p>2. Мәтінді суреттерді қосып оқу және сұрақтарға жауап беру, рөлге бөліп оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Мәтінді оқуда суреттермен дұрыс байланыстырып, мәтінді өз сөзімен аяқтауына ықпал етіңіз. Қозы мен ботаның сөзін рөлмен оқытыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.</p>	<p>1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/ мәтін құрастыру және жазу.</p>	<p>(МК; Ө; Т; Қ) Тақырыпқа байланысты керекті сөздер мен суреттерді қолданып ертегі құрастыру білігін бағалау.</p>	<p>3. Оқушылардың «Ақылды ұзақ» ертегісін құрастыруына ықпал етіп, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізіңіз. Тірек сөздерді қолдануына басшылық жасап, түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Сөздер: ұзақ, шөлдеді, құмыра, тұмсығы, су, тас, салды, көтерілді. Ертегі мазмұны бойынша алдын ала дайындалған сұрақтарды қойып, жауап алыңыз. Топта отырып талқылаулар жасап, ертегі құрастыруына ықпал етіңіз. «Автор орындығы» стратегиясын қолданып, оқушыларға ертегінің мазмұнын айтқызыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.</p>	<p>(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.</p>	<p>Оқушылардың <i>Зз</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.</p>	<p>Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс</p>

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Өленді мәнерлеп, оқу түрлерін қолданып оқи алу білігін бағалау.	106-сабақ. Табиғатқа саяхат. 3з дыбысы мен әрпі 1. Оқулықта берілген жаңылтпаштағы сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жаңылтпашты жаттатыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.1 Сөз/сөйлем сызбасын оқу.	(Ж; Қ) Ой ұшқырлығын, сөз/сөйлем сызбасы бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Сөзжұмбақ шештіріліп, шыққан сөздер дәптеріне жаздырылады: <i>өзен, қызыл, сызғыш.</i> Сөздерді қатыстырып сөйлем құратыңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде жұмбақ шештіруге, өлең оқып беруге болады. 3. Мақалды оқытыңыз. Мағынасын бір-біріне түсіндіруіне ықпал етіңіз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ж; Қ) Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді, көп мағыналы сөздердің мағынасын ажырата алу білігін бағалау.	4. «Ойлан, тап» ойыны бойынша мағынасы қарама-қарсы сөздерді табуға берілген тапсырманы орындатыңыз. Мысалы, <i>түзу – қисық, таза – кір, т.б.</i> Сөздерді тауып, буындық, дыбыстық талдау жасатыңыз. Сөйлемдер құратыңыз.	Оқулық Сыныптағы кітап бұрышы Ұялы телефон
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Дәптермен жұмыс

2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	107–108-сабақтар. Табиғатқа саяхат. Ә дыбысы мен әрпі «Ә» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ә»-нің дауысты екенін, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіңіз. Әріп таңбасын үйретіңіз. Сюжетті суретте берілген «ән», «сән», «дәрі», «тәтті» сөздерін тұтастай оқытып, бұл сөздермен сөздік және буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз. <i>Әтеу</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www. Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектеп, жеке оқытыңыз.	Оқулық
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.	1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.	(МК; Ө; Қ) Мәтіндегі негізгі ойды түсініп, автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалау.	Мәтіндегі негізгі ойды түсініп, автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Мәтін хормен, тізбектеп, жеке оқытылып болғаннан кейін мазмұны бойынша сұрақтар қойыңыз. Оқушыларға мәтіннің мазмұнын айтқызыңыз. Өздерінің қыс мезгілінде ойнайтын сүйікті ойындары туралы әңгімелетіңіз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; Қ) Оқулықта берілген сөздер мен жаңылтпашты буындап, тұтастай оқу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген жаңылтпашты буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жаңылтпашты жатқа айтқызыңыз.	Оқулық

1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.2 Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну.	(МК; Ө; Қ) Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну, ой ұшқырлығын, буынға бөлу білігін бағалау.	3. Бұрынғы өтілген әріптермен сөз құрату және оларға сәйкес суреттерді таптыру жұмысын жүзеге асырыңыз. Сөздерді буынға бөліп, дыбыстық талдау жасатып, сөйлем құратыңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Әә</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.	1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.	(МК; Ө; Қ) Мәтіндегі негізгі ойды түсініп, автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалау.	109-сабақ. Табиғатқа саяхат. Әә дыбысы мен әрпі 1. Мәтінмен жұмыс жасауды ұйымдастырыңыз. Мәнерлеп оқытыңыз. Мәтіндегі негізгі ойды түсініп, автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалауды жүзеге асырыңыз. Аққаланы сипаттатыңыз. Сипаттау сөздерін орынды қолдана алуына ықпал жасаңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде Youtube (https://www.youtube.com Әли мен Айя. Аққала туралы ән. Видео) сайтынан «Аққала» туралы әннің видеосын көрсетіңіз.	Оқулық https://www.youtube.com Әли мен Айя. Аққала туралы ән Видео
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы	(МК; Ө; Қ) Мағынасы қарама-қарсы, мәндес, көп мағыналы сөздерді	2. Оқулықта берілген суреттердің астындағы жасырынған сөздерді тапқызыңыз. Олардың қандай сөз болуы мүмкін екеніне басқа суреттердің астындағы жазуларды оқытып, болжау жасатыңыз. Сөздің мағынасын түсінбеген	Оқулық

	сөздердің мағыналарын ажырату.	ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	жағдайда суреттер немесе мысалдар арқылы түсіндіріңіз. Мысалы, <i>кәрі – жас</i> , т.с.с.	
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; Қ) Ой ұшқырлығын, мазмұны бойынша болжай алу білігін бағалау.	3. Жұмбақтың шешуін оқулықта берілген суреттерден іздеуін ұйымдастырыңыз. Сөздерді қатыстырып, сөйлем құратыңыз. Сабақта қосымша жұмбақ шештіруге, өлең оқып беруге болады.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау, әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. №3 жазу дәптерінің 17-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Әріптерден сөз құрап жазу керек. Мысалы: <i>Әдемі, дәрігер</i> .	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ж; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	110-сабақ. Табиғатқа саяхат. Жж дыбысы мен әрпі. «Ж» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ж» дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. <i>Жеті</i> сөзіне дыбыстық, буындық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www.Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздер мен сөйлемдерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге	Оқулық

	кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.		асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ж; К) Мәтін бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру білігін бағалау.	«Жарыс» мәтінін оқып танысқан соң, мәтін соңындағы сұраққа жауап іздеп, бір-бірінің пікірін тыңдатуға мүмкіндік жасаңыз. «Кім жеңеді? Кім жарыс мәресіне тез жетеді? Мәтінде жиі қайталанып тұрған қандай дыбыс бар?» сұрақтарына жауап алыңыз. Сөйлемнің соңында тұрған тыныс белгілер нені білдіретінін оқушылармен бірге талқылаңыз. Қосымша тапсырма ретінде қалауыңыз бойынша Youtube (https://www.youtube.com Ат жарыс 2) сайтынан алынған «Ат жарыс 2» видеосын оқушыларға көрсетіңіз.	Оқулық https://www.youtube.com Ат жарыс 2
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.3 Сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау.	(МК;Т; К) Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, сәйкестендіру білігін бағалау.	2. Жана сөздердің ішінен өтілетін дыбыс/әріпті таптыру іс-әрекетін ұйымдастырыңыз. «Буындардан сөз құра» тапсырмасын «Кім жылдам?» ойыны арқылы жарыс түрінде ұйымдастырыңыз. Оқушыларға белгілі бір уақыт ішінде буыннан сөз құратыңыз. Мысылы, <i>жалау, арық, т.с.с.</i>	Оқулық
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндел, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ө; К) Мағынасы қарама-қарсы, мәндел, көп мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	3. Қарамен берілген сөздерді оқытып, мәндел сөздерді тапқызып, берілген сөйлемді жаздырыңыз. «Жай», «жуа» сөздерінің қолданылуына қарай берілген мағынасына талдау, дәлелдеулер жасатыңыз.	Оқулық

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Жж</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
3.5 Мәтінді түрлі формада қарас- тыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/ мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Ө; Т; К) Мәтіндегі негізгі идеяны түсініп, сызбаларға сүйеніп сөйлем құрау білігін бағалау.	111–112-сабақтар. Табиғатқа саяхат. Жж дыбысы мен әрпі 1. Мәтінді жалғастырып, сызбалардың көмегімен әңгіме құрастыртыңыз. Мұғалім әр сөйлем бойынша сұрақтар қойып, жауап алады. Оқушы жауапты әр суреттегі сызбаның көмегімен береді. Мысалы, 1-сөйлем бойынша: – Олар бізге не береді? – Олар бізге жем, шөп береді, т.с.с. Мәтін бойынша талдау жұмысын жүргізіңіз. Мәтіндегі негізгі ойды анықтатып, қарама-қарсы сөзді тапқызыңыз.	Оқулық https://www. Google.kz картинки
1.9 Сөздер- ді, дыбыс- тарды орфо- эпиялық норма- ларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(Ө; К) Дыбыс түрлерін ажырату, шағын мәтін құрастыру, өзін-өзі бағалау.	2. Суретпен жұмыс ұйымдастырыңыз. Суреттегі «Ж» дыбысынан басталатын сөздерді тапқызып, дыбыстық, буындық талдаулар жасатыңыз. Солардың біреуімен мәтін құратыңыз. Өзін-өзі бағалауды көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» әдісі арқылы жүзеге асырыңыз.	Оқулық Смайликтер
2.4 Мәтін- дегі сөз- дердің мағына-	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама- қарсы	(МК; Ө; К) Мағынасы қарама- қарсы, мәндес, көп	3. Оқулықта берілген суреттердің астындағы жасырынған сөздерді тапқызыңыз. Олардың қандай сөз болуы мүмкін екеніне басқа суреттердің астындағы жазуларды	Оқулық

сын түсіну.	мағыналы, мән-дес, көп мағыналы сөздердің мағына-ларын ажырату.	мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	оқытып, болжау жасатыңыз. Сөздің мағынасын түсінбеген жағдайда суреттер немесе мысалдар арқылы түсіндіріңіз. Мысалы: <i>жуан – жіңішке, жақын – алыс.</i>	
Ж10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	Ж10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алады және орынды қолдана біледі.	(МК; Ж; Қ) Сұрақтарға нақты жауап беру білігін бағалау.	4. Сұрақтарға нақты жауап бере алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Диалогті оқыта отырып, сұрақ жауабын сызбаға қарап болжатыңыз. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алуын және орынды қолдана білуін тексеріңіз.	Оқулық
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Ж дыбысы мен әрпі кездесетін сөздерді сызбаға жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	113–114-сабақтар. Табиғатқа саяхат. Пn дыбысы мен әрпі «П» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «П» дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында, аяғында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. «Айна» ойыны бойынша дыбыс артикуляциясын қою арқылы n дыбысы дауысты не дауыссыз екенін оқушылар өздері қорытынды жасап, ажырата алатындай болуы қажет. Сюжетті суретте берілген «апа»,	Оқулық https://www. Google.kz картинки

			«қақпан», «кептер», «апан», «пана», «парта» сөздерін тұтастай оқытып, бұл сөздермен сөздік және буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз. <i>Піл</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.	1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.	(МК; Ө; К) Өлеңдегі негізгі ойды, автордың не туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалау.	1. Оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқып беріңіз. Өлеңдегі негізгі ойды, автордың не туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалауды жүзеге асырыңыз. Өлең желісі бойынша сұрақтар қоя отырып, мазмұндатыңыз. Өлеңге ат қойғызыңыз. «Кірпі» сөзіне дыбыстық, буындық талдаулар жасатыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; К) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	2. Кестедегі сөздерді оқытып, <i>и</i> әрпінің орнын анықтатыңыз. Мәтін хормен, тізбектеп, жеке оқытылып болғаннан кейін мазмұны бойынша сұрақтар қойыңыз. Оқушыларға мәтіннің мазмұнын айтқызыңыз. «Кірпінің сұрағына көжек қандай жауап айтты деп ойлайсың?» сұрағына жауап алыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндел, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ө; К) Мағынасы қарама-қарсы, мәндел, көп мағыналы сөздерді ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	Мәтінде кездескен «әдемі» сөзіне мәндел сөздерді тапқызыңыз. Мысалы: жақсы, сұлу, т.с.с. Осы сөздерді қатыстырып сөйлемдер құратып, сызбасын тақтаға сыздырыңыз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін,	(МК; Ж; К) Мәтінді рөлге бөліп, түсініп оқу, дауыс ырғағын, мәнерін,	Оқушылардың сыныптас досымен мәтінді рөлге бөліп, түсініп оқуын ұйымдастырыңыз. «Кірпінің сұрағына көжек қандай жауап айтады деп ойлайсың?» сұрағы бойынша оқушылардың	

	вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолданып, сұрақтарға жауап беру білігін бағалау.	іздену жұмысын ұйымдастырыңыз. Дәлелдеулер жасатыңыз.	Оқулық
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.	(Ө; К) Сөйлеу барысында түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу, рөлде ойнай алу білігін бағалау.	Оқушылардың сөйлеу барысында түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолданып рөлде ойнай алуын ұйымдастырыңыз. Бір оқушыға кірпі, бір оқушыға көжек рөлін бөліп беріп, сахналатыңыз. Кейіпкерлерге «Венн диаграмма» әдісін қолданып мінездеме бергізіңіз.	Кейіпкерлердің маскалары
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Пп</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс

<p>2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.</p>	<p>1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.</p>	<p>(МК; Ө; К) Мәтіндегі негізгі ойды түсініп, автордың не туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалау.</p>	<p>115-сабақ. Табиғатқа саяхат. <i>Пл</i> дыбысы мен әрпі 1. «Жаралы кептер» әңгімесін мәнерлеп оқып беріңіз. Мәтіннің мазмұны туралы оқушылардан: – Әңгіме ұнады ма? Ұнаса немесе ұнамаса, неліктен? – деп сұрап, өз ойын айтқызуға жетелейтін сұрақтарды ойластырыңыз. Мәтін кейіпкерінің әрекетіне оқушылардың өз пікірін, ойын айтуға мүмкіндік беретіндей сұрақтар қойылу қажет. Мысалы: – Талап қандай бала деп ойлайсың? – Неліктен? Осындай жағдай сенің өмірінде кездесті ме?</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.</p>	<p>1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.</p>	<p>(МК; Ө; К) Мәтіннің мазмұнын сюжетті сурет арқылы баяндай алу білігін, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауын бағалау.</p>	<p>2. Оқушыларға мәтінді оқытыңыз. Оқулықта берілген сюжетті суреттердің көмегімен мәтінді мазмұндатыңыз. Оқушыларға сюжетті суреттің көмегімен мәтінді баяндаған оқушылардың өз ойын жеткізу, мәтіндегі негізгі ойды түсініп, жүйелі айту, көркемсөз тіркестерін орынды қолдана алу шеберлігін «<i>Бағдаршам</i>» әдісі арқылы іс-әрекеттеріне рефлексия жасатып, бағалатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.</p>	<p>1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.</p>	<p>(Ө; К) Дыбыс түрлерін ажырату, шағын мәтін құрастыру, өзін-өзі бағалау.</p>	<p>3. Суретпен жұмыс ұйымдастырыңыз. Суреттегі «П» дыбысынан басталатын сөздерді тапқызып, дыбыстық, буындық талдаулар жасатыңыз. Солардың біреуімен мәтін құратыңыз. Өзін-өзі бағалауды көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» әдісі арқылы жүзеге асырыңыз.</p>	<p>Оқулық Смайликтер</p>

1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқыр- лығын, иллюстра- ция бойынша болжай алу білігін бағалау.	Қосымша тапсырма. Мұғалімнің сыйы ретінде жұмбақ шештіруге, өлең оқып беруге болады. Сөзжұмбақ шештіріп, шыққан сөздердің жауабын тақтаға жаздыртыңыз. Сөздерді қатыстырып сөйлем құратыңыз.	Оқулық http://www. Balalaralemi. kz Өлеңдер Жұмбақтар Тақтамен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыс- тарды орфо- эпиялық норма- ларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі ды- быс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(МК; Т; К) Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, сәйкес- тендіру білігін бағалау.	4. Оқулықта берілген сөздерден артық сөздерді таптыру жұмыстарын ұйымдастырыңыз. https://www.Google.com сайтынан (детские сюжетные картинки) тақырыпқа қатысты суреттерді іріктеп алыңыз. Сөздерді оқытып, артық сөзді анықтатып, дәлелдеулер жасатыңыз. Сөздерге дыбыстық-буындық талдау жасатыңыз. Сөздерді қатыстыртып сөйлем құратыңыз.	Оқулық https://www. Google.kz детские сюжетные картинки
3.8 Калли- графия- лық, графи- калық норма- ларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллигра- фиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау, әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сөздерді оқытып, дыбыстық талдау жасатып, берілген сызбаларды тиісті түстермен баятыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестенді- ру.	(МК; Ө; К) «Б» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкес- тендіру білігін бағалау.	116-сабақ. Табиғатқа саяхат. Бб дыбысы мен әрпі «Б» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Б» дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. <i>Бақбақ</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www. Google.kz картинки

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық								
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ж; Қ) Сұраққа жауап беру білігін, іздену жұмысын жасай алу деңгейін бағалау.	Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Рөлге бөліп оқытыңыз. Іздену жұмысын ұйымдастырыңыз. Дереккөздермен жұмыс жасатыңыз.	Оқулық								
1.4 Оқиганы болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Ж; Қ) Берілген сұрақтың жауабын сызбаға қарап болжау білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сұрақтар бойынша іздену жұмыстарын жүргізіңіз. Берілген сұрақтың жауабын сызбаға қарап болжатыңыз. Оқушыларға жұптық жұмыс жасатып, диалогті оқытыңыз.	Оқулық								
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(МК; Ж; Қ) Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, сәйкестендіру білігін бағалау.	Қосымша тапсырма. <i>Бақа</i> және <i>балық</i> сөздеріне дыбыстық және буындық талдау жасауды жұптық жұмыс түрінде ұйымдастырыңыз. Оқушылар талдау сызбасын бір-біріне төмендегідей үлгіде көрсетеді: <table border="1" data-bbox="769 1498 1229 1651"> <tr> <td>Көк түс</td> <td>Қызыл түс</td> <td>Көк түс</td> <td>Қызыл түс</td> </tr> <tr> <td>Б</td> <td>а</td> <td>қ</td> <td>а</td> </tr> </table> <p>Оқушылар бір-бірінің талдау сызбасын көңіл күйді білдіретін «Смайлик» әдісі арқылы бағалайды.</p>	Көк түс	Қызыл түс	Көк түс	Қызыл түс	Б	а	қ	а	Алдын ала дайындалған кестелер, түрлі түсті қарындаштар Смайликтер
Көк түс	Қызыл түс	Көк түс	Қызыл түс									
Б	а	қ	а									

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Бб</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстра- циясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Т; К) Диалогке қатысу, сұраққа жауап беріп, өз ойын жүйелеп жеткізу білігін бағалау.	117–118-сабақтар. Табиғатқа саяхат. Бб дыбысы мен әрпі 1. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс ұйымдастырыңыз. «Әсем табиғат» тақырыбына мәтін құратыңыз. Алдымен оқулықтағы сұрақтарға оқушылардан толық жауап алыңыз. Әрі қарай оқушыларға өз қалаулары бойынша, сюжетті суретті басшылыққа алдырып мәтін құрастыруына ықпал етіңіз.	Оқулық
3.10 Грам- мати- калық норма- ларды сақтау.	1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және оларды қолдана білу.	(МК; Ө; Ж; К) Заттың атын білдіретін сөздерді ажырату, сұрақ қою білігін бағалау.	2. Оқушыларға көбелек қонған заттарды атату. Оларға дыбыстық-буындық талдаулар жасатыңыз. «Бұларды бір сөзбен не дейді?» сұрағына жауап алыңыз. Сөздерді дәптерлеріне жазғызып, қатені табу және түзету мақсатында жұппен жұмыс жасатыңыз. Сөздерді қатыстырып, сөйлем құратуға болады. Мұғалімнің сыйы ретінде тақырып мазмұнын ашатын жұмбақтар жасырып, өлеңдер оқып беруге болады.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар https://www.Google.kz детские сюжетные картинки
1.5 Түрлі жағдаят- тарда тілдік норма- ларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.	(МК; Ж; К) Түрлі жағдаяттарда тілдік норма- ларды дұрыс қолданып, диалог құра алу білігін бағалау.	3. Диалогке қатыстыру, түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдануға үйрету үшін оқулықтағы балалардың бірі жаңбыр, екіншісі бақбақ болып сұхбаттасуға берілген тапсырманы ретін сақтай отырып, жұптық тапсырма тұрғысында ұйымдастырыңыз. Егер	

			мүмкіндік болса, сахна киімін кигізсе дұрыс болады. Балалар өзара рөлді бөліп алып, не айту керектігін ақылдасып алады. Бұл тапсырманы орындау барысында балалар ортада өзін еркін ұстауға, этикет сөздерді орынды қолдануға үйренеді.	Сахна киімін дайындау
3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Т; К) Ұсынылған суреттерді қолданып коллаж жасап, жай сөйлемдер құрай алу, өз іс-әрекеттеріне кері байланыс жасау білігін бағалау.	4. Оқушыларды ойындар арқылы сөйлем құрастырып айтуға жаттықтырыңыз. Табиғат жайлы білетіндерін айтқызу мақсатында «Өзің тұрған жер несімен көрікті?» тақырыбында шағын топтарға «Коллаж» құрастыртыңыз. Қажетті материалдарды таратып беріңіз. Жұмыстарын топта жариялатып, дәлелдеулер жасатыңыз. Бір-бірінің жұмысын «Қол белгісі» әдісі арқылы бағалатып, рефлексия жасатыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz детские сюжетные картинки Тақырып мазмұнына суреттер, түрлі түсті қарындаштар, желім дайындау
3.8 Каллиграфиялық, графикалық нормаларды сақтау.	1.3.8.1 Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтап, әріп элементтерін каллиграфиялық талаптарға сай жазу.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Дәптердің 23-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Оқушылар суреттегі заттардың атауын тапқызып, оларға дыбыстық талдау жасатып, буын санын анықтатыңыз. Суреттегі сөздерді жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ө; К) «Х» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.	119–120-сабақтар. «Х» еліне саяхат. Х дыбысы мен әрпі «Х» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Х» дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жүргізіңіз. <i>Хат</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www.Google.kz картинки

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; К) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз. Оқушылар «хана» сөзіне түрлі қосымшаларды жалғау арқылы жаңа сөздер шығарады: асхана, кітапхана, т.с.с.	Оқулық
2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.	1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.	(МК; Ө; К) Өлеңдегі негізгі ойды, автордың не туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалау.	2. Оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқып беріңіз. Өлеңдегі негізгі ойды, автордың не туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалауды жүзеге асырыңыз. Өлең желісі бойынша сұрақтар қоя отырып, мазмұндатыңыз. Өлеңге ат қойғызыңыз.	Оқулық
3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Ж; К) Сұрақтар бойынша болжай алу білігін бағалау.	Оқушылардың сұрақтар бойынша болжай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Сұрақтардың жауабын болжатып, диалогті рөлге бөліп оқытыңыз. «Кітапхана» сөзіне дыбыстық-буындық талдаулар жасатыңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың Хх әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс

<p>2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.</p>	<p>1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.</p>	<p>(МК; Ө; Қ) «h» дыбысы мен әрпін ажырата алу, әріпті дыбыспен сәйкестендіру білігін бағалау.</p>	<p>121–122-сабақтар. Қаһарлы не, қаһармен кім? h дыбысы мен әрпі «h» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «h» дауыссыз екенін, ол сөздің ортасында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен, <i>қаһарман, айдаһар</i> сөздерінің мағынасымен жұмыс жасап, сөйлем құратыңыз. <i>Айдаһар</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки</p>
<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану.</p>	<p>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p>	<p>(МК; Ұ; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.</p>	<p>1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз. <i>«Аты мәшһүр жаһанға, Бауыржан ата – қаһарман».</i> Оқушыларға мәнерлеп оқытып, сөздік жұмысын ұйымдастырыңыз. Қосымша ақпарат. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға Бауыржан Момышұлы туралы видео көрсетіңіз. YouTube (https://www.youtube.com Бауыржан Момышұлы Видео) сайтынан видеоны қалауыңыз бойынша таңдап алыңыз.</p>	<p>Оқулық https://www.youtube.com Бауыржан Момышұлы Видео</p>
<p>2.2 Оқылған мәтіннің мазмұнын түсіну.</p>	<p>1.2.2.1 Мәтінде автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну.</p>	<p>(МК; Т; Қ) Мәтіндегі негізгі ойды түсініп, автордың кім (не) туралы айтқысы келгенін түсіну білігін бағалау.</p>	<p>2. Оқушыларға мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Мәтіннің негізгі идеясын тапқызып, әрі қарай өздеріне толықтыртыңыз. Дереккөздермен жұмыс жасап, жиһанкез туралы ақпарат іздетіңіз.</p>	<p>Оқулық</p>

3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Т) Сюжетті суреттердің көмегімен ертегінің не туралы екенін болжап, сұрақтарға жауап беріп, ертегіні аяқтау. Адам мен қарлығаштың достығы туралы өз ойын білдіру.	3. Сюжетті суреттер арқылы қай ертегі екенін тапқызыңыз. Оқушыларға «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» тақырыбындағы ертегінің мазмұнын айтқызыңыз. Ертегіні құрастыртуда адам мен қарлығаштың достығы туралы оқушылардың айтуына ықпал етуді ұмытпаңыз. Оқушылар суреттерге қарап, қай ертегі екенін табады. Сурет бойынша әңгімелемес бұрын сұрақтар қойылады: Айдаһар жан-жануарларға қандай тапсырма берді? Түлкі дүниедегі ең тәтті нәрсеге нені жатқызды? Айдаһар дүниедегі ең тәтті нәрсені тауып келуге нені жұмсады? Масаға не жолықты? Маса оған не деп мақтанды? Қарлығаш масаға не істеді? Неліктен маса айдаһарға түсіндіре алмай, жылап жіберді? Айдаһар қарлығашқа не үшін ұмтылып, құйрығын тістеп үлгерді? т.с.с.	Оқулық
3.11 Пунктуа-циялық норма-ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>h</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Ұ; Т; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	123-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? 1. Оқушылардың нәтиже сабақта бөлім бойынша алған білім, білік, оқу және қатысымдық дағдыларын өзі тексеру, өзін-өзі түзету, өзін-өзі бағалау жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Бөлім бойынша түзілген	Оқулық

			<p>«Мен не үйрендім?» нәтиже сабағында «Саяхат» лексикалық тақырыбы бойынша алған білімі мен қалыптасқан тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының деңгейі түрлі тапсырмалар арқылы тексеріледі. Оқулықта берілген өлеңді оқытыңыз. Өлеңге тақырып таңдатыңыз. Тыңдалған өлең мазмұны бойынша оқушының пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға пікірін айтып үйрену үшін өлеңді тыңдап немесе оқып болғаннан кейін «Саған өлең ұнады ма? Неліктен? Әсіресе саған не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойылу қажет. Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.</p>	
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Ө; Қ) Әңгімені ретімен баяндай алу білігін бағалау.	2. Оқушылардың алдын ала дайындалған сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айтуын ұйымдастырыңыз. Оқушылар сюжетті суреттерге қарап, сырғанақтың қалай жасалатынын көркемсөз тіркестерін қолданып, баяндап шығуы керек. YouTube сайтынан (https://www.youtube.com) «Қыс қызығы – сырғанақ» Видеосын көрсетіңіз.	https://www.google.kz детские сюжетные картинки каток https://www.youtube.com Қыс қызығы – сырғанақ Видео
3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	Ж10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдана білу.	(МК; Ж; Қ) Сұхбаттасу кезінде сұрақтарға нақты жауап беру білігін бағалау.	3. Сұхбаттасу кезінде тақырыптан ауытқымауын ұйымдастырыңыз. Сюжетті сурет бойынша әңгіме құрастыртыңыз. Ол үшін берілген сұрақтардың жауаптарын болжатыңыз. Сонан соң диалогті сыныптастарымен рөлге бөліп оқытыңыз.	Оқулық https://www.google.kz детские сюжетные картинки

<p>1.4 Оқиғаны болжау.</p>	<p>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.</p>	<p>(Ө; К) Ой ұшқыр- лығын, иллюстра- ция бойынша болжай алу білігін бағалау.</p>	<p>1. Сөзжұмбақты шешудің жолын түсіндіріңіз. «Ойлан, тап» ойынын ойнатыңыз. Текшедегі жасырынған сөзді іздеу жұмысын ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.</p>	<p>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.</p>	<p>(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.</p>	<p>Оқушылардың әріптер мен олар кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Қалауыңыз бойынша дәптермен жұмыс жүргізіңіз. Өтілген әріптерді жазғызыңыз. Буындық, сөздік диктант алыңыз.</p>	<p>Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс</p>

«Сауат ашу» пәні. 1-сынып
6-бөлім. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
Осыған дейін меңгерілген білім
6-бөлім алдыңғы бөлімдер бойынша алынған білім мен дағдыларға негізделеді. Оқушылардың дыбыс, буын, сөз, сөйлем туралы алғашқы ұғымдары мен түсініктері бар; сызба-үлгілерді қолдана отырып, сөзге дыбыстық талдау жасай алады; дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата алады; сөздерді буынға бөлу дағдылары қалыптасқан; өтілген дыбыстар мен әріптерді оқу және жазу машықтары бар.
Контекст (мәнмәтін)
Алтыншы бөлім оқушының салт-дәстүр және ауыз әдебиеті туралы әңгімелеуіне мүмкіндік береді. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті шығармалармен танысу арқылы әртүрлі тақырыптардағы әңгімені жоспарлайды және жазады. Мұғалім белсенді тілдік ортаның құрылуын мүмкін ететін тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым тапсырма үлгілерін қолдана алады.
Қысқаша шолу
Бұл бөлімде оқушылардың оқу әрекетіне деген қызығушылығын дамыту; фонематикалық есту-тыңдауын дамыту; тіл бірліктері (дыбыс, буын, сөз, сөйлем) туралы ұғымдары мен түсініктерін кеңейту; дыбыстық талдау-жинақтау дағдыларын жетілдіру; <i>я, ф, ю, ё, в, э, и, ш, ч, ь, ь</i> әріптері мен таңбаларын меңгерту, әріптердің баспа және жазба түрлерін, бас әріп пен кіші әріпті ажыратуға үйрету; әріптерді, буындарды, сөздерді, сөйлемдерді жазуда каллиграфиялық дағдыларын қалыптастыру; ауызша және жазбаша тілін дамыту арқылы сөйлеу әрекеттерін жетілдіру қарастырылады. Оқушылар ұжымда, топта, жұппен жаңа сабаққа қатысты қойылған проблемалық сұрақтарға жауап іздейді, өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасауды үйренеді. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті туралы әңгімелердің мазмұнын айтады, жоспарлайды және олар туралы әңгіме жазады.

Оқу бағдарлама-сына сілтеме	Оқу мақсаттары	Ұсынылатын оқыту іс-әрекеттері	Мұғалімге арналған ескертпелер (оқыту әдістемесі бойынша)	Оқыту ресурстары
Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті				
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.2 Дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (<i>ь, ь</i> таңбалары мен <i>ф, в, и, ч, ё, ю, я</i>	(МК; Ө; Ұ; К) Дыбыстардың сөздегі қызметін түсініп, қосарлы дыбыстарды дұрыс оқып, жазу білігін бағалау.	124–125-сабақтар. Ұлттық кейіпкерлер туралы не білемін? Яя әрпі «Я» әрпімен таныстырыңыз. «Я» қосарлы дыбыс екенін байқатыңыз. Оның сөз ортасында, аяғында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасап, оқушыларға ауа	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки

	қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу.		райы туралы мәліметтер бере отырып, оқылатын жаңа әріпке («Я әрпі») қатысты тапсырмалар беріңіз. Оқушылар өз ойын айтатындай етіп сұрақтар қойып, бірге талқылауды ұйымдастырыңыз. <i>Шаян</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде тақырып мазмұнын ашатын жұмбақтар жасырып, өлеңдер оқып беруге болады.	http://www.Balalaralemi.kz Жұмбақтар Өлеңдер
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Жаңа сөздердің ішінен өтілетін дыбыс/әріпті таптыру іс-әрекетін ұйымдастырыңыз. «Я»-ны айтқанда қандай дыбыстар естисіз? «Қоян» сөзінде неше дыбыс, неше әріп бар? деген сұрақтар қойып, сөз сызбасын салған кезде қосарлы я әрпін жазуда орфографиялық нормаларды сақтауды үйретіңіз. Мысалы, я әрпі <i>й+а</i> дыбыстарының қосындысынан тұратындығы, ол екі дыбыстың қосарлана айтылуынан жасалғанымен, бір әріппен ғана таңбаланатынын дұрыс ұғындыру қажет. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа	(МК; Ұ; Т; Қ) Мәтін мазмұны бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу	Оқулықта берілген мәтінді оқытыңыз. Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша оқушының пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушылар пікірін айтып үйрену үшін мәтінді тыңдап немесе оқып болғаннан кейін «Саған мәтін ұнады ма? Неліктен? Әсіресе саған	Оқулық

	жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	. білігін бағалау	не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойылу қажет. Алдаркөсе жайында білетінін айтқызыңыз. Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(МК; Ж; К) Іздену жұмысын ұйымдастыра алу білігі бағаланады.	Мәтіннен «я» әрпі кездесетін сөздерді тапқызыңыз. Сөздерді тақтаға жазып, дыбыстық-буындық талдаулар жасатып, қатені табу және түзету жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Сөздерді қатыстырып сөйлем құратуға болады.	Оқулық Тақтамен жұмыс
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мән-дес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ө; Т; К) Берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздерді тауып, ажырату, қолдану білігін бағалау.	2. Әр суретке назар аудартылып, оның не екені таптырылады (тасбақа, қоян). Суреттің астында жазылған сөз оқытылады. Ол сөзге мағынасы қарама-қарсы сөз тауып, дыбыстық талдау-жинақтау жасатыңыз. Мысалы, <i>баяу – тез</i> . Оқушыларға сөйлем құратыңыз. Сөйлем ішінен мағынасы қарама-қарсы сөздерді табу арқылы оқушылар сөздердің мағынасын ажыратуды үйренеді.	Оқулық https://www. Google.kz детские сюжетные картинки
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Т; К) Иллюстрациясы бойынша болжау білігін бағалау.	3. Оқушылардың назарын сюжетті суретке аударыңыз. Мысық неге мияулады? сұрағының жауабын топта талқылап, болжау жасап, дәлелдеулер жасай алуларына бағыт беріңіз.	Оқулық

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Яя</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.2 Дыбыстар- дың сөздегі қызметін түсіну (<i>б, ь</i> таңба- лары мен <i>ф, в, ц, ч</i> дыбыстары, <i>ё, ю, я</i> қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу.	(МК; Ж; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрау білігін бағалау.	126–127-сабақтар. Ұлттық кейіпкерлер туралы не білемін? Фф дыбысы мен әрпі «Ф» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ф» дауыссыз екені, оның сөз ортасында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасап, жаңа сөздермен таныстырыңыз. <i>Телефон</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ө; Қ) Оқулықта берілген сөздер мен өлеңді буындап, тұтастай оқу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз. Оқулықтағы өлеңді мәнерлеп оқытып, мазмұнына талдау жасатыңыз. Оқулықтағы «Қуаттың қылығы дұрыс па?» сұрағына жауап алыңыз. Оқушылардың өз ойын көркем-сөз тіркестерін қолданып жеткізулеріне ықпал етіңіз.	Оқулық

<p>1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.</p>	<p>1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.</p>	<p>(М; Т; К) Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау.</p>	<p>2. Оқушылардың мәтіндегі негізгі ойды анықтап, өз ойын толық жеткізе алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Мәтінді оқушыларға оқып беріп, әрі қарай оқушыларға жалғастыратыңыз. Оқушылардың берілген тапсырма бойынша топта талқылау жұмыстарын жүргізуіне ықпал етіңіз. Жұмыстарын топта жариялатыңыз. Жаңа ақпаратты нақышына келтіріп мәнерлеп оқып беріңіз. Талдау жұмыстарын жүргізіңіз. Қосымша ақпарат. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға YouTube (https://www.youtube.com Алдаркөсе, Қожанасыр Видео) сайтынан Алдаркөсе, Қожанасыр туралы видео көрсетіңіз. Видеоны қалауыңыз бойынша тандап алыңыз.</p>	<p>Оқулық https://www.youtube.com Алдаркөсе Қожанасыр Видео</p>
<p>1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.</p>	<p>1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.</p>	<p>(МК; Т) Сюжетті суреттердің көмегімен мультфильмнің не туралы екенін болжатып, аяқтату.</p>	<p>«Алдаркөсе мен ұры» туралы мультфильмнің желісімен салынған сюжетті суреттер арқылы оқушылардың шағын әңгіме құрауын ұйымдастырыңыз. Мультфильмнің не туралы екендігін фильм кадрлері бойынша қойылған сұрақтарға жауап бергізу арқылы байқатуға болады. Оқушыларға беріледі. Оқушылардың мультфильмді аяқтау тапсырмасы бойынша топта талқылау жұмыстарын жүргізуіне ықпал етіңіз. Жұмыстарын топта жариялатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына</p>	<p>(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және</p>	<p>Оқушылардың <i>Фф</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді</p>	<p>Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс</p>

	тиісті тыныс белгілерін қою.	оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	қолданыңыз. Сөздерді оқытып, дыбыстық талдау жасатып, берілген сызбаларды тиісті түстермен боятыңыз.	
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.2 Дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (<i>ь, ь</i> таңбалары мен <i>ф, в, ц, ч</i> дыбыстары, <i>ё, ю, я</i> қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу.	(МК; Ж; Ө; Қ) Дыбыстардың сөздегі қызметін түсініп, қосарлы дыбыстарды дұрыс оқып, жазу білігін бағалау.	128–129-сабақтар. Кейіпкерлерді сипаттаймын. Юю әрпі «Ю» әрпімен таныстырыңыз. «Ю» қосарлы дыбыс екенін байқатып, таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасап, «Суреттен қандай аңдарды көріп тұрсындар? Ауа райы өзгерген кезде табиғатта қандай өзгеріс болады? Жан-жануарларда өзгеріс бола ма? Суреттегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне қарап не айта аласындар?» сұрақтарына жауап алыңыз. Оқушылар өз ойын айтатындай етіп сұрақтар қойып, бірге талқылауды ұйымдастырыңыз. <i>Юю</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www. Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Жана сөздердің ішінен өтілетін дыбыс/әріпті таптыру іс-әрекетін ұйымдастырыңыз. «Ю»-ды айтқанда қандай дыбыстар естисің? «Аю» сөзінде неше дыбыс, неше әріп бар?» деген сұрақтар қойып, сөз сызбасын салған кезде қосарлы <i>ю</i> әрпін жазуда орфографиялық нормаларды сақтауды үйретіңіз. Мысалы: <i>ю</i> әрпі <i>й+у</i> дыбыстарының қосындысынан тұратындығы, оның екі дыбыстың қосарлана айтылуынан жасалғанымен, бір әріппен ғана таңбаланатынын дұрыс ұғындыру қажет. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық

<p>2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.</p>	<p>1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).</p>	<p>(МК; Ұ; Т; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасау білігін бағалау.</p>	<p>Оқулықта берілген әңгімені оқытыңыз. Мәтінге тақырып таңдатыңыз. Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша оқушының пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға пікірін айтып үйрену үшін мәтінді тыңдап немесе оқып болғаннан кейін «Саған мәтін ұнады ма? Неліктен? Әсіресе саған не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойылу қажет. «Аю қалай озып кетті?» сұрағына оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.6 Тыңдаушының назарын аудару.</p>	<p>1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.</p>	<p>(МК; Ұ; К) Сұрақтарға жауап беріп, сипаттау сөздерін қолданып, дәлелдеулер жасау білігін бағалау.</p>	<p>2. Сұрақтарға жауап беріп, сипаттау сөздерін қолданып, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқушылар заттың атын, сынын білдіретін сөздерді ажырата алуын және орынды қолдана білуін меңгерту жұмыстарын жүргізіңіз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>1.4 Оқиғаны болжау.</p>	<p>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.</p>	<p>(Ұ; Ө; К) Ой ұшқырлығын, мазмұны бойынша болжау білігін бағалау.</p>	<p>Мұғалімнің сыйы ретінде жұмбақтар шештіріңіз. Жұмбақ шештірген соң шыққан сөздердің жауабын тақтаға жаздыртыңыз. Жұмбақтың шешуін қатыстырып сөйлем құратыңыз.</p>	<p>Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар Тақтамен жұмыс</p>

3.10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	1.3.10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және оларды қолдана білу.	(МК; Ө; Қ) Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату, сұрақ қою білігін бағалау.	3. Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырату, сұрақ қою білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойғызып, сөйлемді көшіріп жазғызыңыз.	Оқулықпен жұмыс Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Ө; Қ) Сұрақтардың жауабын суреттерге сүйеніп болжай алу білігін бақылау.	4. Не қайда мекендейді? сұрағының жауабын суреттерге сүйеніп болжай алуына мүмкіндік жасаңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде жұмбақтар шешкізіп, тақпақтар оқып беріңіз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Жұмбақтар Өлеңдер
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау	Оқушылардың <i>Юю</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.2 Дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (<i>б, ь</i> таңбалары мен <i>ф, в, ц, ч</i> дыбыстары, <i>ё, ю, я</i> қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу.	(МК; Ө; Қ) Сөздегі қосарлы дауысты дыбыс түрлерін ажырата алу білігін бағалау.	130–131-сабақтар. Кейіпкерлерді сипаттаймын. Ёё әрпі Оқушылар сөз сызбасын салған кезде қосарлы <i>ё</i> әрпін жазуда орфографиялық нормаларды сақтауды үйретіңіз. Мысалы, <i>ё</i> әрпі <i>й+о</i> дыбыстарының қосындысынан тұратындығы, ол екі дыбыстың қосарлана айтылуынан жасалғанымен, бір әріппен ғана таңбаланатынын дұрыс ұғындыру қажет. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс ұйымдастырыңыз. <i>Фуникулёр</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық

2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Жаңа сөздердің ішінен өтілетін дыбыс/әріпті таптыру іс-әрекетін ұйымдастырыңыз. «Ё»-ны айтқанда қандай дыбыстар естисіз? «Актёр» сөзінде неше дыбыс, неше әріп бар?» деген сұрақтар қойып, сөз сызбасын салған кезде қосарлы ё дыбысын жазуда орфографиялық нормаларды сақтауды үйретіңіз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Т; Қ) Мәтін мазмұны бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	Оқушыларға оқулықта берілген мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Мәтін мазмұны бойынша оқушының пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға пікірін айтып үйрену үшін мәтінді тыңдап немесе оқып болғаннан кейін «Саған мәтін ұнады ма? Неліктен? Әсіресе саған не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойылу қажет. Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; Қ) Ой ұшқырлығын, мазмұны бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Мәтінді мәнерлеп оқытып, актёрдің кімді сипаттап жазғанын тапқызыңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде жұмбақтар шештіріңіз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Жұмбақтар
1.9 Сөздерді, дыбыстарды	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты,	(МК; Т; Қ) Сөздерден сөйлем құрау, қатені табу және	Сөздегі қосарлы дауысты дыбыс түрлерін ажыратуға үйретіңіз. «Ё» әрпі кездесетін <i>актёр, дирижёр</i> сөздері қағаз қиындыларына жазылып, сол бойынша топқа бөліңіз.	

орфо-эпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	түзету білігін бағалау.	Әр топқа А4 көлемді қағазға өз аттарына буындық, дыбыстық талдау жасап, яғни сөз сызбасын салып, тақтаға іледі. Тапсырмаларды орындай отырып, сөздерден сөйлем құрап жазады. Қатені табу және түзету жұмыстарын ұйымдастырыңыз.	Тапсырма жазылған парақтар
3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Ж; К) Сұхбаттасу кезінде сұрақтарға нақты жауап беру білігін бағалау.	3. Оқушылардың сұхбаттасу кезінде тақырыптан ауытқымауын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың назарын мәтінге аудартып, берілген сұрақтардың жауаптарын болжатып, диалогті жалғастырыңыз.	Оқулық
1.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(М;Ұ;К) Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау.	4. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, өз ойын толық жеткізе алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жауабын тапқызып, дирижер туралы білетіндерін сұраңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға YouTube (https://www.youtube.com Дирижёр Видео) сайтынан дирижёр туралы видео көрсетіңіз. Видеоны қалауыңыз бойынша таңдап алыңыз.	Оқулық YouTube https://www.youtube.com Дирижёр Видео
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Ёё</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Сөздерді оқытып, буынға бөлдіріп жазғызыңыз. Оқулықтың 105-бетінде берілген тапсырманы көшіртіп жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс

2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ж; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрау білігін бағалау.	132–133-сабақтар. Ұлттық ойын туралы не білемін? Вв дыбысы мен әрпі «В» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «В» дауыссыз екені, оның сөз басында, ортасында келу үлгілері көрсетіледі. Таңбасы үйретіледі. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасап, жана сөздермен таныстырыңыз. <i>Велосипед</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Жұмбақтар https://www.Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Әли мен Мерейдің диалогін мәнерлеп оқып беріңіз. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық https://www.Google.kz картинки
2.4 Мәтін-дегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәндес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ө; Қ) Берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы, мәндес, көп мағыналы сөздерді тауып, ажырата алу, қолдану білігін бағалау.	2. Мәтінді мәнерлеп оқыту арқылы сұраққа жауап берулерін ұйымдастырыңыз. Оқулықтағы тапсырма бойынша оқушыларға ұлттық ойынның атын анықтауға ықпал етіңіз.	Оқулық https://www.Google.kz детские сюжетные картинки
1.2 Мәтін-нің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау.	1.1.2.1 Мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау.	(М;Ұ;Қ) Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу білігін бағалау.	Оқушыларды энциклопедиямен таныстырыңыз. Сұрақтың жауабын дереккөздер арқылы табуына мүмкіндік жасаңыз. Қосымша ақпарат. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға YouTube (https://www.youtube.com Велосипед шығу тарихы Видео) сайтынан велосипедтің шығу тарихы туралы видео көрсетіңіз. Видеоны қалауыңыз бойынша тандап алыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Энциклопедия https://www.youtube.com Велосипед шығу тарихы Видео

1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(Ұ; Қ) Ой ұшқырлы- ғын, мазмұны бойынша болжай алу білігін бағалау.	3. Жұмбақ шештіріп, шыққан сөздердің жауабын тақтаға жаздырыңыз. Жұмбақтың шешуін қатыстырып сөйлем құратыңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде жұмбақтар шештіріңіз.	Оқулық http://www. Balalaralemi. kz Өлеңдер Жұмбақтар Тақтамен жұмыс
3.9 Орфо- графия- лық норма- ларды сақтау.	1.3.9.2 Мұғалімнің көмегімен сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдау- ға болмайтын сөздерді ажырату.	(МК; Ө; Қ) Сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату білігін бағалау.	4. Оқулықта берілген сөздерді оқытып, дыбыстық-буындық талдаулар жасатыңыз. Сөздерді тиісті вагондарға орналастырып жазғызыңыз. Бір сөзге сөйлем құратыңыз.	Оқулық Дәптер
3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- ыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Вв</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Дәптердің 32-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Әріптерден сөз құрап, жазу керек. Мысалы: <i>паровоз, автобус.</i>	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестенді- ру.	(МК; Ж; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	134-сабақ. Ұлттық ойын туралы не білемін? Ә дыбысы мен әрпі «Ә» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ә» дауысты екенін, оның сөз басында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. <i>Экскаватор</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www. Balalaralemi. kz https://www. Google.kz картинки

1.1 Тыңдалған материалдың мазмұнын түсіну.	1.1.1.1 Тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем, мәтін) ажырату, тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну.	(МК; Ө; К) Мәтіндегі негізгі ойды түсінуін, сұрақтарға жауап бере отырып, іздену жұмыстарында белсенділік таныту білігін бағалау.	1. Оқушыларға Әли мен Мерейдің диалогін мәнерлеп, рөлге бөліп оқытыңыз. Өздері білетін ұлттық ойындары туралы, ойын ережелері жайында айтқызыңыз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасатыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; К) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	2. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиганың ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ө; К) Оқиганың ретін сақтай отырып баяндау білігін бағалау.	Оқулықтағы берілген Мерей мен Әлидің диалогін мәнерлеп оқыңыз. Оқиганың ретін сақтай отырып баяндатыңыз. Ұлттық ойындар туралы әңгіме жүргізіңіз. Қосымша ақпарат. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға YouTube (https://www.youtube.com Әли мен Айя. Санамақ Видео) сайтынан санамақ ойыны туралы видео көрсетіңіз. Видеоны қалауыңыз бойынша таңдап алыңыз.	Оқулық https://www.youtube.com Әли мен Айя Санамақ Видео
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.	Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою. Оқушылардың әріптер мен олар кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз.	Дәптермен жұмыс

1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(Ұ; Қ) Ой ұшқырлы- ғын, мазмұны бойынша болжай алу білігін бағалау.	135-сабақ. Ұлттық ойын туралы не білемін? Ә дыбысы мен әрпі 1. Мәтінді оқытыңыз. Ойынды сынып оқушыларымен ойнатып, әрі қарай өздеріне жалғастыртыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Т; Қ) Оқу түрлерін қолдану білігін бағалау.	2. Оқулықтағы мәтінді оқушыларға оқытыңыз. Элеватор туралы қосымша ақпараттар беріңіз. Сызбаға сәйкес қырман басындағыларға қандай жылы лебіз білдіруге болатынын тапқызыңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.	Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою. Оқушылардың әріптер мен олар кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Сұраққа жауап беретін тиісті сөзді тапқызып, дәптерге көшіртіп жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(МК; Т; Қ) Сұрақтардың жауабын тірек сөздерге сүйеніп болжай алу білігін бақылау.	136-сабақ. Ұлттық ойын туралы не білемін? Ә дыбысы мен әрпі 1. Өлең ұйқасымен жұмыс жасатыңыз. Ол үшін «Электр қуатын кім пайдаланады?» сұрағына жауап болатын сөзді тапқызыңыз.	Оқулық
3.5 Мәтінді түрлі формада қарас- тыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер	(МК; Ө; Қ) Сұрақтардың жауабын суреттерге сүйеніп дереккөздер арқылы	2–3. Мәтінмен жұмыс ұйымдастырыңыз. Оқушыларды энциклопедиямен таныстырыңыз. Кейбір сұрақтардың жауабын дереккөздер арқылы табуына	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Энцикло- педия

	қолдана отырып, жай сөйлемдер/ мәтін құрастыру және жазу.	табу білігін бағалау.	мүмкіндік жасаңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде <i>эскимостар</i> туралы оқып беріңіз. Оқушылардың назарын мәтінге аудартып, диалогті жалғастыртыңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(МК; Ұ; Қ) Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, сәйкестендіру білігін бағалау.	4. Суреттегі сөздердің басқы әріптерінен сөзжұмбақтың шешуі шығады. Шешуі: <i>экипаж</i> . «Сөздерден сөйлем құра» тапсырмасы бойынша белгілі бір уақыт белгіленіп, сол уақыт ішінде сөздерден сөйлем құрауды «Кім жылдам?» ойыны арқылы ұйымдастырыңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.	Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою. Оқушылардың әріптер мен олар кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз.	Дәптермен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ж; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	137–138-сабақтар. Ойын ережесі деген не? Ци дыбысы мен әрпі «Ц» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ц» дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіңіз. Таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасап, жаңа сөздермен таныстырыңыз. <i>Цирк</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді	Оқулық https://www.Google.kz картинки

	кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.		хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ө; К) Мәтіннің тақырыбын, басын, ортасын және соңын анықтай алу білігін бағалау.	Мәтінді мәнерлеп оқыту арқылы сұраққа жауап берулерін ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген сұрақтарға жауап алу жұмыстарын жүргізіңіз. Ойын ережесі туралы жаңа ақпарат беріңіз.	Оқулық
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(МК; Ұ; К) Сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату білігін бағалау.	Оқулықта берілген сөздерді тақтаға жазғызыңыз: <i>цирк, концерт, цех, цемент</i> . Бір сөзге сөйлем құратыңыз. Қатені тауып, түзету жұмысын ұйымдастырыңыз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(МК; Т; К) Дыбыс түрлерін ажырату, буынға бөлу, сәйкестендіру білігін бағалау.	2. Оқушыларға сандардың ретіне сәйкес әріптерді орнына қойып, сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Шешуі: <i>ханталапай</i> . Ойын ережесін топта талқылап, бір-біріне түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Қосымша ақпарат. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға YouTube (https://www.youtube.com Открытие акции «Ханталапай» Видео) сайтынан «Ханталапай» ойыны туралы видео көрсетіңіз. Видеоны қалауыңыз бойынша таңдап алыңыз.	Оқулық Открытие акции « https://www.youtube.com Открытие акции «Ханталапай» Видео

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Цц</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. <i>Ц</i> дыбысы мен әрпі кездесетін сөздерді сызбаға жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.1 Әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру.	(МК; Ж; Ө; К) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	139–140-сабақтар. Ойын ережесін құра аламын. <i>Шш</i> дыбысы мен әрпі «Ш» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ш» дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасап, жаңа сөздермен таныстырыңыз. <i>Ащы</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық https://www. Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; К) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз. Мәтінді оқытып, мазмұнымен жұмыс жүргізіңіз. Оқушылардың «ашы», «тұщы» сөзінің мағыналарын дереккөздерден анықтауына мүмкіндік жасаңыз. Мәтіннен мағынасы қарама-қарсы, мәнделес, көп мағыналы сөздерді таптырыңыз.	Оқулық http://www. Balalaralemi. kz https://www. Google.kz картинки

2.4 Мәтін-дегі сөздердің мағынасын түсіну.	1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мәнделес, көп мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату.	(МК; Ж; К) Қарама-қарсы мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату білігін бағалау.	2. Қарама-қарсы мағыналы сөздердің мағыналарын ажырату білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Мақалды оқытып, талқылау жұмыстарын жүргізіп, мағынасына талдау жасауларына ықпал етіңіз.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(МК; Т; К) Сұрақтардың жауабын тірек сөздерге сүйеніп болжай алу білігін бақылау.	3. Оқулықтағы ойынның шартын оқытып, талдау жасатыңыз. Қай топ дұрыс әрі тез орындаса, сол топ жеңіске жетеді. 4. 3-тапсырмадағы ойынның шартын басшылыққа алып, «Күн мен түн» ойынының ережесін топта құрауларына ықпал етіңіз.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Щш</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазудағы қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Оқулықтың 111-беттегі, 1-тапсырманы орындатыңыз. <i>Ащы, тұщы</i> сөздерін қатыстырып, сөйлем құратып жазғызыңыз. Дәптердің 38-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Сөздерді оқытып, дыбыстық талдау жасатып, берілген сызбаларды тиісті түстермен боятыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс

<p>2.9 Дыбыспен әріпті тану және ажырату.</p>	<p>1.2.9.2 Дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (б, ь таңбалары мен ф, в, ц, ч дыбыстары, ё, ю, я қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу.</p>	<p>(МК; Ж; Ө; К) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.</p>	<p>141-сабақ. Ойын ережесін құра аламын. Чч дыбысы мен әрпі «Ч» дыбысы және әрпімен таныстырыңыз. «Ч» дауыссыз екенін, оның сөз басында, ортасында келу үлгілерін көрсетіп, таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасап, жаңа сөздермен таныстырыңыз. <i>Чек</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки</p>
<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану.</p>	<p>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p>	<p>(МК; Ж; К) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.</p>	<p>1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.</p>	<p>Оқулық https://www.Google.kz картинки</p>
<p>2.1 Оқу түрлерін қолдану.</p>	<p>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.</p>	<p>(МК; Ө; К) Оқулықта берілген ертегіні буындап, тұтастай оқу білігін бағалау.</p>	<p>2. Оқулықтағы ертегіні рөлге бөліп, мәнерлеп оқытып, мазмұнына талдау жасатыңыз. Оқулықтағы қосымша сұрақтарға жауап алыңыз. Оқушылардың өз ойын көркемсөз тіркестерін қолданып жеткізулеріне ықпал етіңіз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.</p>	<p>1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).</p>	<p>(МК; Ө; Ж; К) Спорт чемпиондары туралы ақпаратты дереккөздер арқылы табу білігін бақылау.</p>	<p>Қосымша тапсырма. Оқушылардың атақты спорт чемпиондары туралы ақпараттарды дереккөздер арқылы табуына мүмкіндік жасаңыз. Оларды оқытып, талдау жасатыңыз. Дереккөздерден тапқан материалдарының қажетті жерлерін дәптерлеріне көшіртіңіз. Жүппен жұмыс жасатып, қатені табу және түзету жұмыстарын ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Кітаптар</p>

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; Қ) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>Чч</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Дәптердің 39-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Сюжетті суретті басшылыққа алып, сызбаға сәйкес келетін мәтін құрастыртыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.2 Дыбыстар- дың сөздегі қызметін түсіну (<i>б, ь</i> таңба- лары мен <i>ф, в, ц, ч</i> дыбыстары, <i>ё, ю, я</i> қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу.	(МК; Ж; Ө; Қ) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрай алу білігін бағалау.	142-сабақ. Ойын ережесін құра аламын. ь таңбасы «Ь» таңбасымен таныстырыңыз. Оның сөз ортасында, аяғында келу үлгілерін көрсетіңіз. «Ь» таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасап, жаңа сөздермен таныстырыңыз. <i>Коньки</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www. Balalaralemi. kz https://www. Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; Қ) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық http://www. Balalaralemi. kz https://www. Google.kz картинки
1.8 Берілген тақы- рыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(МК; Ө; Қ) Оқулықта берілген суреттерді қатыстырып, әңгіме құрау білігін бағалау.	2. Оқулықтағы тапсырманы оқытыңыз. «Наурыз мерекесі туралы не білесіңдер?» сұрағына жауап алыңыз. Сюжетті суреттердің желісі бойынша «Наурыз мерекесі» тақырыбына әңгіме құрастыртыңыз. Оқушылардың өз ойын көркемсөз тіркестерін қолданып	Оқулық https:// www.youtube. com Наурыз мейрамы Видео

			жеткізулеріне ықпал етіңіз. Қосымша ақпарат. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға YouTube https://www.youtube.com (Наурыз Видео) сайтынан «Наурыз мейрамы» туралы видео көрсетіңіз. Видеоны қалауыңыз бойынша таңдап алыңыз.	
3.6. Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.	(МК; Т; Қ) Құттықтау хат жаза алу білігін бағалау.	3. Мәтінді оқушыларға мәнерлеп оқытып, негізгі ойды анықтатыңыз. Асылға көмектесу мақсатында құттықтау хат жазу жұмысын ұйымдастырыңыз. Мысалы: Құрметті ата! Сізді кәсіби мерекенізбен құттықтаймын! Деніңіз сау болсын! Немереңіз Асыл, т.с.с.	Мысал ретінде үлгілер әзірлеу
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Ө; Ж; Қ) Альпинист туралы ақпаратты дереккөздер арқылы табу білігін бақылау	Оқушылардың альпинист туралы ақпараттарды дереккөздер арқылы табуына мүмкіндік жасаныз. Оларды оқытып, талдау жасатыңыз. Дереккөздерден тапқан материалдарының қажетті жерлерін дәптерлеріне көшіртіңіз. Жүппен жұмыс жасатып, қатені табу және түзету жұмыстарын ұйымдастырыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Кітаптар
Ж10 Грамматикалық нормаларды сақтау.	Ж10.1 Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алады және орынды қолдана біледі.	(МК; Т; Қ) Заттың атын, санын, сынын, қимылын білдіретін сөздерді ажырата алу және орынды қолдану білігін бағалау.	Оқушыларға өздері жазған құттықтау хаттан заттың атын білдіретін сөздерді тауып, астын сызу керектігін түсіндіріңіз. Оларға сұрақ қойғызыңыз.	Оқулық

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір- бірімен дұрыс байланыс- тыру және оларды ги- гиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.	Оқушылардың <i>ь</i> таңбасы кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
2.9 Дыбыс пен әріпті тану және ажырату.	1.2.9.2 Дыбыстардың сөздегі қызметін түсіну (<i>ь, ь</i> таңбалары мен <i>ф, в, ц, ч</i> дыбыстары, <i>ё, ю, я</i> қосарлы дыбыстары) және дұрыс оқу.	(МК; Ұ; Ө; К) Дыбыстарды ажырату, сөздерді буындап, дыбыстық талдау жасап, сюжетті сурет бойынша сөйлем құрау білігін бағалау.	143-сабақ. Ойын ережесін құра аламын. ь таңбасы « <i>ь</i> » таңбасымен таныстырып, таңбасын үйретіңіз. Оқулықтағы сюжетті суретпен жұмыс жасап, жаңа сөздермен таныстырыңыз. <i>Разъезд</i> сөзіне дыбыстық талдау жасатыңыз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; К) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	1. Оқулықта берілген сөздерді буындап, тұтастай оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Кестедегі сөздерді оқытуды жүзеге асырыңыз. Сөздерді хормен, тізбектей, жеке оқытып, сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық https://www.Google.kz картинки
3.6. Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.	(МК; Ө; Ж; К) Құттықтау хат жаза алу білігін бағалау.	Мәтінді оқушыларға мәнерлеп оқытып, негізгі ойды анықтатыңыз. Балаға көмектесу мақсатында хатты жалғастырып жазу жұмысын ұйымдастырыңыз. Жұппен жұмыс жасатып, қатені табу және түзету жұмыстарын ұйымдастырыңыз.	Оқулық Мысал ретінде үлгілер әзірлеу

<p>1.4 Оқиғаны болжау.</p>	<p>1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.</p>	<p>(МК; Т; К) Ой ұшқырлығын, мазмұны бойынша болжай алу білігін бағалау.</p>	<p>2. «Ойлан, тап» ойынын ойнатыңыз. Оқушыларға оқулықта берілген тапсырманы оқытып, ұлттық ойынның аттарын тапқызыңыз.</p> <p>3. Тапқан ұлттық ойындарының бірімен ойын ережесін құрастыртып, жариялатыңыз. Қосымша ақпарат. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға YouTube (https://www.youtube.com Тенге ілу Видео) сайтынан «Тенге ілу» туралы видео көрсетіңіз. Видеоны қалауыңыз бойынша таңдап алыңыз.</p>	<p>Оқулық https://www.youtube.com Тенге ілу Видео</p>
<p>3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.</p>	<p>(МК; Ө; К) Бас әріптер мен кіші әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстыру және оларды гигиеналық талаптарға сай жазу білігін бағалау.</p>	<p>Оқушылардың 8 таңбасы кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылардың әріптерді жазу дағдыларын қалыптастыруда бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданыңыз. Оқулықтың 114-бетіндегі хатты аяқтатып жазғызыңыз.</p>	<p>Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс</p>
<p>1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.</p>	<p>1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).</p>	<p>(МК; Ө; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.</p>	<p>144-сабақ. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім? «Өзім туралы» тақырыбы бойынша</p> <p>1. Оқулықта берілген өлеңді оқытыңыз. Өлеңге тақырып таңдатыңыз. Тыңдалған өлең мазмұны бойынша оқушының пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға пікірін айту үшін өлеңді оқып болғаннан кейін «Саған өлең ұнады ма? Неліктен? Әсіресе саған не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойылу қажет. Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>

2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ө; К) Сұраққа жауап беру білігін бағалау.	2. Оқушыларға оқулықта берілген сұрақтарды оқытып, толық жауап алыңыз. Іздену жұмысын ұйымдастырыңыз.	Оқулық
2.1 Оқу түрлерін қолдану.	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	(МК; Ж; К) Оқу түрлерін қолдана алу білігін бағалау.	3. Оқулықта берілген мәтінді мәнерлеп оқу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Қарамен берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздерді тапқызыңыз. Сөздік, буындық-дыбыстық талдау жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz https://www.Google.kz картинки
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	(Ө; К) Сөйлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолданып рөлде ойнай алу білігін бағалау.	Оқушылардың сөйлеу барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолданып, өзі туралы толық ақпарат айта алуын ұйымдастырыңыз.	Қосымша тапсырма
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.	(МК; Ө; К) Мәтіндегі негізгі ойды анықтай алу, этикет сөздерді қолданау арқылы диалог құрай алу білігін бағалау.	4. Оқулықтағы берілген өлеңді мәнерлеп оқыта отырып, сұраққа жауап іздету жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Кері байланыс жасатып, дәлелдетіңіз.	Оқулықпен жұмыс

3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Ө; К) Өзі туралы коллаж жасай алу білігін бағалау.	Оқушыларға өзі туралы коллаж жасатуға негізделген жұмыс түрлерін ұйымдастырыңыз. Оқушылар өзінің болашағы туралы да коллаж жасай алатынын айтып, кеңес беріңіз. Коллажды құрастыруда өлеңдер, мақалдар жазуға болады. Жұмыстарын қорғатыңыз.	Суреттер, плакаттар
3.11 Пунктуа-циялық норма-ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөй-лем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген сұрақтарды оқытып, жауап жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.7 Тыңдал-ған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөй-леммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Ө; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	145-сабақ. Мен не үйрендім? «Менің мектебім» тақырыбы бойынша 1. Оқулықта берілген өлеңді оқытыңыз. Тыңдалған өлең мазмұны бойынша оқушының пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға пікірін айтып үйрену үшін өлеңді тыңдап немесе оқып болғаннан кейін «Саған өлең ұнады ма? Неліктен? Әсіресе саған не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойылу қажет. Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.	Оқулық
1.5 Түрлі жағдаят-тарда тілдік норма-ларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттар-да этикет сөздерін қолдана білу.	(МК; Ө; К) Мақалдағы негізгі ойды анықтай алу, этикет сөздерді қолдану арқылы мазмұнын жеткізе алу білігін бағалау.	2. Оқулықтағы берілген тапсырмаларды орындатып, мақалды мәнерлеп оқытып, негізгі ойды анықтатыңыз. Көркемсөз тіркестерін қолдану арқылы мазмұнын жеткізу жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Кері байланыс жасатып, дәлелдетіңіз.	Оқулықпен жұмыс

<p>3.6. Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.</p>	<p>1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.</p>	<p>(МК; Ж; К) Құттықтау хат жаза алу білігін бағалау.</p>	<p>Оқушылардың бөлім бойынша игерген білімдерін пысықтатып, ұстазына алғыс хат жазу жұмысын ұйымдастырыңыз. Жұппен жұмыс жасатып, қатені табу және түзету жұмыстарын ұйымдастырыңыз.</p>	<p>Мысал ретінде үлгілер әзірлеу</p>
<p>2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.</p>	<p>1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).</p>	<p>(МК; Т; К) Мәтін мазмұны бойынша сұрақ дайындау білігін бағалау.</p>	<p>3. Мәтінді мәнерлеп оқытыңыз. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар дайындатыңыз. Дайындаған сұрақтарын оқытып, талдау жасатыңыз.</p>	<p>Оқулық</p>
<p>3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.</p>	<p>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.</p>	<p>(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.</p>	<p>Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген сұрақтарды оқытып, жауап жазғызыңыз.</p>	<p>Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс</p>
<p>1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.</p>	<p>1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).</p>	<p>(МК; Ө; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.</p>	<p>146-сабақ. Мен не үйрендім? «Менің отбасым және достарым» бөлімі бойынша 1. Оқулықта берілген өлеңді оқытыңыз. Өлеңге тақырып таңдатыңыз. Тыңдалған өлең мазмұны бойынша оқушының пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға пікірін айтып үйрену үшін өлеңді тындап немесе оқып болғаннан кейін «Саған өлең ұнады ма? Неліктен? Әсіресе</p>	<p>Оқулық</p>

			саған не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойылу қажет. Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.	
1.5 Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдану.	1.1.5.1 Түрлі жағдаяттарда этикет сөздерін қолдана білу.	(МК; Ж; К) Сұраққа нақты жауап беріп, этикет сөздерді қолданып, сөйлем құрай алу білігін бағалау.	Сөздерді оқытып, дыбыстық-буындық талдау жасап, оқулықтағы сұрақтарға жауап алу жұмыстарын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың сұрақтарға жауап беру барысында бір-біріне этикет сөздерді қолданып, жұмыс жасауын ұйымдастырыңыз.	Оқулық https://www.Google.kz детские сюжетные картинки
2.5 Мәтін бойынша сұрақ қоя білу және жауап бере білу.	1.2.5.1 Мәтін иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя білу немесе қойылған сұраққа жауап беру (мұғалімнің көмегімен).	(МК; Ж; Т; К) Мәтін желісі бойынша сұрақтарға жауап беру білігін бағалау.	2. Оқушылардың мәтінді мәнерлеп оқып, оқулықта берілген сұрақтарға жүйелі жауап беруін ұйымдастырыңыз. Диалогті оқушыларға жалғастыртыңыз. Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдануларына бақылау жасаңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Оқулықта берілген сұрақтарды оқытып, жауап жазғызыңыз. Жазу дәптерінің 44-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Оқушылардың өз отбасы туралы жазуына ықпал етіңіз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ұнамайды).	(МК; Ө; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	147-сабақ. Мен не үйрендім? «Менің отбасым және достарым» тақырыбы бойынша 3. Оқулықта берілген өлеңді оқытыңыз. Өлеңге тақырып таңдатыңыз. Тыңдалған өлең мазмұны бойынша оқушының пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға пікірін айтып үйрену үшін өлеңді тыңдап немесе оқып	Оқулық

			болғаннан кейін «Саған өлең ұнады ма? Неліктен? Әсіресе саған не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойылу қажет. Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз.	
1.9 Сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту.	1.1.9.1 Сөздегі дыбыс түрлерін (дауысты, дауыссыз, жуан және жіңішке дауыстылар) ажырату және дұрыс дыбыстау.	(МК; Ө; Ж; Қ) Өз достарын айқындап, түсіндіру, дәлелдеу жасау. Сөздерді дұрыс тасымалдау, тасымалдауға болмайтын сөздерді ажырату білігін бағалау.	4. Өз достарын анықтатып, сызбаны толтыртыңыз. Сөздерді тақтаға жазғызыңыз. Жазған сөздерін оқытып, дыбыстық-буындық талдаулар жасатыңыз. Бір сөзге сөйлем құратыңыз. Жүппен жұмыс ұйымдастыру мақсатында қатені тауып, түзету жұмысын ұйымдастырыңыз.	Оқулық Тақтамен жұмыс
3.6. Түрлі жанрда шығармашылық мәтін жазу.	1.3.6.1 Мұғалімнің көмегімен әртүрлі жанр бойынша (хат, құттықтау хат, хабарлама, нұсқаулық) шағын мәтін/жай сөйлемдер құрап жазу.	(МК; Ж; Қ) Досына хат жаза алу білігін бағалау.	Оқушылардың тарау бойынша игерген білімдерін пысықтатып, досына хат жазу жұмысын ұйымдастырыңыз. Жүппен жұмыс жасатып, қатені табу және түзету жұмыстарын ұйымдастырыңыз.	Оқулық Мысал ретінде үлгілер әзірлеу
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым-қатынас	(Ө; Қ) Әнді айту барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы	5. Әнді айту барысында дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті қолдана алуын ұйымдастырыңыз. Өлеңнің соңғы екі жолын көшіріп жазғызыңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға достық туралы ертегі немесе әңгіме оқып беріңіз.	Мұғалімнің сыйы http://www.Balalaralemi.kz Ертегілер Әңгімелер

	құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	кідірісті қолдана алу білігін бағалау.		
3.11 Пунктуа-циялық норма-ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(Ө; К) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	6. Өлеңнің соңғы екі жолын дәптерлеріне жазғызыңыз. Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазу дәптерінің 45-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Оқушыларға Мерей мен Әлиге хат жазғызыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.7 Тыңдалған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөйлеммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).	(МК; Ө; К) Тыңдалған материал бойынша өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	148-сабақ. Мен не үйрендім? «Бізді қоршаған әлем» тақырыбы бойынша 1. Оқулықта берілген өлеңді оқытыңыз. Өлеңге тақырып таңдатыңыз. Тыңдалған өлең мазмұны бойынша оқушының пікірін айтуға мүмкіндік жасаңыз. Оқушыларға пікірін айтып үйрену үшін өлеңді тыңдап немесе оқып болғаннан кейін «Саған өлең ұнады ма? Неліктен? Әсіресе саған не ұнады немесе ұнамады?» деген сұрақтар қойылу қажет. Оқушылардың өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасауын ұйымдастырыңыз. Оқушылардың өзі тұратын жерінің табиғаты туралы әңгімелеуіне мүмкіндік жасаңыз.	Оқулық
3.5 Мәтінді түрлі формада	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті	(МК; Ө; Ж; К) Бас әріппен жазылатын	2. Ұсынылған тапсырмаларды толықтырып, бас әріппен жазылатын сөздерді айырып жазып, дәлелдеулер жасай алу	Оқулық Дәптермен жұмыс

қарастыру.	сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	сөздерді айыру, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	мақсатындағы жұмыстарды ұйымдастырыңыз. Сөздерді қатыстырып сөйлем құратыңыз. Жүппен жұмыс жасатып, қатені табу және түзету жұмыстарын жүргізіңіз.	
1.3 Тыңдалған материалды мазмұндау.	1.1.3.1 Мұғалімнің көмегімен оқиганың ретін сақтай отырып баяндау.	(МК; Ж; Т; Қ) Оқиганың ретін сақтай отырып баяндау білігін бағалау.	3. Оқушылардың ертегіні мәнерлеп оқып, алдын ала дайындалған сұрақтарға жүйелі жауап беруін ұйымдастырыңыз. Диалог құрау арқылы оқушылардың өз пікірін еркін айтып, этикет сөздерді қолдана алуына ықпал етіңіз. Түрлі жағдаяттарда тілдік нормаларды дұрыс қолдануларына бақылау жасаңыз. 4. Бала алғысын қандай сөзбен білдіргенін оқушыларға тапқызыңыз.	Оқулық
3.11 Пунктуациялық нормаларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Жазу дәптерінің 46-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
1.8 Берілген тақырыпқа әңгіме құрап айту.	1.1.8.1 Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.	(Ө; Қ) Сюжетті суреттің мазмұнын ашып, әңгіме құрау білігін бағалау.	149-сабақ. Мен не үйрендім? «Саяхат» тақырыбы бойынша 1. Оқушылардың назарын сюжетті суретке аудартыңыз. Оқушыларға «автор орындығы» стратегиясын қолданып, ауызша мәтін құрастыртыңыз. Оқушыларға «автор орындығындағы» оқушының мәтінді баяндауын «Қол белгісі» әдісі арқылы бағалатыңыз.	Оқулық

3.5 Мәтінді түрлі формада қарастыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сызба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлемдер/мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Ө; Ж; К) Сюжетті суреттің желісі бойынша шағын мәтін құрастырып жаза алу білігін бағалау.	Сюжетті суреттің желісі бойынша шағын мәтін құрастырып жаза алу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Бас әріппен жазылатын сөздерді айырып жазып, дәлелдеулер жасай алу мақсатындағы жұмыстарды ұйымдастырыңыз. Жұппен жұмыс жасатып, қатені табу және түзету жұмыстарын жүргізіңіз.	Оқулық
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлығын, мазмұны бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Өлеңді оқытып, соңғы сөздің ұйқасын таптырыңыз. Жауабы оқушылардың дәптеріне жаздырылады. Мұғалімнің сыйы ретінде жұмбақтар шештіріңіз.	Оқулық http://www.Balalaralemi.kz Өлеңдер Жұмбақтар
1.6 Тыңдаушының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарымқатынас құралдарын (ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.	(Ө; К) Сұрақтарға жауап беріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	3. Оқушылардан оқулықтағы сұрақтарға жауап алып, саяхатқа қайда барғылары келетіні жайында әңгіме ұйымдастырыңыз. Саяхатқа шығатын жерді таңдауына не себеп болғанына дәлелдеулер жасатыңыз. Мұғалімнің сыйы ретінде оқушыларға саяхат туралы ертегі немесе әңгіме оқып беріңіз.	Мұғалімнің сыйы http://www.Balalaralemi.kz Ертегілер Әңгімелер

3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем	(Ө; К) Әріп эле- менттерін дұрыс, көр- кем жазу бі- лігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау және әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс
	соңына тиісті тыныс белгілерін қою.		Жазу дәптерінің 47-бетіндегі тапсырманы орындатыңыз. Оқушылардың өз отбасы туралы жазуына ықпал етіңіз.	
3.5 Мәтінді түрлі формада қарас- тыру.	1.3.5.1 Тақырыпқа байланысты керекті сөздер, сыз- ба, сурет, белгілер қолдана отырып, жай сөйлем- дер/мәтін құрастыру және жазу.	(МК; Т; К) Өтірік өлең құрастыра алу білігін бағалау.	150-сабақ. Мен не үйрендім? «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» тақырыбы бойынша 1. Оқушыларға өтірік өлеңді оқытып, ұйқасын табу үшін тиісті суреттерді тапқызыңыз. Дәптерлеріне жазғызыңыз. Жүппен жұмыс жасатып, қатені табу және түзету жұмыстарын ұйымдастырыңыз.	Оқулық Дәптермен жұмыс
1.4 Оқиғаны болжау.	1.1.4.1 Мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстра- циясы бойынша болжау.	(Ұ; К) Ой ұшқырлы- ғын, мазмұны бойынша болжай алу білігін бағалау.	2. Суреттерді ататып, қай ойынға қажетті заттар екенін таптырыңыз.	Оқулық
1.7 Тыңдал- ған материал бойынша өз пікірін айту.	1.1.7.1 Тыңдалған мәтінге өз көзқарасын жай сөй- леммен білдіру (ұнайды/ ұнамайды).	(МК; Ұ; Т; К) Өз ойын білдіріп, дәлелдеулер жасай алу білігін бағалау.	3. Өздеріне ұнайтын ойындар туралы айтқызып, дәлелдеулер жасатып, пікір алысуды ұйымдастырыңыз.	

1.6 Тыңдау- шының назарын аудару.	1.1.6.1 Сөйлеу барысында сипаттау / салыстыру сөздерін, вербалды емес қарым- қатынас құралдарын	(МК; Ө; Қ) Әңгімеден алған әсерлерімен ой бөлісу білігін бағалау.	4. Тапсырманы ойын түрінде ұйымдастырыңыз. Ойын шарты бойынша бір оқушы өзіне ұнайтын ойын түрлерін сыныптастарына қимыл арқылы жасырады, сыныптастары қандай ойын екенін табуы керек.	Оқулық
	(ым-ишара, қимыл, дауыс ырғағын, мәнерін, қарқынын, сөз арасындағы кідірісті) қолдану.			
3.11 Пунктуа- циялық норма- ларды сақтау.	1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою.	(Ө; Қ) Әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалау.	Жазу жолын, жоларалық кеңістікті, жолдың жоғарғы және төменгі сызығын сақтау мен әріп элементтерін дұрыс, көркем жазу білігін бағалауды ұйымдастырыңыз. Қосымша тапсырмалар орындатыңыз.	Дәптермен жұмыс Тақтамен жұмыс

ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ САБАҚ ЖОСПАРЫНЫҢ ҮЛГІСІ

САБАҚ: Сауат ашу ТАҚЫРЫБЫ: Менің отбасым. Қ дыбысы мен әрпі. 66–67-сабақтар		МЕКТЕП:	
КҮНІ:		МҰҒАЛІМНІҢ АТЫ-ЖӨНІ:	
СЫНЫП: 1		ҚАТЫСҚАҢДАР САНЫ: _____	ҚАТЫСПАҒАҢДАР САНЫ: _____
ОҚУ МАҚСАТЫ:	1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолданады. 1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді, көп мағыналы сөздердің мағынасын ажырата алады. 1.2.5.1 Мәтіннің иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя біледі немесе қойылған сұраққа жауап береді (мұғалімнің көмегімен). 1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қояды.		
САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ:	Барлық оқушылар білуге тиісті: Сөйлем сызбасын оқи алу. Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою.		
	Оқушылардың көпшілігі білуге тиіс: Тыңдау арқылы және сюжетті суреттің көмегімен мәтінді баяндау, дәлелдеулер жасай алу. Берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы, мәндес, көп мағыналы сөздерді тауып, ажырата алу, қолдану.		
	Кейбір оқушылар білуге тиіс: Көркемсөз тіркестерін орынды қолданып, ойын жүйелі жеткізе алу. Қызықты және сипаттамалық сөз орамдарын орынды қолданып жазу.		
Алдыңғы білімдер	Оқушылар әртүрлі мақсатта жазылған мәтіндерден негізгі ойды анықтап, өз іс-әрекетіне рефлексия жасай алады.		
Жоспар			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Дереккөздер
Сабақтың басы 5 минут 2 минут 3 минут	(МК; Ұ) Шаттық шеңбері: «Ыстық лебіз». Шеңберге жиналып, бір-біріне жылы лебіз, тілек айту. (МК; Ұ) «Ойлан – жұптас – талқыла» стратегиясы. «ББҰ» кестесімен жұмыс.		Көңілді әуен қосып қою «ББҰ» кестесімен жұмыс

	Білемін	Білгім келеді	Үйрендім	
	<p>Кестенің алғашқы екі бөлігін сыныпта талқылап, мұғалімнің көмегімен толтыру.</p> <p>Оқушылардың сабақ соңында сағат тілі бойынша қасында отырған топтағы оқушылардың сабақтағы белсенділігіне, тапсырмаларды орындауына байланысты «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілі бойынша кері байланыс жасайтынын ескертіңіз.</p>			
<p>Сабақтың ортасы 20 минут 5 минут</p>	<p>1.2.1.2 Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолданады.</p> <p>Бағытталған оқу ретін сақтай отырып, әңгімені топта оқу. Мәтінді оқыған кезде сөйлемдегі сызбаларды болжау жасап оқытыңыз.</p> <p>Бағытталған оқу ретін (мәтінге кіріспе, өздігінен оқу, мәтінге қайта оралу, сұрақтарға жауап беру) сақтай отырып, әңгімені топтарға бөліп оқытыңыз. Оқушыларға мәтінді оқып біткеннен кейін, мәтінге қайта оралып, жаңа сөздердің мағынасын болжауды үйретіңіз.</p> <p>(МК; Ө; Қ) Сөйлем сызбасын оқи алу білігін бағалау.</p> <p>1. Сызба және сөздердің көмегімен оқушылардың мәтінді оқуын жүзеге асырыңыз. Мұғалім «Анам ас үйде. Ол қасық, шанышқы алды. Мен атамды тамаққа шақырдым. Қуырдақ жедік. Артынан ыстық шай іштік» мәтінде берілген сөздер мен сызбалар арқылы оқушылардың оқуын ұйымдастырады.</p>			Оқулық
1 минут	<p>Ой сергек!</p> <p>Видеодағы әуен ырғағымен билеу.</p>			Видео
4 минут	<p>1.2.4.1 Мұғалімнің көмегімен қарама-қарсы мағыналы, мағыналас сөздерді, көп мағыналы сөздердің мағынасын ажырата алады.</p> <p>(МК; Ө; Қ) Берілген сөздерге мағынасы қарама-қарсы, мәндес, көп мағыналы сөздерді тауып, ажырата алу, қолдану білігін бағалау.</p> <p>2. Әр суретке назар аудартылып, оның не екені таптырылады (стақан, кесе, үстел). Үстінде жазылып тұрған сөз (суық, астында) оқытылады. Ол сөзге дыбыстық талдау-жинақтау жасалып, оған мағынасы қарама-қарсы сөз табу тапсырылады. Мысалы: <i>суық – ыстық; астында – үстінде.</i></p>			Оқулық

4 минут	<p>1.2.5.1 Мәтіннің иллюстрациясы бойынша сұрақтар қоя біледі немесе қойылған сұраққа жауап береді (мұғалімнің көмегімен).</p> <p>(МК; Т; Қ) Тыңдау арқылы және сюжетті суреттің көмегімен мәтінді баяндау, дәлелдеулер жасай алу біліктілігін бағалау.</p> <p>3. 3. Оқушылардың суреттегі отбасы мүшелерін дастарқан басына дұрыс отырғызуына және не үшін олай отырғызғанын дәлелдеуіне мүмкіндік жасаңыз. Бұл тапсырма «Кім қайда отыруы тиіс?» ойыны арқылы орындалады. Ойынның шарты: отбасы мүшелерін тиісті орындарына отырғызып, не үшін олай отырғызғанын дәлелдеуі тиіс. Мысалы, <i>Атам мен әжем төрде отырады. Өйткені, олар – отбасының үлкендері, т.с.с.</i> Тапсырма топтық жұмыс түрінде ұйымдастырылады. Өтіліп жатқан тақырып төңірегінде өзіндік ой-тұжырым, қорытынды шығарады. Оқушылар топта ортақ шешімге келіп, жұмыстарын топта жариялайды. Қойылған проблемалық сұрақтың жауабын тауып, ой қорытып, көңіл күйді білдіретін «Смайликтер» тәсілі арқылы өз іс-әрекеттеріне рефлексия жасайды.</p>	Оқулық Смайликтер
6 минут	<p>1.3.11.1 Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қояды.</p> <p>(МК; Ө; Қ) Сөйлемді бас әріптен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгісін қою білігін бағалау.</p> <p>Оқушылардың <i>Қ</i> әрпі мен ол кездесетін сөздерді қатесіз әрі көркем жазуын қадағалаңыз. Оқушылар әріптерді жазу барысында бастырып жазу әдісі мен генетикалық әдісті тиімді қолданады.</p>	Дәптермен жұмыс
<p>Қорытынды бөлім 10 минут 4 минут</p> <p>2 минут</p> <p>2 минут</p>	<p>(Т; Қ) Постер жасап, қорғау, талдау. Топ ішінде өз ойларымен бөлісіп, кері байланыс жасау.</p> <p>Топтық жұмыс ұйымдастыру. Оқушылар сыныптағы кітап бұрышын, кеңсе тауарларын пайдаланады. Әр топқа әртүрлі бағыттағы тапсырмалар ұсыну. Тапсырма үлгілері:</p> <ul style="list-style-type: none"> – <i>Мәтін желісі бойынша сурет салыңдар;</i> – <i>Мәтін мазмұны бойынша коллаж дайындаңдар;</i> – <i>Шығарма желісі бойынша сұрақтар дайындаңдар;</i> – <i>Бес жолды өлең құрастырыңдар, т.с.с.</i> <p>Сыныпта ұйымдастырылған бұрышты қолдану. Постер жасау үшін қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету.</p> <p>Топтық жұмыстарын топта жариялау.</p> <p>Топ ішінде өз ойларымен бөлісіп, кері байланыс жасау арқылы ой қорытады.</p>	<p>http://www.balalaralemi.kz</p> <p>Энциклопедия Әңгімелер Тақпақтар Мақал-мәтелдер Ертегілер Жұмбақтар Суреттер</p>

2 минут	<p>«Ойлан – жұптас – талқыла» стратегиясы. «ББҮ» кестесімен жұмыс.</p> <table border="1" data-bbox="404 241 1197 343"> <thead> <tr> <th data-bbox="404 241 671 288">Білемін</th> <th data-bbox="671 241 937 288">Білгім келеді</th> <th data-bbox="937 241 1197 288">Үйрендім</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="404 288 671 343"></td> <td data-bbox="671 288 937 343"></td> <td data-bbox="937 288 1197 343"></td> </tr> </tbody> </table>		Білемін	Білгім келеді	Үйрендім				«ББҮ» кестесімен жұмыс
Білемін	Білгім келеді	Үйрендім							
1 минут	<p>Кестенің үшінші бөлігін мұғалімнің көмегімен сыныпта толтыру. Ұжыммен талқылау. Топта жариялап, диалог құрау арқылы ой бөлісу.</p> <p>Кері байланыс: (МК;Т;К) «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілі арқылы оқушылардың басқа топтарды бағалауын жүзеге асырыңыз. Оқушылар сағат тілі бойынша қасында отырған топтағы оқушылардың сабақтағы белсенділігіне, тапсырмаларды орындауына байланысты екі жетістігін көрсетіп, бір ұсынысын білдіреді. Оқушылардың сабақтағы іс-әрекеттеріне қарай тілек, ұсыныс білдіруді ұмытпаңыз.</p>		Кері байланыс. «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілін қолдануға стикерлер тарату						
Қосымша ақпарат									
<p>Дифференциация: Балаларға қалай көмектесесіз? Қабілетті балаларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау: оқушылардың білімдерін қадағалауды қалай жоспарлайсыз?</p>	<p>Пәнаралық байланыс: денсаулық пен қауіпсіздік АКТ Құндылықтар</p>							
•	•	•							
<p>Бақылау Сабақтың мақсатына жеттім бе? Оқушылар не үйренді? Ынтымақтастық атмосферасы қандай болды? Оқушылар арасындағы дифференциациялау бойынша іс-әрекеттер ұтымды болды ма? Жоспарланған уақытты ұстандым ба? Жоспардан қандай шегіністер жасадым және неліктен?</p>									
<p>Қорытынды бағалау Сабақтың ең ұтымды кезеңдері. 1: 2: Сабақты жақсартуға септігін тигізген екі сәт. 1: 2: Келесі сабақтың өткізілуіне септігін тигізетіндей осы сабақтан сынып және жеке оқушылар жайлы не білдім?</p>									

МАЗМҰНЫ

Түсініктеме	3
Оқулық материалдарының күнтізбелік үлгі-жоспары	11
1-бөлім. Өзім туралы	14
2-бөлім. Менің мектебім.....	60
3-бөлім. Менің отбасым және достарым.....	90
4-бөлім. Бізді қоршаған әлем	108
5-бөлім. Саяхат.....	127
6-бөлім. Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	154
Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі	187

О қ у - ә д і с т е м е л і к б а с ы л ы м

Жұмабаева Әзия Елеупанқызы
Оспанбекова Мейіргүл Несіпбекқызы

САУАТ АШУ
Оқыту әдістемесі

1-бөлім

Жалпы білім беретін мектептің 1-сынып мұғалімдеріне арналған

Редакторы *Ж. Қайранбай*
Көркемдеуші редакторы *М. Нұрбеков*
Техникалық редакторы *Ұ. Рысалиева*
Корректоры *Ү. Бахова*
Компьютерде беттеген *П. Салықбаева*

ИБ №141

Теруге 04.04.2016 берілді. Басуға 25.07.2016 қол қойылды. Пішімі 84x108¹/₁₆. Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.

Әріп түрі «мектептік».

Шартты баспа табағы 20,16. Есептік баспа табағы 11,26. Таралымы 6000 дана. Тапсырыс №1657.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты. 050002, Алматы қаласы,
М. Мақатаев көшесі, 41.